

Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-IV Заңы. Кодекстің 277-бабының 14-тармағында белгіленген ережелерді қоспағанда, күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI Кодексімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Кодекстің 277-бабының 14-тармағында белгіленген ережелерді қоспағанда, күші жойылды - ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қолданушылар назарына!

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін РҚАО мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

РҚАО-ның ескертпесі!

ҚР Заңының қолданысқа енгізілу тәртібін 130-баптан қараңыз.

Осы Заң жер қойнауын пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғауға, жер қойнауын ұтымды әрі кешенді зерттеу мен пайдалануға бағытталған.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) авторлық қадағалау - жер қойнауын пайдаланушының жобалау құжаттарының ережелерін сақтауына жобалау жұмыстарына арналған мердігерлік шартқа сәйкес жобалау құжатын жасаған жобалаушы ұйым жүзеге асыратын мониторинг;

1-1) аз зерттелген жер қойнауы учаскелері – болжамды ресурстарының перспективалары алдын ала бағаланған жер қойнауы учаскелері;

2) айналыстан шыққан қорлар – өндіру процесінде түзілетін іс жүзіндегі ысыраптарды қоса алғанда, өндірілген және мемлекеттік баланстан шығарылатын пайдалы қазбалар қорларының көлемі;

2-1) аукцион – аукционға қатысуға өтінім берген конкурсқа қатысушылар арасынан жеңімпазды айқындаудың оңайлатылған рәсімі;

3) бағалау жұмыстары – табылған кен орнын бағалау, қорларды өнеркәсіптік санаттар бойынша есептеу және оны өнеркәсіптік игеруге тартудың

орындылығын техникалық-экономикалық негіздеу мақсатында жүргізілетін геологиялық-барлау жұмыстарының сатысы;

4) бағалау жұмыстарының жобасы – пайдалы қазбалардың перспективті учаскелері мен көрініс-белгілері табылған жағдайда барлау жүргізу кезінде жасалатын, анықталған кен орнының өнеркәсіптік маңызын геологиялық-экономикалық бағалау, қорларды есептеу және оны өнеркәсіптік игеруге тартудың орындылығын техникалық-экономикалық негіздеу үшін қажетті және жеткілікті ақпарат алуға бағытталған геологиялық-барлау жұмыстарының әдістемесін, түрлері мен көлемін белгілейтін жобалау құжаты;

5) барлау – пайдалы қазбалар кен орындарының өнеркәсіптік маңызын бағалай отырып, оларды іздеумен және геологиялық зерттеумен байланысты жұмыстар (операциялар);

5-1) барлауға арналған үлгілік келісімшарт – барлау құқығы осы Заңға сәйкес оңайлатылған тәртіппен берілетін тұлғамен құзыретті орган бекітетін нысан бойынша жасалатын келісімшарт;

5-2) барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану – барлау және (немесе) өндіру жөніндегі жұмыстардың нәтижесінде түзілетін, барлауға және (немесе) өндіруге арналып бекітілген жобалау құжатына сәйкес өндірістік қалдықтарды көмуге және жиып қоюға арналған жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар;

б) барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану - мұнай мен газды сақтау үшін жерасты немесе топырақ қабатынан төмен тереңдіктегі құрылыстар, тоннельдер, метрополитендер, қорларды жасанды толтыру үшін жер қойнауына жерасты суларын айдауға арналған құрылыстар, қатты, сұйық және радиоактивті қалдықтарды, зиянды улы заттарды көму мен жиып қою және сарқынды әрі өнеркәсіптік суларды жер қойнауына ағызу үшін өңделген қазба қалдықтарының қоймаларын, шөгінді қоймаларын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар;

7) газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу – технологиялық жабдықты қосу-жөнге келтіру, пайдалану, техникалық қызмет көрсету мен жөндеу кезінде, сондай-ақ технологиялық жабдықтың жұмысындағы технологиялық іркілістер, істен шығу мен ауытқулар кезінде оны қайта өңдеудің және (немесе) кәдеге жаратудың техникалық мүмкіндігінің болмауына байланысты газды қайта өңдеудің технологиялық процестері кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды жағу;

8) геологиялық ақпарат – жер қойнауы мен олардың учаскелерінің, кен орындары мен пайдалы қазбалар денелерінің заттай құрамы, геологиялық

құрылысы және тарихы, геологиялық, геохимиялық, геофизикалық, гидрогеологиялық, геоморфологиялық және тектоникалық ерекшеліктері туралы табиғи және жасанды (қағаз, электрондық) және басқа да жеткізгіштердегі ақпаратты қамтитын материалдардың жиынтығы, келісімшарттық аумақтағы геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы мәтіндік, картографиялық және техникалық құжаттама түріндегі мәліметтер;

9) геологиялық бөлу – барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, жер қойнауын пайдаланушы барлау жүргізуге құқылы жер қойнауы учаскесін схемалық және сипаттамалық тұрғыдан айқындайтын қосымша;

9-1) есепке алудың бақылау аспаптары – мұнайды өндіру, шығару, дайындау, өңдеу, тасымалдау, сақтау, өткізу, тиеп-жөнелту, оның ысырабы, оны Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету көлемдерін өлшеуді, сондай-ақ мұнайды есепке алу ақпараттық жүйесінің операторына ақпаратты нақты уақыт режимінде беруді қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамасына сәйкес қолдануға рұқсат етілген техникалық құрылғылар кешені;

10) жағалау жиегі – судың барынша көтерілуі (судың толуы) салдарынан пайда болатын су объектісі жағалауының жиегі;

11) жерасты сулары – жер қойнауында болатын және осы Заң мен Қазақстан Республикасының су заңнамасына сәйкес пайдаланылатын сулар жиналымы;

12) жер қойнауы – топырақ қабатынан төмен орналасқан, ал топырақ қабаты жоқ кезде – жер бетінен және теңіздердің, көлдердің, өзендердің және басқа да су айдындарының түбінен төмен орналасқан, ғылыми–техникалық прогресті ескере отырып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге болатын тереңдікке дейін созылып жатқан жер қыртысының бөлігі;

13) пайдалы қазбалардың нормаланған ысыраптары - деңгейі техникалық-экономикалық есептеулермен негізделген пайдалы қазбаларды өндіру кезінде игерудің қабылданған тәсілдерімен және жүйелерімен технологиялық жағынан байланысты ысыраптар;

14) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган - жер қойнауын геологиялық зерттеу, ұтымды әрі кешенді пайдалану саласында мемлекеттік саясатты іске асыру және бақылау жөніндегі функцияларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

15) жер қойнауын қауіпсіз пайдалану - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

16) жер қойнауын қорғау – Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануға, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде олардың ластануын болғызбауға, осы операциялардың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайтуға, сондай-ақ жер қойнауын заңсыз пайдалануды анықтауға және оның жолын кесуге бағытталған іс-шаралар, оның ішінде бақылау іс-шаралары жүйесі;

17) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу – кешенді геологиялық ақпарат алу және жер қойнауын пайдаланудың ақпараттық негізін құрайтын мемлекеттік геологиялық карталар жасау мақсатында жүйелі өңірлік геологиялық зерттеулер, геологиялық-түсіру жұмыстары; іздеу, іздеу-бағалау және іздеу-барлау жұмыстары; жер қойнауын зерттеу мен пайдалану саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер; жер қойнауы жай-күйінің мониторингі; өздігінен ағып жататын гидрогеологиялық және мұнай ұңғымаларын жою мен консервациялау;

18) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар - жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге, пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге қатысты, оның ішінде жерасты суларын, емдік балшықты барлаумен және өндірумен, жер қойнауын сарқынды суларды ағызу үшін барлаумен байланысты, сондай-ақ барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес, жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар;

19) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге құқықтарды шоғырландыру - Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделеріне қауіп төндіруі мүмкін немесе қауіп төндіретін, бір тұлғаның немесе бір елден шыққан тұлғалар тобының Қазақстан Республикасының аумағындағы келісімшарттарда осындай үлестерді немесе Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдаланушылар болып табылатын ұйымдардың жарғылық капиталдарында (акциялар санымен) осындай қатысу үлестерін иеленуі;

20) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі – жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды және оларды өндірушілерді бақылауға және оның мониторингіне, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді электрондық сатып алуды өткізуге және олардың тізбесін түзуге арналған мемлекеттік ақпараттық жүйе;

21) жер қойнауын пайдалану жөніндегі ұлттық компания (бұдан әрі – ұлттық компания) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы

органдарының шешімі бойынша құрылған, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттарда жер қойнауын пайдаланудың белгілі бір салаларындағы қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

22) жер қойнауын пайдалану құқығы – жер қойнауын пайдаланушының осы Заңға сәйкес сатып алған жер қойнауын иелену және пайдалану құқығы;

23) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер – жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы, сондай-ақ егер осы заңды тұлғаның негізгі қызметі Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдаланумен байланысты болса, осындай жер қойнауын пайдаланушы қабылдайтын шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындау және (немесе) шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар заңды тұлғадағы қатысу үлестері (акциялар пакеттері).

Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерге сондай-ақ акцияларға меншік құқығын растайтын не жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаның, сондай-ақ егер осы заңды тұлғаның негізгі қызметі Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдаланумен байланысты болса, осындай жер қойнауын пайдаланушы қабылдайтын шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындау және (немесе) шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар заңды тұлғаның акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар да жатады;

24) Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды өткізу жөніндегі комиссия – конкурс өткізу және оның жеңімпазын айқындау мақсатында құзыретті орган құратын, тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган;

РҚАО-ның ескертпесі!

25) тармақшаның ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

25) жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссия - құзыретті орган құратын, осы Заңның 24-бабында айқындалған мәселелер бойынша құзыретті органға ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асыратын консультативтік-кеңесші орган;

26) жер қойнауын пайдалану саласындағы техникалық-экономикалық негіздеме – тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушілердің мүмкіндіктері мен ұсыныстары міндетті түрде ескеріле отырып,

кен орнын игеру жобасының геологиялық, техникалық және экономикалық параметрлерін және оны іске асырудың экономикалық тұрғыдан орындылығын бағалауды қамтитын құжат;

27) жер қойнауын пайдаланушы - осы Заңға сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлға;

28) жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану - кен орындарын игерудің озық технологияларын пайдалану мен оң іс-тәжірибесі негізінде жер қойнауы ресурстарының барлық түрлерін экономикалық тұрғыдан тиімді игеру;

РҚАО-ның ескертпесі!

29) тармақша 01.01.2026 дейін қолданылады. 29) тармақшаның ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

29) жер қойнауының мемлекеттік сараптамасы – пайдалы қазбалардың қорлары туралы, сондай-ақ жер қойнауының басқа да қасиеттері туралы ақпаратқа оларды жер қойнауын пайдалану және пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансына қою кезінде қолдану мүмкіндігіне арналған кешенді сараптама;

30) жер қойнауы учаскесі - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін тұйықталған шекараларда бөліп көрсетілетін жер қойнауының геометрияланған бөлігі;

31) жобалау құжаттары – экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық талаптар және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары ескеріле отырып, геологиялық-барлау жұмыстарының, пайдалы қазбалар кен орындарын бағалаудың және игерудің әдістемесін, техникалық жағдайлары мен технологиялық көрсеткіштерін қамтитын құжаттар;

32) жоғары технологиялар - Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген өнімді әлемдік нарыққа интеграциялау мақсатында қолданылатын жаңа және жетілдірілген өнім мен барынша экологиялық таза технология түрінде өткізуге шығарылған техника мен технологиялық процестердегі жалпы жұрт мойындаған жаңа жетістіктер;

33) жұмыс бағдарламасы – жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттың қолданылу мерзімі шегінде инвестициялық жобалау көрсеткіштерін орындау жөніндегі міндеттемелерін қамтитын құжат;

34) жұмыстағы (көрсетілетін қызметтегі) жергілікті қамту – жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) бойынша қазақстандық өндірушілер болып табылмайтын ұйымдарға кез келген деңгейде қосалқы мердігерлік шарт негізінде жұмысты орындағаны (қызмет көрсеткені) үшін төленген кез келген соманы

шегере отырып, жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) бойынша қазақстандық өндірушілерге жұмыстарды орындағаны (қызметтерді көрсеткені) үшін төленген, жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) сатып алу шарттарының барлығы бойынша төлемдердің (шығындардың) жалпы жылдық сомасының үлесі;

35) жұмыстар - тауарларды шығару (өндіру), жабдықтарды монтаждау, құрылыстарды және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тікелей пайдалану үшін де, келісімшартта ілеспе ретінде көзделген қызмет үшін де өзге қажетті объектілерді салу жөніндегі қызметті ақылы негізде жүзеге асыру;

35-1) инвестициялық қаржыландыру – ұлттық компания немесе акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде жер қойнауын пайдалану жөніндегі осындай ұлттық компанияға тиесілі заңды тұлға және стратегиялық әріптес осы Заңда белгіленген тәртіппен және шарттарда барлауға арналған келісімшарт, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт шеңберінде жасасқан бірлескен қызмет туралы шарт (келісім) және (немесе) қаржыландыру туралы келісім бойынша барлауды қаржыландыру;

36) алып тасталды - ҚР 27.10.2015 № 365-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

37) кадрлардағы жергілікті қамту – жұмысшылар мен қызметшілерді әрбір санаты бойынша бөле отырып, келісімшартты орындау кезінде жұмысқа тартылған персоналдың жалпы санына пайызбен алғандағы қазақстандық кадрлардың саны;

37-1) кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары – қауіпті өндірістік объектілері бар жер қойнауын пайдаланушыларға ұдайы, тәулік бойы қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін, қызмет көрсетілетін объектілерде авариялық-құтқару жұмыстарын, сондай-ақ аварияларды және олардың салдарларын оқшаулау және жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін өз бөлімшелерінің дереу баруын жүзеге асыратын қызметтер және (немесе) ұйымдар;

38) келісімшарт - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыретке сәйкес құзыретті орган немесе жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы мен жеке және (немесе) заңды тұлға арасындағы пайдалы қазбаларды барлауды, өндіруді, бірлескен барлау мен өндіруді жүргізуге не барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға не жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған шарт;

39) келісімшарттық аумақ – жер қойнауын пайдаланушы келісімшартқа сәйкес келетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге

құқылы болатын, геологиялық және (немесе) тау-кендік бөлумен айқындалатын аумақ;

40) келісімшарт шеңберінде құқықтардың шоғырлануы - жер қойнауын пайдалану құқығының бірлескен иегерлерінің бірінің келісімшартқа сәйкес осы қатысушыға жер қойнауын пайдаланушының қызметі бойынша шешімдерді айқындауға мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасымен жасалған келісімшарттағы үлесінің шамасы;

41) кен орны – қорлары барлау жүргізу нәтижесінде есептелген және (немесе) бағаланған, құрамында табиғи шоғырланған пайдалы қазбасы (пайдалы қазбалары) бар жер қойнауының бөлігі;

42) кен орнын игерудің технологиялық схемасы - кен орнын өнеркәсіптік игеруге қосу мақсатында жасалған және мұнай қабаттарының негізгі параметрлерін, пайдалану объектілерін игерудің ұтымды жүйесінің критерийлерін анықтау үшін кен орнын игерудің технологиялық шешімдері мен көрсеткіштерін, игеру жүйесін талдау әдістемесін көздейтін жобалау құжаты;

43) кен орнын игеруді талдау – пайдалану объектісін игеру процесінде ұңғымалар мен қаттарды геологиялық-кәсіпшілік, геофизикалық, гидродинамикалық және басқа да зерттеулер нәтижелерін, сондай-ақ мұнай өндіруді оңтайландыру мен оны алу коэффициентін ұлғайту мақсатында мұнай мен газ қорларының ағымдағы орналасуын және өнімділік қаттарда жүріп жатқан процестерді анықтау үшін және осының негізінде игеруді реттеу жөніндегі ұсынымдарды әзірлей отырып, игеру көрсеткіштерінің динамикасын кешенді зерделеу;

44) кен орнын өнеркәсіптік игеру жобасы - берілген өнімділікті және өндіруге ілеспелі басқа да өндірістік операцияларды қамтамасыз ететін техникалық шешімдерді айқындайтын, тиісті кен орнында пайдалы қазбалар өндіру тәсілін, жер қойнауынан пайдалы қазбаларды алу параметрлерін реттейтін жобалау құжаты;

45) кен орнын сынамалы пайдалану - өнеркәсіптік игерудің технологиялық схемасы мен жобасын жасау үшін қаттардың және кен шоғырларының геологиялық-кәсіпшілік сипаттамалары туралы қолда бар ақпаратты нақтылау мен қосымша ақпарат алу, ұңғымаларды кешенді геологиялық-геофизикалық және гидродинамикалық зерттеу мақсатында көмірсутек шикізатының кен орындарында жүргізілетін операциялар. Сынамалы пайдалану барлау ұңғымаларын уақытша пайдалануды көздейді;

46) кен орындарын игерудің оң практикасы - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде қолданылатын, ұтымды, қауіпсіз, қажетті және экономикалық тиімді болып табылатын жалпы қабылданған халықаралық практика;

47) кен орындарын өнеркәсіптік игеру - жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалануды ескере отырып, одан пайдалы қазбалардың бекітілген қорларын алуға бағытталған жұмыстардың (операциялардың) бүкіл кешені;

48) кең таралған пайдалы қазбалар - табиғи күйінде немесе сәл өңделіп және тазартылып, негізінен жергілікті шаруашылық мұқтаждарын қанағаттандыру үшін пайдаланылатын құм, саз, қиыршық тас және басқа да пайдалы қазбалар;

49) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстық комиссия - конкурс өткізу және жеңімпазды айқындау мақсатында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын, тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган;

50) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссия - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын, осы Заңның 24-бабында айқындалған мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асыратын консультативтік-кеңесші орган;

51) кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөніндегі өңіраралық комиссия (бұдан әрі - өңіраралық комиссия) - кең таралған пайдалы қазба кен орындарын іздеу, бағалау және игеру жөніндегі жобалау құжаттарын қарау бойынша жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің алқалы органы;

52) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру – кең таралған пайдалы қазбаларды өз мұқтажы үшін өндіруге қатысы жоқ кең таралған пайдалы қазбаларды кез келген өндіру;

53) кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты суларын өз мұқтажы үшін өндіру - өндірілген кең таралған пайдалы қазбаларға не жерасты суларына қатысты кейіннен мәмілелер жасасу ниетінсіз, меншіктегі не жер пайдалану құқығындағы жер учаскесінде жүзеге асырылатын өндіру;

54) коммерциялық табу – жер қойнауының мемлекеттік сараптамасы растаған бір немесе бірнеше кен орындарын келісімшарттық аумағында барлаудың (соның ішінде қосымша барлаудың) нәтижесіндегі табу, сондай-ақ коммерциялық мүддені білдіретін пайдалы қазбалар қорларының өсімі;

54-1) конкурс – жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасасуға құқығы бар жеңімпазды айқындауға арналған тендер немесе аукцион;

54-2) көмір қабаттарындағы метан – газ тектес жай-күйдегі, көмір бассейндерін газдан тазарту процесінде алынатын газды өндіру және (немесе) қайта өңдеу өнімі болып табылатын және құрауыштарының сапалық және

сандық құрамы бойынша техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың талаптарына сай келетін, құрамында метан басым көмірсутектерінің көпқұрауышты қоспасы;

55) көрсетілетін қызметтер - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тікелей пайдалану үшін де, тауарларды немесе басқа да материалдық заттарды шығаруға (өндіруге) бағытталмаған, келісімшартта ілеспе ретінде көзделген қызметтер үшін де қажетті қызметтерді ақылы негізде жүзеге асыру;

56) күрделі геологиялық құрылымы бар жер қойнауы учаскелері - мынадай параметрлердің бірімен: интенсивті тектоникалық бұзылулармен; пайдалы қазбалардың болжамды денелерін қамтитын жыныстардың интенсивті қыртыстануымен; қатты пайдалы қазбалар үшін бес жүз метрден астам және көмірсутек шикізаты үшін перспективті горизонттардың үстіңгі жағына дейін үш мың метрден астам тереңдікте орналасуымен сипатталатын; теңіз акваториясы шектеріндегі жер қойнауы учаскелері;

57) күрделі геологиялық құрылымы бар кен орындары - қорларының жетпіс пайызынан астамы қуатының өзгеріп тұратындығымен не пайдалы қазба денелерінің бұзылып орналасуымен немесе пайдалы қазбаның сақталмаған сапасымен және негізгі құнды компоненттерінің теңдей емес бөлінуімен не коллектордың немесе өнімділік қабаттардың коллекторлық қасиеттерінің біртектес болмауымен не ерекше жоғары қабаттық қысыммен сипатталатын кен орындары;

58) Қазақстанда шығарылған тауар - тауардың Қазақстан Республикасы аумағында шығарылғанын растайтын, оның ішкі айналыс үшін шығарылғаны туралы сертификат берілген тауар;

59) қазақстандық тауар өндіруші - Қазақстанда шығарылатын тауарларды өндіретін Қазақстан Республикасының азаматтары және (немесе) Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары;

60) Қазақстан Республикасының кен орнын алғашқы ашушы – өнеркәсіптік құндылыққа ие, бұрын белгісіз болған кен орнын ашқан, сондай-ақ бұрыннан белгілі кен орнында пайдалы қазбалардың қосымша қорларын немесе оның өнеркәсіптік құндылығын едәуір ұлғайтатын жаңа минералдық шикізатты анықтаған тұлға;

60-1) қаржылық міндеттемелер – жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көзделген ақшалай мәндегі міндеттемелері;

60-2) қатты пайдалы қазбалар – кең таралған пайдалы қазбаларды және көмірсутек шикізатын қоспағанда, жер қойнауында қатты күйде болатын табиғи минералдық түзілімдер;

61) қол қойылатын бонус - келісімшарттық аумақта жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алғаны үшін, сондай-ақ осы Заңда белгіленген тәртіппен келісімшарттық аумақты кеңейткен кезде жер қойнауын пайдаланушының тіркелген біржолғы төлемі;

62) құзыретті орган – егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде өзгеше белгіленбесе, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды қоспағанда, барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттарды жасасуға және орындауға байланысты құқықтарды Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын орталық атқарушы орган;

63) магистральдық құбыр – өнімді қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ететін желілік бөлік пен объектілерден тұратын, техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар талаптарына сай келетін бірыңғай өндірістік-технологиялық кешен;

64) алып тасталды - ҚР 2012.06.22 N 21-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

65) алып тасталды - ҚР 2012.06.22 N 21-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

66) мемлекеттің басым құқығы – осы Заңға сәйкес жүзеге асырылатын, мемлекеттің иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алуға бірінші кезекті құқығы;

67) Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия – мемлекеттің иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алуы (сатып алудан бас тартуы) туралы мәселелерді қарау және ұсынымдарды тұжырымдау мақсатында құзыретті орган құратын консультативтік-кеңесші орган;

68) минералдық шикізат - жер қойнауының жер үстіне шығарылған, құрамында пайдалы қазба (пайдалы қазбалар) бар бөлігі (тау-кен жынысы, кен шикізаты және басқалар);

69) минералдық шикізатты бастапқы өңдеу (байыту) - тау-кен өнеркәсібі қызметінің түрі, ол өндірілген жерінде жинауды, ұсатуды немесе үгітуді, жіктеуді (сұрыптауды), брикеттеуді, агломераттауды және физикалық-химиялық әдістермен байытуды (пайдалы қазбалардың минералдық нысандарын, олардың агрегаттық-фазалық жай-күйін, кристалдық-химиялық құрылымын сапалық жағынан өзгертпестен) қамтиды, сондай-ақ пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі жұмыстардың арнаулы түрлері болып табылатын өңдеу

технологияларын (жерасты газдандыру және балқыту, химиялық және бактериялық сілтісіздендіру, ұсақ тау–кен жынысы бар кен орнын түйіршіктеу және гидравликалық жолмен игеру) қамтуы мүмкін.

Минералдық шикізатты бастапқы өңдеуге (байытуға) жататын жұмыстар тізбесі, осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартта айқындалады;

70) минералдық шикізатты қайта өңдеу – минералдық шикізаттан пайдалы компоненттерді алумен байланысты жұмыстар, сондай-ақ минералдық шикізатты бастапқы қайта өңдеуден кейінгі (бастапқы қайта өңдеу болған кездегі) жұмыстар;

71) модельдік келісімшарт – келісімшарттардың жекелеген түрлерінің ерекшеліктері, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың жекелеген түрлерін жүргізу көрсетілетін және келісімшарттар жобаларын әзірлеу кезінде негіз ретінде пайдаланылатын, құзыретті орган бекітетін үлгілік келісімшарт;

72) мұнай – шикі мұнай, газ конденсаты, табиғи газ және ілеспе газ, сондай-ақ шикі мұнайды, табиғи газды тазартқаннан кейін және жанатын тақтатастарды немесе шайырлы құмдарды өңдегеннен кейін алынған көмірсутектер;

73) мұнай–газ құбырлары – мұнай тасымалдауға арналған құбырлар, оның ішінде магистральдық құбырлар, құрастырмалы коллектор режимінде жұмыс істейтін құбырлар, сондай-ақ құбырлар жүйесі не оның жекелеген бөліктері арқылы тасымалданатын заттарды тазарту, айыру және сұйылту жөніндегі жабдықтар мен тетіктер, бақылау және оқшаулау жүйелері, электрлі–химиялық қорғаныс жүйелері мен осындай құбырларға қызмет көрсетуге арналған өзге де жабдықтар;

74) мұнай–газ құбырларын салу және (немесе) пайдалану – құрлықта, өзендерде, көлдерде, теңіздерде және өзге де ішкі су айдындарында мұнай–газ құбырларын салу, тарту және пайдалану мақсатында жүргізілетін кез келген жұмыстар (операциялар);

75) мұнайдағы ілеспе компоненттер – мұнайдың және қабаттық судың құрамындағы, технологиялық бөліп алуды талап ететін пайдалы қазбалар мен әртүрлі қосындылар;

75-1) мұнайды есепке алу ақпараттық жүйесінің операторы – дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі, мұнайды есепке алу ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, мұнай және газ саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы заңды тұлға;

75-2) мұнайды есепке алудың ақпараттық жүйесі – мұнайды өндіру, шығару, дайындау, өңдеу, тасымалдау, сақтау, өткізу, тиеп-жөнелту, оның ысырабы, оны Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету көлемдері туралы ақпаратты қамтитын жүйе, сондай-ақ мұндай ақпаратты жинауды, өңдеуді, сақтауды және пайдалануды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдар;

75-3) мұнайдың теңізге төгілуі – теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыру, мұнайды тасымалдау және (немесе) сақтау кезінде теңіздің мұнаймен ластануы;

76) мұнай операциялары - мұнайды барлау, өндіру, қажетті технологиялық және ілеспе объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар;

76-1) мұнайды өндіру және оның айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілер – мұнайды өндіру, шығару, дайындау, өңдеу, тасымалдау, сақтау, өткізу, тиеп-жөнелту, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

76-2) міндеттемелердің физикалық көлемі – жұмыс бағдарламасында көзделген жұмыс түрлері мен көлемдері бойынша жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелері;

77) негізгі пайдалы қазба - кен орнының өндірістік маңызын айқындайтын, бастапқы шикізаттың неғұрлым көп құрамды немесе кен орны өнімінде неғұрлым жоғары үлеске ие және кен орны өнімін пайдаланудың негізгі бағытын айқындайтын пайдалы қазба;

78) оператор - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыретті органның жазбаша хабарламасы бойынша жер қойнауын пайдаланушылар құратын немесе белгілейтін, келісімшартты орындауға байланысты қызметті жедел басқаруды және есепке алу-есеп беру операцияларын жүзеге асыратын заңды тұлға, оның іс-әрекеті үшін жер қойнауын пайдаланушылар мүліктік жауапкершілікте болады;

79) өндіру – минералдық шикізатты бастапқы қайта өңдеуді және уақытша сақтауды қоса алғанда, пайдалы қазбаларды жер қойнауынан жер бетіне шығарумен, сондай-ақ мемлекеттік меншік болып табылатын техногендік минералдық түзілімдерден алумен байланысты жұмыстардың (операциялардың) бүкіл кешені;

79-1) өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстар – жер қойнауын пайдаланушының өңірдің әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін дамыту және ұстап тұру шығыстары, сондай-ақ ол осы мақсаттар үшін мемлекеттік бюджетке аударатын қаражат;

80) пайдалы қазба – химиялық құрамы мен физикалық қасиеті оларды материалдық өндіру және (немесе) тұтыну саласында және (немесе) өзге мұқтаждықтарға тікелей немесе өңдеуден кейін пайдалануға мүмкіндік беретін жер қойнауындағы табиғи минералдық түзілім, көмірсутектер және жерасты сулары;

81) пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөніндегі орталық комиссия (бұдан әрі - орталық комиссия) - кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, пайдалы қазбалардың кен орындарын іздеу, бағалау және игеру жөніндегі жобалау құжаттарын қарау бойынша құзыретті орган құрған алқалы орган;

82) сақтық аймағы - Қазақстан Республикасының аумағында теңіз жағалауы жиегінен құрлыққа қарай бес километрге созылып жатқан аймақ;

83) сервитут – жеке және заңды тұлғалардың барлауды, өндіруді жүргізу үшін немесе осы Заңда көзделген жағдайларда барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану үшін басқа тұлғаларға берілген жер қойнауы учаскесінің бір бөлігін шектеулі түрде мақсатты пайдалану құқығы;

84) стратегиялық әріптес - ұлттық компания мен құзыретті орган арасындағы тікелей келіссөздердің қорытындылары бойынша жасалған келісімшарттар жөніндегі жобаларды бірлесіп іске асыру үшін құзыретті органмен келісе отырып немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес ұлттық компания айқындаған қазақстандық немесе шетелдік заңды тұлға (олардың бірлестіктері);

85) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

86) стратегиялық минералдық шикізат - Қазақстан Республикасының орнықты дамуы үшін стратегиялық маңызы бар минералдық шикізат;

87) сынамалы пайдалану жобасы - кен орнын өнеркәсіптік игерудің технологиялық схемасы мен жобасын жасау үшін қаттардың және кен шоғырларының геологиялық-кәсіпшілік сипаттамалары туралы қолда бар ақпаратты нақтылау мен қосымша ақпарат алу, ұңғымаларды кешенді геологиялық-геофизикалық және гидродинамикалық зерттеу мақсатында көмірсутек шикізатын өндіру жөніндегі жұмыстарға жасалатын құжат;

88) табиғи газ – майлы газды, құрғақ газды, майлы газдан сұйық көмірсутектерді сығымдаудан немесе айырудан кейін қалатын ілеспе газды және сұйық немесе газ тектес көмірсутектермен бірге алынған көмірсутек емес газды қоса алғанда, қалыпты атмосфералық температура мен қысымда газ тектес фазада болатын көмірсутектер;

89) табиғи және ілеспе газды кәдеге жарату - кен орнында табиғи және ілеспе газды технологиялық мұқтаждықтарға және (немесе) тауар өніміне дейінгі дайындауға пайдалану мақсатында кәсіпшілік жинауды қамтамасыз ету;

РҚАО-ның ескертпесі!

90) тармақшаның ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

90) тарату қоры – Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарларын жою үшін жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген банкте арнаулы депозиттік шотта жинақтайтын ақша;

91) тарихи шығындар - мемлекет келісімшарттық аумақты геологиялық зерттеуге және кен орындарын барлауға жұмсаған, олар туралы геологиялық ақпарат мемлекет меншігіне берілген бұрынғы жиынтық шығындар;

92) тауардағы жергілікті қамту – Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын, тауарды қайта өңдеуге пайдаланылатын жергілікті материалдар құнының және тауарларды өндіруші шығындарының тауардың түпкілікті құнындағы пайыздық қамтылуы;

93) тауарлар - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тікелей пайдалану үшін де, келісімшартта ілеспе ретінде көзделген қызметтер үшін де сатып алынатын жабдықтар, дайын өнім және өзге де материалдық–техникалық құнды заттар;

94) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасы – жер қойнауын пайдаланушы жасайтын, жер қойнауын пайдаланушы күнтізбелік бір жылға жоспарлайтын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің номенклатурасын және көлемін, оларды сатып алу тәсілдері мен мерзімдерін айқындайтын құжат;

95) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орта мерзімдік бағдарламасы - жер қойнауын пайдаланушы жасайтын, ол үш жылға дейінгі кезеңге жоспарлайтын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің номенклатурасын және көлемін, оларды сатып алу тәсілдері мен мерзімдерін айқындайтын құжат;

96) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың ұзақ мерзімді бағдарламасы - жер қойнауын пайдаланушы жасайтын, ол он жылға дейінгі кезеңге немесе келісімшарттың қолданылуы аяқталғанға дейінгі мерзімге

жоспарлайтын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің номенклатурасын және көлемін, оларды сатып алу мерзімдерін айқындайтын құжат;

97) тау-кендік бөлу – өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, шегінде жер қойнауын пайдаланушы өндіруді, барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүргізуге құқылы болатын жер қойнауы учаскесін графикалық және сипаттамалық түрғыдан айқындайтын құжат;

98) тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру - қосымша деректер алу үшін кен орнының геологиялық-физикалық жағдайларында байқаудан өткізуді талап ететін жаңа немесе бұрыннан белгілі технологияларды сынау мақсатында көмірсутек шикізатының кен орындарын немесе кен шоғырларын пайдалану;

99) тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру жобасы - қосымша деректер алу үшін кен орнының геологиялық-физикалық жағдайларында байқаудан өткізуді талап ететін жаңа немесе бұрыннан белгілі технологияларды сынаудан кейін көмірсутек шикізатын өндіру жөніндегі жұмыстарға жасалатын және кен орындарын және (немесе) кен шоғырларын пайдалануға беруді көздейтін жобалау құжаты;

100) тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру – минералдық шикізаттың қасиеттері және кендердің типтері, оларды жер қойнауынан алудың тау-кендік-геологиялық жағдайлары мен қайта өңдеу технологиясы туралы қосымша ақпарат алу, тау-кен жабдығы мен кен орнын пайдалану тәсілін таңдау мақсатында табылған кен орнын бағалау сатысында жүргізілетін пайдалы қазбалар өндіру;

101) тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасы – қатты пайдалы қазбаларды тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруді жүргізу үшін жасалатын және минералдық шикізатты бастапқы қайта өңдеуді қоса алғанда, кен орнын барлауды аяқтау және оны өнеркәсіптік игерудің жобасын жасау үшін қажетті және жеткілікті геологиялық-барлау, тау-кен және өндіру жұмыстарының әдістемесін, түрлері мен көлемін белгілейтін жобалау құжаты;

101-1) тендер – конкурстық ұсыныстар берген конкурсқа қатысушылар арасынан жеңімпазды айқындау рәсімі;

102) теңіз - Каспий және Арал теңіздерінің қазақстандық бөлігі шегіндегі су беті мен қабаты, сондай-ақ Каспий және Арал теңіздерінің түбі;

103) теңіздегі ғылыми зерттеулер - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың теңізге әсері мен олардың қоршаған ортаға және биологиялық әртүрлілікке зардаптарын зерделеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары;

104) теңіздегі күзет аймақтары немесе қауіпсіздік аймақтары - адамдардың, теңіздің биологиялық ресурстарының, қоршаған ортаның, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес кеме қатынасының, балық аулаудың және жеке және заңды тұлғалардың теңіздегі басқа да қызметтерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында теңіз құрылыстарының айналасында орнатылатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын аймақтар;

105) теңіздің ластануы – адамдардың денсаулығына, теңіздің жанды ресурстарына және теңіздің экожүйесіне зиян келтіретін немесе зиян келтіру қаупін туғызатын, теңізде не оның жағалауында заңды қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаларға кедергілер жасайтын не залал келтіретін немесе залал келтіруі мүмкін материалдардың, заттардың, энергияның, шудың, тербелістердің теңіз аясына түсуі, сондай-ақ сәулелер мен өрістердің әртүрлі типтерінің түзілуі;

106) теңіз құрылыстары – жасанды аралдарды, бөгеттерді, қондырғыларды, жылжымайтын және жүзбелі жабдықтарды қоса алғанда, теңізде мұнай операцияларын жүргізуге арналған жасанды құрылыстар;

107) техногендік минералдық түзілімдер - тау-кен өндіру және байыту, металлургиялық және басқа да түрлі өндірістерінің қалдықтары болып табылатын, пайдалы компоненттері бар минералдық түзілімдердің, тау-кен жыныстарының, сұйықтар мен қоспалардың жиналымы;

108) техногендік су – жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде технологиялық процестерді жүргізу үшін жойылуы қажет су;

109) ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесі – индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітетін, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамтуды есептеу үшін қолданылатын тәртіп;

110) шекара маңындағы кен орны – Қазақстан Республикасы аумағының немесе теңіздің шегінде орналасқан, сонымен қатар бір бөлігі басқа іргелес немесе қарсы беттегі мемлекеттің заңды құзырындағы аумақта немесе теңізде орналасқан кен орны;

111) шикі мұнай – қалыпты атмосфералық температура мен қысым кезінде жер қойнауынан сұйық күйінде алынатын, оның ішінде табиғи газдан табиғи конденсаттау жолымен түзілген, үлес салмағына қарамастан кез келген көмірсутектер;

112) іздеу жұмыстары – пайдалы қазбалардың перспективті учаскелері мен көрініс – белгілерін анықтау және контурлау, болжамдық ресурстарды айқындау, оларды алдын ала геологиялық-экономикалық бағалау және геологиялық-барлау жұмыстарын одан әрі негіздеу мақсатында жүргізілетін геологиялық-барлау жұмыстарының сатысы;

113) іздеу жұмыстарының жобасы – барлау жүргізу кезінде жасалатын, пайдалы қазбалардың перспективті учаскелері мен көрініс-белгілерін анықтау және контурлау, болжамды ресурстарды айқындау, оларды алдын ала геологиялық-экономикалық бағалау және одан әрі геологиялық-барлау жұмыстарын негіздеу мақсатында келісімшарттық аумақ шегінде жер қойнауын тиімді, ұтымды және кешенді зерттеуді қамтамасыз ететін геологиялық-барлау жұмыстарының әдістемесін, түрлері мен көлемін айқындайтын жобалау құжаты. Іздеу жұмыстарының жобасында іздеу жұмыстарын жылдар бойынша қаржыландыру көлемдері көрсетіледі;

114) ілеспе газ-мұнай, газ-мұнай және газ кен шоғырларындағы мұнайдың құрамында еріген күйінде кездесетін және қысым төмендеген кезде одан бөлініп шығатын көмірсутек газы, сондай-ақ сұйық немесе газ тәріздес көмірсутектермен бірге өндірілген көмірсутек емес газдар;

115) ілеспе газды қайта өңдеу – ілеспе газды тауарлық өнімге дейін жеткізу жөніндегі технологиялық процесс;

116) ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағу - ілеспе және (немесе) табиғи газды пайдаланбай жою процесі;

117) ілеспе пайдалы қазбалар – негізгі пайдалы қазбаларды игеру кезінде өндіру мен өңдеуі рентабельді және шаруашылықта пайдалануға экономикалық жағынан орынды болып табылатын, негізгі пайдалы қазбалармен ұштасып жатқан және солармен бірге өндірілетін минералдық кешендер, минералдар, металлдар және басқа да химиялық элементтер мен олардың қосындылары;

118) ішкі су айдындары – көлдер, жасанды су қоймалары және басқа да жерүсті су объектілері;

119) электрондық сатып алу жүйесі – сатып алуды ұйымдастырушылар (жер қойнауын пайдаланушы немесе жер қойнауын пайдаланушылар уәкілеттік берген тұлғалар) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін пайдаланатын, индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган мұнай және газ саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп бекітетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібіне сәйкес құрылатын және пайдаланылатын электрондық ақпараттық жүйе.

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 № 538-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.06.22 № 21-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2012.12.26 № 61-V (2014.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-

V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 365-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.11.2016 № 26-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты азаматтық-құқықтық қатынастар, егер олар осы Заңның нормаларымен реттелмесе, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы нормаларымен реттеледі.

3. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заң жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде туындайтын қатынастарды реттейді.

2. Жерді, суды (жерасты сулары мен емдік балшықтан басқа), орманды, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, атмосфералық ауаны пайдалану және қорғау жөніндегі қатынастар Қазақстан Республикасының арнаулы заңнамасымен реттеледі.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмеген болса, шетелдіктер мен шетелдік заңды тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар жер қойнауын пайдалану жөніндегі қатынастарда Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен бірдей құқықтарды пайдаланады және міндеттерді орындайды.

4-бап. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының мақсаттары мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының мақсаттары Қазақстан Республикасының экономикалық

өрлеуін және мүдделері мен табиғи ресурстарын қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының міндеттері:

- 1) жер қойнауын пайдалану саласында мемлекеттік саясатты жүргізу;
- 2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі қатынастарды реттеу;
- 3) республикалық және өңірлік мүдделер үйлесімін қамтамасыз ету;
- 4) минералдық-шикізаттық базаны молықтыруды қамтамасыз ету;
- 5) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде құқықтық негізді қамтамасыз ету;
- 6) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау.

5-бап. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының принциптері

Жер қойнауына және жер қойнауын пайдалануға байланысты қатынастарды құқықтық реттеу мынадай принциптерге негізделеді:

- 1) жер қойнауын ұтымды, кешенді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету;
- 2) жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету;
- 3) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің жариялылығы;
- 4) жер қойнауын пайдаланудың ақылы болуы.

6-бап. Жер қойнауын ұтымды, кешенді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету

Кен орындарын игерудің жоғары технологиялары мен оң практикасын пайдалану негізінде жер қойнауы ресурстарының барлық түрлерін экономикалық жағынан тиімді игеру, сондай-ақ адамдар өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің міндетті шарты болып табылады.

7-бап. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету

Жер қойнауының ластануын болғызбауды және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қоршаған ортаға зиянды әсерін төмендетуді қамтамасыз ету жер қойнауын пайдалану құқығын жүзеге асырудың міндетті шарты болып табылады.

8-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің жариялылығы

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге және келісімшарт талаптарына қатысты ақпарат беру осы Заңға сәйкес жүргізіледі.

Барлық мүдделі тұлғалардың құзыретті органда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органында:

1) жер қойнауын пайдалану құқығын беруге конкурс өткізудің талаптарымен және оның нәтижелері туралы шешімнің мазмұнымен;

2) жасалған келісімшарттар бойынша конкурс талаптарының орындалуымен танысуға құқығы бар.

Тараптар құпия деп таныған ақпаратты мемлекеттік органдарға, Қазақстан Республикасының Парламентіне және жергілікті өкілді органдарға беру құпиялылық режимін бұзу болып табылмайды.

8-1-бап. Шешім қабылдау кезінде жер қойнауын пайдаланушылардың мүдделерін ескеру

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының уәкілетті өкілдері жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша консультациялық-кеңесші органдардың жұмысына тұрақты негізде (дауыс беру құқығымен) қатысуға құқылы.

Ескерту. 1-тарау 8-1-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 130-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-бап. Жер қойнауын пайдаланудың ақылы болуы

Жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастар, осы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, ақылы негізде құрылады.

10-бап. Жер қойнауына, пайдалы қазбаларға, техногендік минералдық тізілімдерге және минералдық шикізатқа меншік құқығы

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жер қойнауы мен оның құрамындағы пайдалы қазбалар мемлекет меншігінде болады.

Жер қойнауына мемлекеттік меншік Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігін құрайтын негіздердің бірі болып табылады. Мемлекет осы Заңда көзделген негіздерде, жағдайлар мен шектерде жер қойнауына қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

2. Егер осы Заңда және келісімшартта өзгеше көзделмеген болса, минералдық шикізат жер қойнауын пайдаланушыға меншік құқығында (Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіпорнына – шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында) тиесілі болады.

3. 1992 жылғы 30 мамырға дейін қоймаға қойылған немесе минералдық ресурстардың мемлекеттік қорына енгізілген техногендік минералдық түзілімдер, сондай-ақ 1992 жылғы 30 мамырдан кейін қоймаға қойылған техногендік минералдық түзілімдердің құрамындағы пайдалы қазбалар пайдалы қазбаларды өндіру салығы және (немесе) роялти төленбеген көлемде мемлекеттік меншік болып табылады.

4. Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерден әкелінген минералдық шикізаттан түзілген, сондай-ақ 1992 жылғы 30 мамырдан кейін қоймаға қойылған техногендік минералдық түзілімдер олардың құрамындағы пайдалы қазбалармен бірге пайдалы қазбаларды өндіру салығы және (немесе) роялти төленген көлемде жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

5. Мемлекеттік меншіктегі техногендік минералдық түзілімдерді қайта өңдеу немесе өзге де пайдалану құзыретті органмен немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен осы Заңның 9-1-тарауында көзделген тәртіппен жасалатын келісімшарт негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік меншіктегі техногендік минералдық түзілімдерден алынған пайдалы қазбаларға меншік құқығы келісімшартта айқындалады.

6. Минералдық шикізат, техногендік минералдық түзілімдер немесе пайдалы қазбалар өзіне меншік құқығымен тиесілі жер қойнауын пайдаланушы минералдық шикізатқа, техногендік минералдық түзілімдерге немесе пайдалы қазбаларға иелік етуге, оларды пайдалануға және оларға билік етуге, оларға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауға құқылы.

Техногендік минералдық түзілімдер полигондарын жабуға және оларды рекультивациялауға байланысты жағдайларды қоспағанда, техногендік минералдық түзілімдерді жиып қою орындарында өзге де қалдықтарды орналастыруға тыйым салынады.

РҚАО-ның ескертпесі!

7-тармақтың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

7. Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарында көзделген пайдалы қазбаларды өндіру кезінде минералдық шикізаттың құрамындағы ілеспе пайдалы қазбаларды өндіруді жүзеге асыруы осындай келісімшарт шеңберінде өндіру деп танылады.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11-бап. Геологиялық ақпаратқа меншік құқығы, оны пайдалану және беру тәртібі

Ескерту. 11-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Геологиялық ақпарат, егер ол мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен алынса – мемлекеттік меншікте және егер ол жер қойнауын пайдаланушының қаражаты есебінен алынса, келісімшарттың қолданылуы кезеңінде жер қойнауын пайдаланушының меншігінде болады.

2. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қаржыландыру көзіне қарамастан, жер қойнауы туралы геологиялық және өзге де ақпарат мемлекет меншігіне міндетті түрде өтеусіз берілуге жатады. Геологиялық ақпаратты есепке алуды, сақтауды, жүйелеуді және жинақтап қорытуды жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган өзі бекіткен тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

3. Геологиялық ақпарат өтеулі немесе өтеусіз негізде пайдалануға беріледі.

Геологиялық ақпарат:

1) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жер қойнауын геологиялық зерттеумен байланысты жұмыстарды жүргізетін тұлғаларға;

2) ғылыми зерттеулер мемлекеттік бюджеттен және (немесе) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің субъектілері болып табылатын ұлттық компаниялардың немесе олардың еншілес ұйымдарының қаражатынан қаржыландырылатын жағдайларда ғылыми мақсаттар үшін;

3) мемлекеттік, сондай-ақ аккредиттелген жеке оқу орындарына – оқу мақсаттарында;

4) мемлекеттік органдарға;

5) мемлекеттік геологиялық тапсырма бойынша өз қаражаты есебінен жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді орындайтын ұлттық компанияларға өтеусіз негізде пайдалануға беріледі.

Осы тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауы туралы ақпарат ақылы негізде беріледі. Жер қойнауы туралы ақпаратты беру шарттарына қарамастан, оны көшіру жөніндегі шығыстарды ақпаратты алушы бөлек өтейді.

Мемлекеттік меншіктегі геологиялық ақпаратты оқу мақсатында, ғылыми, коммерциялық мақсаттарда пайдалану және геологиялық ақпаратты Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерге әкету қағидаларын жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

3-1. Жер қойнауын пайдаланудан бос жер қойнауы учаскелері бойынша геологиялық ақпарат Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптары сақталған кезде мүдделі тұлғаның сұрау салуы негізінде танысу үшін беріледі.

4. Мемлекет меншігінде болатын геологиялық ақпараттың құны тарихи шығындар сомасының бір бөлігі ретінде айқындалады. Геологиялық ақпараттың құны Қазақстан Республикасының бюджетіне төленеді.

Тарихи шығындарды және геологиялық ақпараттың құнын айқындау тәртібін жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

5. Алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6. Барлау үшін оңайлатылған тәртіппен берілетін жер қойнауы учаскелері бойынша геологиялық ақпарат блоктарға бөлінуге тиіс.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Мемлекеттің жер қойнауын пайдалану саласындағы артықшылықты және басым құқықтары

1. Қазақстан Республикасының, көліктік шығыстар мен өткізу шығындары шегеріле отырып, жер қойнауын пайдаланушы тиісті пайдалы қазбаларға қатысты мәмілелер жасасу кезінде қолданатын, мәмілені жасасу күніне қалыптасқан бағадан аспайтын бағалар бойынша жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қазбаларын сатып алуға басқа тұлғалар алдында артықшылықты құқығы бар.

Жер қойнауын пайдаланушы мәмілелер жасау кезінде қолданатын пайдалы қазбалардың бағалары туралы ақпарат болмаған жағдайда, мемлекеттің пайдалы қазбаларды сатып алуы жөнінде мәміле жасалған күні әлемдік нарықтарда қалыптасқан бағалардан аспайтын бағалар, көлік шығыстары және өткізуге арналған шығындар шегеріле отырып қолданылады.

Сатып алынатын пайдалы қазбалардың шекті көлемі және төлем түрі келісімшартпен айқындалады.

Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларды сатып алуға артықшылықты құқығын іске асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Стратегиялық маңызы бар жер қойнауы, кен орындары учаскелерінде жер қойнауын пайдалануға жаңадан жасалатын, сондай-ақ бұрын жасалған келісімшарттарда ел экономикасының ресурстық-энергетикалық негізін сақтау

және нығайту үшін келісімшарттың басқа тарапы немесе жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаның қатысушылары және басқа да тұлғалар алдында өтеулі және өтеусіз негіздер бойынша иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығына байланысты объектілерді сатып алуға мемлекеттің басым құқығы бар.

Осы тармақтың ережелері осы Заңның 34-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларға қолданылмайды.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13-бап. Мемлекеттің басым құқығын іске асыру тәртібі

1. Жер қойнауын пайдалану құқығына және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіге ие тұлғаның жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні иеліктен шығару ниеті болған жағдайда мемлекет ұлттық басқарушы холдинг, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қызметтің аражігін ажыратуға сәйкес ұлттық компания немесе уәкілетті мемлекеттік орган арқылы жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні сатып алудың басым құқығына ие болады.

Иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық компанияның сатып алуына Қазақстан Республикасының басым құқығын іске асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні ұлттық басқарушы холдингтің немесе ұлттық компанияның сатып алуы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан шешімді құзыретті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қызметтің аражігін ажыратуға сәйкес белгіленген тәртіппен қабылдайды.

2. Егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе, өзіне тиесілі жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні иеліктен шығаруды жүргізу ниеті бар тұлға құзыретті органға жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні иеліктен шығару туралы өтініш жібереді.

Жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні иеліктен шығару туралы өтініш қазақ және орыс тілдерінде жасалуға, осы Заңның 37-бабының 2-тармағында белгіленген мәліметтерді қамтуға тиіс және оны құзыретті органға бергеннен кейін үш ай ішінде кері қайтарып алуға немесе қайта қарауға жатпайды.

3. Құзыретті орган өтініш келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қарауына иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алу (сатып алудан бас тарту) туралы ұсыныс әзірлеуге қажетті материалдарды енгізеді.

4. Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия тиісті материалдар алынған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, өтінішті және өзге де материалдарды қарайды және мемлекеттің иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні сатып алуы (сатып алудан бас тартуы) туралы ұсынымдар әзірлейді.

Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығына байланысты объектіні сатып алуды жүзеге асыру ниеті туралы мәлімдеген, ұлттық басқарушы холдингтің немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қызметтің аражігін ажыратуға сәйкес ұлттық компанияның осындай сатып алуы туралы ұсынымдарды тұжырымдаған жағдайда, Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құзыретті органға ұлттық басқарушы холдингті немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қызметтің аражігін ажыратуға сәйкес ұлттық компанияны мемлекет атынан осындай сатып алушы ретінде айқындау ұсынымын жасайды.

Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия ұлттық басқарушы холдингтің немесе ұлттық компанияның тарапынан сатып алу туралы ниет болмаған жағдайларда иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні сатып алу туралы ұсынымдар әзірлеген жағдайда мәселе сатып алуға уәкілетті мемлекеттік органды айқындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізіледі.

5. Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия өтініш берушіден және басқа да тұлғалардан жер қойнауын пайдаланушылардың, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы қабылдайтын шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындау және (немесе) шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар заңды тұлғалардың қаржылық-экономикалық жағдайы туралы құжаттарды қоса алғанда, иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні сатып алу (сатып алудан бас тарту) туралы ұсынымдар әзірлеуге қажетті кез келген қосымша материалдарды сұратуға және алуға құқылы.

6. Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның мемлекеттің иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні сатып алуы (сатып алудан бас тартуы) туралы ұсынымдары хаттамамен ресімделіп, ол құзыретті органға жіберіледі.

7. Иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні сатып алу туралы шешім сатып алуға уәкілетті ұлттық басқарушы холдингке немесе ұлттық компанияға не Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған мемлекеттік органға жіберіледі.

8. Иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығына байланысты объектіні сатып алу туралы құзыретті органның шешімін алғаннан кейін ұлттық басқарушы холдинг, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қызметтің аражігін ажыратуға сәйкес ұлттық компания немесе уәкілетті мемлекеттік орган жер қойнауын пайдаланушымен немесе жер қойнауын пайдалану құқығына байланысты объектіге ие тұлғамен келіссөздер процесіне бастамашы болады.

Ұлттық басқарушы холдингтің, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қызметтің аражігін ажыратуға сәйкес ұлттық компанияның немесе уәкілетті мемлекеттік органның иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығына байланысты объектіні сатып алуы басқа өтініш берушілер ұсынғандардан нашар болмайтын жағдайларда жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні ақысыз негіз бойынша иеліктен шығарған жағдайда, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні заңды тұлғаның жарғылық капиталына берген жағдайда мұндай

объектілерді сатып алу Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын нарықтық құн бойынша жүзеге асырылады.

9. Жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні сатып алу мерзімдері жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні сатып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап алты айдан аспауға тиіс.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14-бап. Жер қойнауын пайдалануды шектеу және тыйым салу

1. Ұлттық қауіпсіздікті, халықтың қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жер қойнауының жекелеген учаскелерін пайдалану шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

2. Елді мекендердің, қала маңы аймақтарының, өнеркәсіп, көлік және байланыс объектілерінің аумақтарында жер қойнауын пайдалануға, егер мұндай пайдалану адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі, шаруашылық объектілеріне немесе қоршаған ортаға нұқсан келтіруі мүмкін болса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ішінара немесе толық тыйым салынуы мүмкін.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар шектерінде жер қойнауын пайдалану Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

14-1-бап. Стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелері, кен орындары

Қазақстан Республикасының орнықты дамуын және елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жекелеген жер қойнауы учаскелері, кен орындары стратегиялық деп танылады.

Стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелерінің, кен орындарының тізбесін, сондай-ақ оларды осыларға жатқызу критерийлерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 1-тарау 14-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15-бап. Пайдалы қазбаларды реквизициялау

1. Төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі пайдалы қазбалардың бір бөлігін немесе барлығын реквизициялауға құқығы бар. Реквизициялау Қазақстан Республикасының мұқтаждығына қажет мөлшерде төтенше немесе соғыс жағдайының барлық қолданылу мерзімі ішінде жүргізілуі мүмкін. Пайдалы қазбаларды реквизициялау меншік нысанына қарамастан, кез келген жер қойнауын пайдаланушыға қатысты жүргізілуі мүмкін.

2. Қазақстан Республикасы реквизицияланған пайдалы қазбалар үшін заттай нысанда немесе шетелдік жер қойнауын пайдаланушыға, олардың құнына еркін айналымдағы валютамен, ал ұлттық жер қойнауын пайдаланушыға жер қойнауын пайдаланушы тиісті пайдалы қазбаларға қатысты мәмілелер жасасу кезінде реквизициялау күніне қолданатын, көліктік шығыстар мен өткізу шығындары шегерімінен қалған бағадан аспайтын бағалар бойынша ұлттық валютамен өтемақы төлеуге кепілдік береді.

2-тарау. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

16-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттік меншік объектісі ретінде жер қойнауының мемлекеттік қорын басқаруды ұйымдастырады;

2) жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, оны жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық және тактикалық шараларды әзірлейді;

3) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) минералдық шикізаттың стратегиялық түрлеріне мемлекет мұқтажын қанағаттандыруға арналған жер қойнауы учаскелері мен кен орындарын айқындайды;

5) ұлттық қауіпсіздікті, халықтың қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жер қойнауын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды белгілейді;

6) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелерінің, кен орындарының тізбесін бекітеді;

8) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) жер қойнауын пайдалану құқығын беру тәртібін айқындайды;

9-1) мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы негізінде теңізде, ішкі су айдындарында, төтенше экологиялық жағдай аймақтарында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мұнай операцияларын жүргізу мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды;

10) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

11) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

12) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

13) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде өзгеше белгіленбесе, кең таралғандарын қоспағанда, пайдалы қазбалардың жекелеген түрлері бойынша жер қойнауын пайдалануға келісімшарттарды жасасу және орындау жөніндегі құзыретті органды айқындайды;

13-1) жер қойнауын пайдалану саласындағы ұлттық компаниялар қызметінің аражігін ажыратуды бекітеді;

14) республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерінің тізбесін бекітеді және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда оларды шаруашылыққа шектеп пайдаланудың тәртібін белгілейді, сондай-ақ экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды, республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жатқызылған жер қойнауы учаскелерінің тізбесін бекітеді;

15) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

16) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

17) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

18) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

19) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

20) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

21) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

22) мұнай экспортын реттейді;

23) мұнайды әртүрлі көлік түрлерімен тасымалдауға сандық шектеулерді (квоталарды) белгілейді;

24) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

25) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

26) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

27) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

28) Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларды сатып алуға басым құқығын іске асыру тәртібін айқындайды;

29) - 49) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

50) алып тасталды - ҚР 2012.06.22 № 21-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

51) - 57) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

58) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

59) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

60) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

61) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

61-1) ілеспе газды өңдеуді дамыту бағдарламасын орындау туралы есептіліктің нысандары мен мерзімдерін бекітеді;

62) алынып тасталды - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

63) өзіне Конституциямен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.06.22 № 21-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы

ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.06.2015 № 317-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2017 № 86-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

17-бап. Құзыретті органның өкілеттіктері

Құзыретті органның өкілеттіктеріне:

1) пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөніндегі орталық комиссия туралы ережені бекіту және оның құрамын бекіту;

2) кең таралғандарын қоспағанда, пайдалы қазбаларды барлауды, өндіруді, бірлескен барлау мен өндіруді жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурсты дайындау және ұйымдастыру;

3) кең таралғандарын қоспағанда, пайдалы қазбаларды барлауды, өндіруді, бірлескен барлау мен өндіруді жүргізуге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру;

3-1) жер қойнауын пайдалану құқығы берілетін кен орны бойынша материалдарды (нүктелердің географиялық координаттарын) қоса бере отырып, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 49-2-бабына сәйкес жерді резервте қалдыру қажеттігі туралы хабарлама жіберу;

4) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшартты қоспағанда, тікелей келіссөздер негізінде келісімшарт жасасатын тұлғамен немесе конкурс жеңімпазымен барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың талаптары туралы келіссөздер жүргізу;

5) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған жобалау құжаттарын қоспағанда, барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған жобалау құжаттарына сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

6) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында, ол бекіткен қағидаларға сәйкес, минералдық шикізатты бастапқы өңдеуге (байытуға) жататын жұмыстар тізбесін айқындау бөлігінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жобаларына сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

7) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге және барлаумен немесе өндірумен

байланысты емес жерасты ғимараттарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды қоспағанда, келісімшарттарды жасасу, мемлекеттік тіркеу және сақтау;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктерге сәйкес, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды қоспағанда, барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру және олардың сақталуын қамтамасыз ету;

9) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге және барлаумен және өндіруге байланысты емес жерасты ғимараттарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттардың талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асыру;

10) Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ұсынымдары негізінде иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні сатып алу (сатып алудан бас тарту) туралы шешімдер қабылдау;

11) жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссияның ұсыныстары негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иеліктен шығаруға, жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы қатысу үлесін (акциялар пакетін) кепілге беруге рұқсат беру (рұқсат беруден бас тарту), сондай-ақ кең таралған пайдалы қазбаларға қатысты жер қойнауын пайдалану құқығын қоспағанда, осы Заңның 36 және 37-баптарына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру жөніндегі мәмілені тіркеу;

12) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды қоспағанда, барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттардың орындалуын және қолданысының тоқтатылуын қамтамасыз ету;

13) Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды қоспағанда, барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттар бойынша келісімшарттық талаптардың орындалу барысы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну;

14) құрамында кең таралған пайдалы қазбалар бар жер қойнауы учаскелерін қоспағанда, тендерге немесе аукционға шығаруға жататын жер қойнауы учаскелерінің тізбелерін әзірлеу және бекіту;

15) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды қоспағанда, барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттардың қолданылуын жаңғырту туралы шешім қабылдау;

16) келісімшартты орындау мүмкіндігін қамтамасыз ететін басқа мемлекеттердің тиісті органдарымен Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Үкіметінің тапсырмасы бойынша келіссөздер жүргізу және келісімдер жасасу;

17) жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссия туралы ережені бекіту;

18) Қазақстан Республикасының аумағында өңделуін конкурсқа қатысушы қамтамасыз етуге міндеттенетін минералдық шикізаттың ең аз мөлшерін айқындау;

19) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға жинақтау және талдау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуындағы жергілікті қамту бойынша жалпы ақпаратты беру;

20) модельдік келісімшарттарды әзірлеу және бекіту;

21) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту және кадрлардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді қоса алғанда, жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттар талаптарын орындауына мониторинг пен бақылауды жүзеге асыру;

22) келісімшарттар талаптарының орындалуын сақтауға мониторингті және бақылауды жүзеге асыру тәртібін әзірлеу және бекіту;

23) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, жер қойнауын пайдаланушылар және (немесе) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға жер қойнауын пайдаланушылар уәкілеттік берген тұлғалар беретін, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жүргізілген, жүргізілетін және есепті кезеңнен кейінгі жылға жоспарланып отырған сатып алу туралы ақпаратты жинау және талдау;

23-1) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, көмірсутек шикізатын өндірудің, өткізудің және тұтынудың ұлттық балансын, оның ішінде ұлттық отын-энергетикалық балансты әзірлеу;

24) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, жер қойнауын пайдаланушылар және (немесе) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға жер қойнауын пайдаланушылар уәкілеттік берген тұлғалар беретін, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін

қызметтерді орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерге жоспарланып отырған сатып алу туралы ақпаратты жинау және талдау;

25) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін жер қойнауын пайдаланушылардың сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

26) сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен ақпарат сұрату;

27) пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге және бірлескен барлау мен өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі жұмыс тобы туралы ережені және оның құрамын бекіту;

27-1) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

27-2) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

27-3) Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамын және ол туралы ережені бекіту;

27-4) Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды өткізу жөніндегі комиссияның құрамын және ол туралы ережені бекіту;

27-5) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу туралы есептерін ұсыну тәртібін бекіту;

27-6) келісімшарт талаптары бойынша келіссөздер жүргізу жөніндегі жұмыс тобы туралы ережені және оның құрамын бекіту;

27-7) барлауға арналған үлгілік келісімшарттың нысанын бекіту;

27-8) келісімшарттық аумақты немесе оның бөліктерін қайтару қағидаларын әзірлеуге қатысу;

28) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 130-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Мұнай мен газ саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Мұнай мен газ саласындағы уәкілетті органның құзыретіне:

1) мұнайды экспорттау үшін басқа мемлекеттердің өз аумақтарында құбырлар мен басқа да тасымалдау құралдарын салу және пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ететін тиісті органдарымен Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Үкіметінің тапсырмасы бойынша келіссөздер жүргізу және келісімдер жасасу;

2) мұнайдың стратегиялық қорларын қалыптастыруды қамтамасыз ету және олардың Қазақстан Республикасының аумағында орналастырылуын есепке алу;

3) қажеттілік болған жағдайда, ішкі нарықтың жанар-жағармай материалдарына қажеттіліктерін жабуға қажетті көлемде Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тысқары жерлерде өңдеуге арналған мұнай мөлшерін кестелермен (жылдық және ай сайынғы) айқындау;

РҚАО-ның ескертпесі!

4) тармақша "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 27.12.2017 № 125-VI ҚР Кодексі қолданысқа енгізілген кезге дейін алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 2-т. 1) қараңыз).

4) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) қоршаған ортаны қорғау саласындағы және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органдармен келісу бойынша ілеспе газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасын бекіту, газды кәдеге жаратудың және ілеспе газды қайта өңдеуді дамытудың бекітілген бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

6) өзі бекіткен тәртіпке сәйкес, ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат беру;

7) жағалау жиегінің нақты орналасқан жерін айқындау тәртібін әзірлеу және бекіту;

8) мұнай өндірудің және айналымының бірыңғай дерекқорын жүргізу тәртібін әзірлеу және айқындау;

9) жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды, сондай-ақ мұнай операцияларымен байланысты өзге де объектілерді құру, пайдалануға беру және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

10) жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттық аумақта өндірілген мұнайдың көлемі мен салмағын өлшеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

11) теңізде, ішкі су айдындарында, төтенше экологиялық жағдай аймақтарында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мұнай операцияларын жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту;

12) теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту;

13) еркін өткізу қуаты болған жағдайда магистральдық құбырлар мен теміржол эстакадалары қуаттарын пайдалану тәртібін әзірлеу және бекіту;

14) мұнай операцияларын жүргізу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды жағу нормативтері мен көлемдерін есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

15) ілеспе газды өңдеуді дамыту бағдарламасын орындау туралы есептіліктің нысандары мен мерзімдерін әзірлеу;

16) кен орнын игеру жобасына сәйкес мұнай өндіруді, сондай-ақ оның айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

16-1) мұнай және газ саласындағы лицензиялауды жүзеге асыру;

17) мұнайды өткізудің техникалық-экономикалық негіздемеде қабылданған есептік бағалары шегінде келісімшартқа қол қою сәтіндегі келісімшартқа техникалық-экономикалық негіздеменің экономикалық көрсеткіштерін негізге ала отырып, жер қойнауын пайдаланушылар үшін Қазақстан Республикасының ішкі нарығына шикі мұнайды қайта өңдеуге арналған жеткізу көлемдерін айқындау;

18) өз құзыреті шегінде жер қойнауын пайдалану саласындағы техникалық регламенттерді, нормативтік техникалық құжаттарды әзірлеу және бекіту;

19) мұнай операцияларын жүргізу және мұнайды тасымалдау саласындағы адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіру қатеріне талдау жасау және оны бағалау;

20) ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат беру тәртібін әзірлеу;

21) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, келісімшартты орындау кезінде тартылған қызметкерлерді оқытуға, олардың біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға немесе құзыретті органмен келісілген мамандықтар тізбесі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға бағытталатын шығыстар мөлшері жөніндегі міндеттемелерді орындау бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың есептерін жасаудың және ұсынудың нысандары мен тәртібін индустриялық саясатты реттеу саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп әзірлеу;

22) жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық, орта мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларын, сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы және кадрлардағы қазақстандық қамту жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы есептерін жасау және ұсыну нысандары

мен тәртібін индустриялық саясатты реттеу саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп әзірлеу;

23) келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстарды айқындау тәртібін индустриялық саясатты реттеу саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп әзірлеу;

23-1) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, көмірсутек шикізатын өндірудің, өткізудің және тұтынудың ұлттық балансын, оның ішінде ұлттық отын-энергетикалық балансты әзірлеу және бекіту;

23-2) есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандырылуға жататын өндірістік объектілердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

23-3) өндірістік объектілерді есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру және есепке алудың бақылау аспаптарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету тәртібін әзірлеу және бекіту;

23-4) мұнайды есепке алудың ақпараттық жүйесін қалыптастыру және оның жұмыс істеу тәртібін әзірлеу және бекіту;

23-5) мұнайды есепке алу ақпараттық жүйесінің операторын айқындау;

23-6) теңізді тазарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін қажетті материалдар мен заттарға нормативтер мен талаптар белгілеу;

23-7) Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында мұнай төгілуінің алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ұлттық жоспарды бекіту;

24) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

Ескерту. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.06.22 № 21-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-бап. Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның құзыретіне:

1) кең таралған пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөніндегі өңіраралық комиссиялар туралы ережені бекіту;

РҚАО-ның ескертпесі!

2) тармақшаның осы редакциясы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 27.12.2017 № 125-VI ҚР Кодексі қолданысқа енгізілген кезге дейін қолданылады - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 2-т. 1) қараңыз).

2) өз құзыреті шегінде жер қойнауын пайдалану саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу және бекіту;

3) Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия және пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі өңіраралық комиссиялар туралы ережелерді әзірлеу және бекіту;

4) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) мұнай және газ саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларды әзірлеу және бекіту;

6) мұнай және газ саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін әзірлеу және бекіту;

7) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) жер қойнауына мемлекеттік мониторингті жүзеге асыру тәртібін әзірлеу және бекіту;

10) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

11) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

11-1) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің өндірістік қызметін (технологиялық процесін) жер қойнауын пайдаланумен байланысты қызмет (технологиялық процесс) деп тану тәртібін айқындау;

12) мұнай және газ саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, жер қойнауын пайдалану объектілерін жою және консервациялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

13) жер қойнауының жай-күйі туралы геологиялық есептілікті ұсыну нысанын әзірлеу және бекіту;

14) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

15) мұнай және газ саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша "Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі" мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

16) ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтымды есептеуінің бірыңғай әдістемесін әзірлеу және бекіту;

17) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі жұмысымен электрондық сатып алу жүйелерінің жұмысын үндестіру тәртібін әзірлеу және бекіту;

18) тәулігіне екі мың текше метр және одан да көп көлемдегі өндірістік-техникалық жерасты суларын пайдалы қазбаны өндірудің технологиялық схемасына сәйкес қаттарға айдау үшін оларды барлау мен өндіруге не тау-кен қазбаларын пайдалану кезінде су деңгейін төмендету мақсатында жерасты суларын өндіруге арналған рұқсатты беру тәртібін әзірлеу және бекіту;

19) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының облыс, республикалық маңызы бар қала, астана аумағында өндірілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізбесін қалыптастыру жөніндегі қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

20) мұнай мен газ саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасында дамытылатын басымдыққа ие жоғары технологиялық өндірістер тізбесін бекіту;

21) мұнай және газ саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша, жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың шарттарына енгізілетін, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі ең аз жергілікті қамтымды есептеу тәртібін әзірлеу және бекіту;

22) жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуының жылдық, орта мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларын, сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілген қызметтер туралы және кадрлардағы жергілікті қамтым жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы есептерін жасау және ұсыну нысандары мен тәртібін мұнай және газ саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп әзірлеу және бекіту;

23) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, келісімшартты орындау кезінде тартылған қызметкерлерді оқытуға, олардың біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға және (немесе) құзыретті органмен келісілген мамандықтар тізбесі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға бағытталатын шығыстар мөлшері жөніндегі міндеттемелерді орындау бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың есептерін жасаудың және ұсынудың нысандары мен тәртібін мұнай және газ саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп әзірлеу және бекіту;

24) алынып тасталды - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25) осы тізілімге енгізу үшін оларды бағалау критерийлерін қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімін қалыптастыру мен жүргізу тәртібін бекіту, осы тізілімге енгізу үшін оларды бағалау критерийлерін қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімін қалыптастыру және жүргізу;

25-1) кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің жер қойнауын пайдаланушыларға қызмет көрсету қағидаларын бекіту;

25-2) кең таралған пайдалы қазбалардың тізбесін айқындау;

26) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 №

156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-бап. Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның құзыреті

Жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган:

1) жер қойнауын геологиялық зерттеу мен кешенді пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) осы Заңның 35-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларда тәулігіне екі мың және одан да көп текше метр көлемінде өндірістік-техникалық жерасты суларын барлауға және өндіруге рұқсаттар береді және оларды қайтып алады;

3) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге жер қойнауын пайдалану құқығын береді, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге келісімшарттар (шарттар) жасасады, олардың мемлекеттік тіркелуін, сақталуын және орындалу мониторингін жүзеге асырады;

4) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) жер қойнауының мемлекеттік сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді, пайдалы қазбалар қорларын бекітеді;

6) елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз етуге арналған жерасты суларын қоспағанда, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу саласындағы жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманың экономикалық сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді;

7) пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансын, кен орындарының және пайдалы қазбалардың көрініс-белгілерінің, қауіпті геологиялық процестердің мемлекеттік кадастрларын жасауды ұйымдастырады және жүргізеді ;

РҚАО-ның ескертпесі!

8) тармақшаның ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

8) тарихи шығындар көлемін, геологиялық ақпарат алудың құны мен талаптарын айқындайды;

9) геологиялық ақпараттың республикалық және аумақтық қорларын ұйымдастырады және жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

9-1) барлау үшін оңайлатылған тәртіппен берілетін жер қойнауы учаскелері бойынша геологиялық ақпаратты өтініш берушіге пайдалануға береді;

10) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

РҚАО-ның ескертпесі!

11) тармақшаның осы редакциясы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 27.12.2017 № 125-VI ҚР Кодексі қолданысқа енгізілген кезге дейін қолданылады - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 2-т. 1) қараңыз).

11) өз құзыреті шегінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарт талаптарын орындауына мониторингті, сондай-ақ жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшарт (шарттар) талаптарын орындауына мониторингті және бақылауды жүзеге асырады;

РҚАО-ның ескертпесі!

12) тармақша "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 27.12.2017 № 125-VI ҚР Кодексі қолданысқа енгізілген кезге дейін алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 2-т. 1) қараңыз).

12) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

13) құзыретті органға конкурсқа шығаруға жататын, сондай-ақ барлау үшін оңайлатылған тәртіппен берілетін жер қойнауы учаскелері тізбелерінің жобаларын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

14) минералдық шикізатты бастапқы өңдеуді (байытуды) қоса алғанда, жер қойнауының ұтымды және кешенді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

РҚАО-ның ескертпесі!

15) тармақшаның ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

15) геологиялық және тау-кендік бөлулерді береді;

16) техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын ұйымдастырады және жүргізеді;

17) келісімшарттардың жобалары мен жұмыс бағдарламаларын келіседі;

18) суды пайдаланушылар мен гидрометеорологиялық қызмет ұсынатын жерасты суларын пайдалануды есепке алу деректерінің негізінде жерасты суларын мемлекеттік есепке алуды жүзеге асырады;

19) жерасты сулары бөлігінде мемлекеттік су кадастрын жүргізеді;

20) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

21) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

22) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

23) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

24) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

25) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

26) алып тасталды - ҚР 29.03.2016 № 479-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

27) пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөніндегі орталық комиссияның ұсынымдары негізінде жобалау құжаттарын бекітеді;

28) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына құрамында кең таралған пайдалы қазбалар бар, тендерге немесе аукционға шығаруға жататын жер қойнауы учаскелері тізбелерінің жобаларын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

29) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

30) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу және оған мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізумен байланысты объектілердің жоба-сметалық құжаттамасына экономикалық сараптама жүргізу, мұнай-газ және гидрогеологиялық ұңғымаларды консервациялау, жою тәртібін бекітеді;

31) еңбек жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу және оған мониторинг жүргізу саласындағы жұмыстарды жүргізуге арналған уақыт және бағалау нормаларын бекітеді;

32) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

32-1) мемлекет меншігіндегі геологиялық ақпаратты оқу, ғылыми, коммерциялық мақсаттарда пайдалану және Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерге геологиялық ақпаратты әкету қағидаларын бекітеді;

РҚАО-ның ескертпесі!

32-2) тармақшаның ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

32-2) тарихи шығындар мен геологиялық ақпарат құнын айқындау тәртібін бекітеді;

32-3) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге келісімшарт (шарт) жасасу тәртібін бекітеді;

32-4) техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін бекітеді;

32-5) пайдалы қазбалар жатқан алаңдарға құрылыс салуға рұқсат беру тәртібін бекітеді;

32-6) пайдалы қазбалар кен орындары мен көрініс-белгілерінің мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін бекітеді;

32-7) пайдалы қазбалар қорларын мемлекеттік балансқа қосу және оларды мемлекеттік баланстың есебінен шығару тәртібін әзірлейді және бекітеді;

32-8) пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансы бойынша ақпаратты мемлекеттік органдарға беру тәртібін бекітеді;

32-9) жер қойнауын ұтымды пайдалану саласындағы талаптарды бұзу салдарынан келтірілген залал мөлшерін айқындау тәртібін бекітеді;

32-10) Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық, гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, геофизикалық, экологиялық-геологиялық және геохимиялық тұрғыдан зерттелуін есепке алу тәртібін бекітеді;

32-11) келісімшарттық аумақты немесе оның бөліктерін қайтару қағидаларын бекітеді;

32-12) Қазақстан Республикасы пайдалы қазбаларының кен орындарын алғашқы ашушылар туралы ережені бекітеді;

33) осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 20-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

21-бап. Пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөніндегі орталық комиссия және кең таралған пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөніндегі өңіраралық комиссиялар

1. Орталық комиссияның негізгі міндеті пайдалы қазбалардың кен орындарын және жерасты суларын барлау мен игерудің анағұрлым тиімді әдістерін қолдануды қамтамасыз ету болып табылады.

Орталық комиссияның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша оның ұсынымдары хаттамамен ресімделіп, меншік нысанына қарамастан, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында пайдалы қазбаларды барлау мен игеруді жобалаумен және жүзеге асырумен айналысатын шетелдік субъектілер үшін орындалуы міндетті болып табылатын жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның шешімімен қабылданады.

Орталық комиссия мен өңіраралық комиссиялардың қызметін ұйымдастыру, олардың құрамы, материалдарды және құжаттарды жинау мен сақтау тәртібі құзыретті орган бекітетін орталық комиссия және өңіраралық комиссиялар туралы ережеде айқындалады.

Құзыретті орган орталық комиссияның құрамына қоғамдық бірлестіктердің, ғылыми зерттеу институттарының, ұйымдардың, өзге де тұлғалардың өкілдерін (сарапшыларын) тартуға құқылы.

2. Орталық комиссияның өз құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарау мерзімдері бес айдан аспауға тиіс.

3. Орталық комиссияның құзыретіне жобалау кезінде пайдалы қазбалар мен жерасты суларын барлау мен игерудің анағұрлым тиімді әдістерін қолдануды қамтамасыз ету жатады.

4. Орталық комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөнінде жер қойнауын пайдаланушылар ұсынатын жобалау құжаттарын, оларға толықтырулар мен өзгерістерді бекіту не бекітуден бас тарту жөніндегі ұсынымдарды қарайды және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға енгізеді;

2) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға кен орындарын сынамалы пайдалануды жүргізу мерзімдерін ұзарту туралы ұсынымдар жібереді;

3) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға жобалаушы ұйымдар мен жер қойнауын пайдаланушылар үшін минералдық шикізатты ұтымды әрі кешенді пайдалануды арттыру бойынша ұсынымдар жібереді;

4) жобалау құжаттарында пайдалы қазбаларды барлау мен игерудің анағұрлым тиімді әдістері мен технологияларын қолдануды қамтамасыз етеді;

5) ғылыми-зерттеу, жобалау ұйымдарының және жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалану, минералдық шикізатты дұрыс

есепке алу, ұтымды әрі кешенді пайдалану мәселелері жөніндегі әзірлемелерін қарайды.

5. Орталық комиссияның:

1) ғылыми-зерттеу, жобалау ұйымдарынан және жер қойнауын пайдаланушылардан жер қойнауын пайдалану, минералдық шикізатты ұтымды әрі кешенді пайдалану мәселелері бойынша анықтамалық және басқа да материалдарды сұратуға;

2) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға жер қойнауын пайдаланушылардың өз құзыреті шегінде ұсынылатын жобалау құжаттарына ғылыми-зерттеу ұйымдарында және мемлекеттік органдарда қосымша сараптамалар жүргізу қажеттігі туралы ұсынымдар жіберуге;

3) жобалау ұйымдары мен жер қойнауын пайдаланушыларға ғылыми-зерттеу, жобалау ұйымдарының және жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалану, минералдық шикізатты дұрыс есепке алу, ұтымды әрі кешенді пайдалану мәселелері бойынша жаңа нысандар мен әдістер қолдануды ұсынуға құқығы бар.

6. Өңіраралық комиссиялардың өкілеттіктеріне кең таралған пайдалы қазбаларды барлау мен игеру жөнінде жер қойнауын пайдаланушылар ұсынатын жобалау құжаттарын, оларға толықтырулар мен өзгерістерді бекіту не бекітуден бас тарту туралы ұсынымдарды қарау және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшелеріне енгізу жатады.

22-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды өткізу жөніндегі комиссияның және кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстық комиссиялардың міндеттері, функциялары мен құқықтары

1. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды өткізу жөніндегі комиссияның негізгі міндеттері:

1) кең таралғандарын қоспағанда, пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған аукционға қатысу үшін өтінімдерді және тендерге қатысу үшін конкурстық ұсыныстарды қарау және бағалау;

2) кең таралғандарын қоспағанда, пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурсқа қатысушылар қатарынан жеңімпазды анықтау болып табылады.

2. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды өткізу жөніндегі комиссияның функциялары:

1) аукционға қатысу үшін өтінімдердің және тендерге қатысу үшін конкурстық ұсыныстардың уақтылы және сапалы қаралуын қамтамасыз ету;

2) ұсынылған аукционға қатысу үшін өтінімдерді және тендерге қатысу үшін конкурстық ұсыныстарды объективті және жан-жақты бағалау болып табылады.

3. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды өткізу жөніндегі комиссияның:

1) конкурсқа қатысу үшін берілген конкурстық ұсыныстарды бағалауға, салыстыруға;

2) конкурстың жеңімпазын анықтауға;

3) осы Заңда белгіленген негіздер бойынша конкурсты өткізілмеді деп тануға;

4) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, өзге де тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға;

5) отырыстарда комиссия мүшелерін, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, өзге де тұлғалардың өкілдерін тыңдауға;

6) осы Заңда белгіленген негіздер бойынша аукционға қатысу үшін өтінімді немесе тендерге қатысу үшін конкурстық ұсынысты қабылдамауға;

7) қажет болған жағдайда тиісті салалардағы мамандар қатарынан сарапшыларды тартуға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

4. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының актісі негізінде құрылатын, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстық комиссияның негізгі міндеттері:

1) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған аукционға қатысу үшін өтінімдерді және тендерге қатысу үшін конкурстық ұсыныстарды уақтылы қарау және бағалау;

2) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурсқа қатысушылар арасынан жеңімпазды анықтау болып табылады.

Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстық комиссиялар осы баптың 2-тармағында айқындалған функцияларды жүзеге асырады және осы баптың 3-тармағында айқындалған құқықтарға ие болады.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-бап. Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның міндеттері, функциялары және құқықтары

1. Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның негізгі міндеттері:

1) осы Заңның және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні иеліктен шығару туралы өтініштерді қарау;

2) мемлекеттің басым құқығын іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу.

2. Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның функцияларына:

1) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау;

2) тұлғалардың жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғалардағы өздеріне тиесілі қатысу үлестерін (акциялар пакеттерін) иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау;

3) егер осы заңды тұлғалардың негізгі қызметі Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланумен байланысты болса, тұлғалардың шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындау және (немесе) жер қойнауын пайдаланушы қабылдайтын шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар заңды тұлғалардағы өздеріне тиесілі қатысу үлестерін (акциялар пакеттерін) иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау;

4) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты иеліктен шығарылатын объектіні мемлекеттің сатып алуы туралы не сатып алудан бас тартуы туралы ұсыныстарды әзірлеу, негіздеу және құзыретті органға енгізу кіреді.

3. Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның:

1) орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуға;

2) мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың өкілдерін және азаматтарды өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша отырыстарға шақыруға және тыңдауға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдардан және азаматтардан өз функцияларын жүзеге асыруға қажетті материалдарды сұратуға және алуға құқығы бар.

РҚАО-ның ескертпесі!

24-баптың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

24-бап. Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссияның және кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссиялардың міндеттері, функциялары мен құқықтары

1. Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссияның негізгі міндеті осы баптың 2-тармағында көрсетілген, кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығының (оның бір бөлігінің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің айналымымен байланысты мәселелер бойынша құзыретті органға ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

2. Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссияның функцияларына:

1) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) иеліктен шығаруға;

2) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иеліктен шығаруға;

3) жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін), жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғалардағы қатысу үлестерін (акциялар пакеттерін) кепілге беруге;

4) осындай жер қойнауын пайдалану құқығынан (оның бір бөлігінен), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерден ақы өндіріп алу жағдайларында, оның ішінде кепілге салу кезінде жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді өткізу (сату) жөніндегі жария сауда-саттыққа қатысуға;

5) банкроттық рәсімдерін жүзеге асыру кезінде құрамына жер қойнауын пайдалану құқығы (оның бір бөлігі), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер кіретін мүліктік массаны өткізу (сату) жөніндегі жария сауда-саттыққа қатысуға;

6) кепілге салынған жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін), жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы қатысу үлесін (акциялар пакетін) өткізу жөніндегі сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланған жағдайда

кепіл ұстаушының кепілге салынған жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін), жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы қатысу үлесін (акциялар пакетін) сатып алуға;

7) бір немесе бірнеше қатысушылардың қосымша салымдар енгізуі жолымен, сондай-ақ заңды тұлғаның қатысушылары құрамына жаңа қатысушыны қабылдау жолымен жарғылық капиталды ұлғайту нәтижесінде жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы үлеске құқықты сатып алуға;

8) жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын заңды тұлғаның, сондай-ақ егер осы заңды тұлғаның негізгі қызметі Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланумен байланысты болса, шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындау және (немесе) осындай жер қойнауын пайдаланушы қабылдайтын шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар заңды тұлғаның акцияларын немесе акцияларға меншік құқығын растайтын өзге де бағалы қағаздарды не акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздарды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы айналымға бастапқы шығаруға, оның ішінде қосымша эмиссия шеңберінде шығарылған осындай бағалы қағаздарды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында бастапқы орналастыруға;

9) жұмыс бағдарламасы, келісімшарт бойынша міндеттемелердің өзгеруі;

10) келісімшарттардың қолданылу мерзімдерін ұзартуға арналған өтініштерді қарау, оларға рұқсат беру (беруден бас тарту) туралы ұсыныстарды әзірлеу, негіздеу және құзыретті органға енгізу кіреді.

Құзыретті органның тапсырмасы бойынша жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссия жер қойнауын пайдалануға байланысты өзге де мәселелерді қарайды және олар бойынша тиісті ұсыныстар әзірлеп, құзыретті органға енгізеді.

3. Жер қойнауын пайдалану және олармен байланысты құқықтар мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссияның:

1) орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуға;

2) мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың өкілдерін және азаматтарды өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша отырыстарға шақыруға және тыңдауға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан өз функцияларын жүзеге асыруға қажетті материалдарды сұратуға және алуға құқығы бар.

4. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары жанынан құрылатын кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану мәселелері

жөніндегі сарапшылық комиссиялардың негізгі міндеті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына осы баптың 2-тармағында көрсетілген, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғалардағы қатысу үлестерінің (акциялар пакеттерінің) айналымына байланысты мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссиялар осы баптың 2-тармағында айқындалған функцияларды жүзеге асырады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті жергілікті атқарушы органдарының тапсырмасы бойынша кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссиялар кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдаланумен байланысты өзге де мәселелерді қарауға, олар бойынша тиісті ұсыныстар әзірлеп, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына енгізуге құқылы.

Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссиялар осы баптың 3-тармағында айқындалған құқықтарға ие болады.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.03.2014 № 177-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

25-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган:

- 1) жер қойнауының қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 2) жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және сарқынды суларды ағызудың тәртібін белгілейді және мемлекеттік кадастрын жүргізеді;
- 3) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен бірлесе отырып, жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды бұзу және жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығын бұзу салдарынан келтірілген залалдың мөлшерін айқындайды;
- 4) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) мұнай операцияларын жүргізу, мұнай-газ құбырларын салу және пайдалану кезінде аварияларды және өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі іс-шаралар бағдарламаларын келіседі;

6) жер қойнауын пайдалану объектілерін консервациялау мен жоюға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

7) алып тасталды - ҚР 25.04.2016 № 505-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

8) құрамында кең таралған пайдалы қазбалар бар жер қойнауы учаскелерін қоспағанда, конкурсқа шығаруға жататын, сондай-ақ барлау үшін оңайлатылған тәртіппен берілетін жер қойнауы учаскелері тізбелерінің жобаларын келіседі;

8-1) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды және гидроқұрылыстарды салу (реконструкциялау) және жөндеу кезінде жер қойнауын пайдалану құқығына жазбаша рұқсат беруді келіседі;

9) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 25-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

26-бап. Жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де уәкілетті органдардың құзыреті

1. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган:

1) кадрлардағы жергілікті қамтуды есептеу әдістемесін әзірлейді және құзыретті органның келісімі бойынша бекітеді;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың кадрлардағы жергілікті қамту бойынша, сондай-ақ кемсітпеушілік негізде қазақстандық кадрлардың еңбек жағдайлары мен еңбегіне ақы төлеуді қамтамасыз ету бойынша келісімшарттық міндеттемелерді орындауының мониторингін жүзеге асыруға қатысады;

3) кадрлардағы жергілікті қамтудың ең аз санын есептеу тәртібін бекітеді;

4) құзыретті органмен келісілген тәртіппен оған жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс талаптарына енгізу үшін кадрлардағы ең аз жергілікті қамтуды ұсынады;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган:

1) қазақстандық мамандарды оқыту бойынша қажеттіліктің ең аз деңгейін есептеу әдістемесін әзірлейді және құзыретті органның келісімімен бекітеді;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық мамандарды оқыту бойынша келісімшарттық міндеттемелерді орындауының мониторингін жүзеге асыруға қатысады;

3) оқытуға жататын персоналдың жалпы санына пайызбен алғандағы қазақстандық кадрлардың ең аз санын есептеу тәртібін бекітеді;

4) құзыретті органмен келісілген тәртіппен оған жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс талаптарына қосу үшін оқытуға жататын персоналдың жалпы санына пайызбен алғандағы қазақстандық кадрлардың ең аз санын табыс етеді.

5) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті орган құзыретті органмен келісу бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жобаларына экономикалық сараптаманы жүзеге асыру қағидаларын белгілейді.

4. Құқықтық реттеу саласындағы уәкілетті орган құзыретті органмен келісу бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жобаларына құқықтық сараптаманы жүзеге асыру қағидаларын белгілейді.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

27-бап. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) жер қойнауын пайдаланушыға Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес келісімшартта айқындалған көлемде және мерзімге жер пайдалану құқығына жер учаскесін береді. Қажет болған жағдайда жер учаскесін аталған мақсаттар үшін Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке меншік иесінен немесе жер пайдаланушыдан алып қоюды жүргізеді;

1-1) осы Заңның 72-1-бабына сәйкес жасалатын келісімшарттық аумақты сенімгерлік басқару шарты негізінде сенімгерлік басқарушыға жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттарды қайта ресімдеуді жүзеге асырады;

2) өз құзыреті шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін берілген жер және су учаскелерінің қорғалуын, жер қойнауын пайдаланушының экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтауын, археологиялық ескерткіштер мен басқа да тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

3) келісімшарт жасасу кезінде өңір халқының әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мүдделерінің сақталумен байланысты мәселелерді шешу үшін жер қойнауын пайдаланушымен келіссөздерге қатысады;

4) тауарлардағы, жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі, кадрлардағы жергілікті қамту мен аумақтарды әлеуметтік дамыту, оның ішінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі бөлігінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттық міндеттемелерді орындауының мониторингін жүзеге асыруға қатысады;

5) жер қойнауын пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар береді;

6) құрамында кең таралған пайдалы қазбалар бар, тендерге немесе аукционға шығаруға жататын жер қойнауы учаскелерінің тізбесін бекітеді;

7) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында өндірілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізбесін қалыптастыруды жүзеге асырады, ол жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімін қалыптастыру мен жүргізу мақсатында құзыретті органға тоқсан сайын ұсынылады;

8) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауды немесе өндіруді жүргізуге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру үшін конкурстарды дайындайды және ұйымдастырады;

9) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстық комиссиялардың құрамын бекітеді;

10) жер қойнауын пайдаланушымен келісімшарттардың талаптары туралы келіссөздер жүргізеді және жер қойнауын пайдаланушымен бірлесе отырып, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге және барлаумен немесе

өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған жобалау құжаттарын дайындайды;

10-1) елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді;

11) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманың сараптамасын қоспағанда, барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған, елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына арналған кең таралған пайдалы қазбалар бойынша жобалау құжаттарына сараптама жүргізуді ұйымдастырады;

12) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды жасасады, тіркейді және сақтайды;

13) осы Заңның 37-бабына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын табыс етуге арналған рұқсаттарды береді, сондай-ақ кең таралған пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге салу жөніндегі мәмілелерді тіркейді;

13-1) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды және гидроқұрылыстарды салу (реконструкциялау) және жөндеу кезінде жер қойнауын пайдалану құқығына рұқсат береді;

13-2) пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда құрылыс салуға, сондай-ақ олар жатқан орындарда жерасты құрылыстарын орналастыруға рұқсат береді;

14) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттардың орындалуын және қолданысының тоқтатылуын қамтамасыз етеді;

15) жер қойнауын пайдаланумен байланысты, экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық маңызы бар объектілердің сақталуына жәрдемдеседі;

16) құзыретті және уәкілетті орталық атқарушы органдармен келісім бойынша жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілері мен жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жатқызылған, айрықша экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар жер қойнауы учаскелерінің тізбелерін бекітеді;

17) кең таралған пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттардың қолданысын қайта бастау туралы шешімдер қабылдайды;

18) кең таралған пайдалы қазбалар және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану бойынша келісімшарттық міндеттемелердің орындалуына мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады;

19) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-1) қалалар мен елді мекендердің аумақтарына құрылыс салу қағидаларын, жас екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын әзірлейді және мәслихатқа бекітуге ұсынады;

20) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 27-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ

28-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығының түрлері

1. Жер қойнауын пайдалану құқығы мынадай операцияларды жүргізу:
 - 1) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу;
 - 2) барлау;
 - 3) өндіру;
 - 4) бірлескен барлау мен өндіру;
 - 5) барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану үшін беріледі.
2. Жер қойнауын пайдалану құқығы тұрақты немесе уақытша, иеліктен шығарылатын немесе шығарылмайтын, өтемді немесе өтеусіз болуы мүмкін.
3. Жер қойнауын пайдаланушыға жеке меншік немесе жер пайдалану құқығымен тиесілі жер учаскелерінде кең таралған пайдалы қазбаларды және

жерасты суларын өз мұқтажы үшін тәулігіне елу текше метрден аспайтын өндіру көлемінде өндіру тұрақты және өтеусіз жер қойнауын пайдалану құқығымен жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың барлық қалған түрлері уақытша және өтемді жер қойнауын пайдалану негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

29-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығының субъектілері

1. Қазақстандық және шетелдік жеке және заңды тұлғалар жер қойнауын пайдалану құқығының субъектілері болуы мүмкін.

2. Кең таралған пайдалы қазбаларды және жерасты суларын өз мұқтажы үшін өндіруді жүзеге асыратын тұлғаларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушылар кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылуға тиіс.

3. Бір келісімшарт бойынша бірнеше тұлға жер қойнауын пайдалану құқығының субъектілері болуы мүмкін. Мұндай тұлғалар жер қойнауын пайдалану құқығының бірлескен иелері болып табылады және келісімшарт негізінде туындайтын міндеттемелер бойынша ортақ жауапкершілікте болады.

Жер қойнауын пайдалану құқығының бірлескен иелерінің құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына қатысты құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ олардың жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестерінің мөлшері келісімшартта айқындалады.

Жер қойнауын пайдалану құқығының бірлескен иелерінің құқықтары мен міндеттері және ортақ істерді жүргізу тәртібі келісімшартта, сондай-ақ бірлескен қызмет туралы шартта айқындалады. Бірлескен қызмет туралы шарттың ережелері келісімшарттың ережелеріне қайшы келмеуге тиіс.

Келісімшарт бойынша операторды құру немесе айқындау жағдайында жер қойнауын пайдалану құқығының бірлескен иелері бұл туралы құзыретті органға жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Ұлттық компанияның міндетті үлестік қатысуы бар келісімшарттарда ұлттық компанияның оператордың жарғылық капиталындағы қатысу үлесі кемінде елу пайызды құрауға тиіс.

Жер қойнауын пайдалану құқығының бірлескен иелері оператордың әрекеттері үшін мүліктік жауапкершілікте болады.

РҚАО-ның ескертпесі!

30-баптың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер

қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

30-бап. Жер қойнауын пайдаланушы құқықтарының кепілдіктері

Жер қойнауын пайдаланушыға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтарының қорғалуына кепілдік беріледі. Келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдаланушының кәсіпкерлік қызметінің нәтижелерін нашарлататын заңнама өзгерістері мен толықтырулары осы өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін жасалған келісімшарттарға қолданылмайды.

Осы бапта белгіленген кепілдіктер Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздікті, қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету саласындағы, экологиялық қауіпсіздік, денсаулық сақтау, салық салу және кедендік реттеу саласындағы заңнамасының өзгерістеріне қолданылмайды.

31-бап. Ұлттық компанияның функциялары

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыретке сәйкес ұлттық компанияның функциялары:

1) жер қойнауын пайдалану саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган мұнай және газ саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп айқындайтын тәртіппен және келісімшарттарда бекітілген өкілеттіктер шегінде ұлттық компанияның үлестік қатысуы көзделетін келісімшарттарда мемлекеттік мүдделерді білдіру;

3) конкурс жеңімпаздарымен бірлесе отырып, құзыретті органның шешімі бойынша келісімшарттарға үлестік қатысу жолымен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу;

4) тікелей келіссөздер негізінде берілген жер қойнауы учаскелерінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу;

5) жер қойнауын пайдалану және көмірсутек шикізатын тасымалдау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық және ішкі жобаларына қатысу;

6) Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне келісімшарттардың орындалу барысы туралы жыл сайынғы есептерді дайындауға қатысу;

7) пайдалы қазбаларды барлау, игеру, өндіру, өңдеу, өткізу, көмірсутектерді тасымалдау, мұнай-газ құбырларын және мұнай-газ өнеркәсіптік

инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару мен мониторингті жүзеге асыру;

8) осы Заңның 13-бабының 8-тармағына сәйкес, иеліктен шығарушымен (иеліктен шығарушылармен) иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні сатып алу туралы келіссөздер жүргізу және келісімдер жасасу болып табылады.

2. Ұлттық компания немесе акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде осындай ұлттық компанияға тиесілі заңды тұлға жер қойнауын пайдаланушы болатын келісімшарттар бойынша барлауды қаржыландыруды, егер бірлескен қызмет туралы шартта өзгеше көзделмесе, оның стратегиялық әріптесі жүргізеді.

Инвестициялық қаржыландыру жолымен барлауды қаржыландыру бір мезгілде мынадай шарттардың орындалуын көздейді:

1) ұлттық компанияның немесе акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде осындай ұлттық компанияға тиесілі заңды тұлғаның үлесіне келетін барлауға арналған шығындар мен шығыстарды қаржыландыруды барлауға арналған келісімшарт, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт шеңберінде жасалған бірлескен қызмет туралы шартта (келісімде) және (немесе) қаржыландыру туралы келісімде белгіленген тәртіппен стратегиялық әріптес жүргізеді;

2) барлауды қаржыландыру сомасы ұлттық компанияның немесе акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде осындай ұлттық компанияға тиесілі заңды тұлғаның барлауға арналған келісімшарт, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауына байланысты шығындар мен шығыстарды жүзеге асыру үшін пайдаланылады;

3) қаржыландыру, сондай-ақ ол бойынша сыйақы сомасын қайтару жөніндегі міндеттеме ұлттық компанияда немесе барлауға арналған келісімшарт, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт шеңберінде жасалған бірлескен қызмет туралы шартта (келісімде) және (немесе) қаржыландыру туралы келісімде айқындалған талаптарды орындаған кезде акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде осындай ұлттық компанияға тиесілі заңды тұлғада туындайды.

Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.11.2016 № 26-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

32-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін берілетін жер қойнауы учаскелері

1. Қазақстан Республикасы аумағының шекараларындағы жер қойнауы учаскелері мемлекеттік меншік болып табылады. Мұндай учаскелер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы құрылықтық қайраңының учаскелері осы Заңда белгіленген тәртіппен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін беріледі.

2. Жер қойнауы учаскесі айналым нысанасы бола алмайды.

3. Жер қойнауын пайдалану құқығы осы Заңда айқындалған тәртіппен және талаптарда айналым объектісі болып табылады.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 25.04.2016 № 505-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

33-бап. Геологиялық және тау-кендік бөлулер

1. Барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған, сондай-ақ барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған жер қойнауын пайдалану құқығының иесі жер қойнауын пайдалану жөніндегі тиісті операцияларды геологиялық немесе тау-кендік бөлуге сәйкес айқындалған жер қойнауы учаскесі шегінде ғана жүргізуге құқылы.

2. Геологиялық бөлуді жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган конкурс жеңімпазы немесе осы Заңда көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдалану құқығы конкурс өткізбей-ақ берілген тұлға өтініш берген күннен бастап жиырма күн ішінде береді.

3. Тау-кендік бөлуді жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган конкурс жеңімпазына немесе осы Заңның 35-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдалану құқығы конкурс өткізбей-ақ берілетін тұлғаға аталған тұлға тау-кендік бөлу жобасын берген күннен бастап жиырма күннен кешіктірмей береді.

4. Өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығының иесі тау-кендік бөлуде айқындалған жер қойнауы учаскесі шегінде барлау жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы. Егер өндіру жүргізілетін кен орны тау-кендік бөлуде айқындалған жер қойнауы учаскесінің шегінен шығып кетсе, жер қойнауын пайдаланушы тау-кендік бөлуде айқындалған жер қойнауы учаскесін қамтитын жаңа тау-кендік бөлуді немесе геологиялық бөлуді, сондай-ақ геологиялық зерттеуге жататын жаңа жер қойнауы учаскесін немесе учаскелерін кейіннен ала отырып, келісімшарттық аумақты кеңейтуге рұқсат алу үшін құзыретті органға

өтініш жасауға құқылы. Бұл жағдайда келісімшарттық аумақты тиісінше кеңейту осы Заңның 70-бабының 4-тармағында көзделген тәртіппен ресімделеді. Қорлардың өсімі болған және олар жер қойнауына мемлекеттік сараптамамен расталған жағдайда келісімшартқа тараптардың жазбаша келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті өзгерістер енгізілуге тиіс.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

34-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығының туындауы

1. Жер қойнауын пайдалану құқығы:

1) беру;

2) табыс ету;

3) құқық мирасқорлығы тәртібімен ауысу жолымен туындайды.

2. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жер қойнауын пайдалану құқығын тұлғаға тікелей мемлекеттің беруін білдіреді.

3. Жер қойнауын пайдалану құқығын табыс ету жер қойнауын пайдалану құқығын тұлғаға басқа жер қойнауын пайдаланушының беруін білдіреді.

4. Жер қойнауын пайдалану құқығының құқық мирасқорлығы тәртібімен ауысуы заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезінде және жер қойнауын пайдалану құқығына ие жеке тұлға қайтыс болған кезде құқық мирасқорында жер қойнауын пайдалану құқығының туындауын білдіреді.

35-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру

1. Осы баптың 5, 6, 9 және 10-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығын беру келісімшарт жасасу жолымен жүргізіледі.

2. Барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт конкурс нәтижелерінің негізінде оның жеңімпазымен жасалады.

Конкурс өткізбей-ақ, тікелей келіссөздер негізінде:

1) барлауға арналған келісімшарт негізінде коммерциялық табумен байланысты өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын алуға айрықша құқығы бар тұлғамен өндіру жөніндегі операциялар жүргізуге;

2) барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуге;

3) алып тасталды - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қызметтің аражігін ажыратуға сәйкес ұлттық компаниямен барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге;

4-1) қызметі (технологиялық процесі) жер қойнауын пайдаланумен байланысты индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерімен Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес пайдалы қазбаларды барлау, өндіру және бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге;

5) осы Заңның 54-бабының 4-тармағында белгіленген жағдайда барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операциялар жүргізуге;

6) қойнауында жерасты сулары бар жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушысы осы учаскеде арнаулы су пайдалану құқығын иеленген жағдайда, онымен халықты ауызсумен және шаруашылық-ауызсумен жабдықтау үшін тәулігіне екі мың текше метрден астам көлемдегі жерасты суларын өндіру жөніндегі операциялар жүргізуге;

7) оңайлатылған тәртіппен берілетін жер қойнауы учаскелерінде барлау жөніндегі операцияларды жүргізуге;

8) осы Заңның 10-бабының 5-тармағында белгіленген жағдайда техногендік минералдық түзілімдерді қайта өңдеу немесе өзге де пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге келісімшарттар жасалады.

2-1. Барлауға арналған келісімшарт осы баптың 2-тармағында көзделген конкурсты өткізбей және тікелей келіссөздер жүргізбей, келісімшарттық аумақты осы Заңның 70-1-бабында көзделген тәртіппен өзгерту нәтижесінде одан бөлінетін жер қойнауы учаскесіне (учаскелеріне) қатысты құзыретті органның рұқсаты негізінде жасалуы мүмкін.

3. Алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Барлаумен немесе өндірумен байланысты және барлау және (немесе) өндіру жөніндегі бекітілген жобалау құжаттарында көзделген жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беру талап етілмейді.

5. Шаруашылық-ауыз су және өндірістік-техникалық мақсаттағы жерасты суларын тәулігіне елу текше метрден екі мың текше метрге дейін алу лимиттерімен өндіру құқығын беру су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган берген рұқсаттың негізінде жүзеге асырылады.

6. Жер қойнауын пайдаланушыға пайдалы қазбаны өндірудің технологиялық схемасына сәйкес өндірістік-техникалық жерасты суларын тәулігіне екі мың және одан да көп текше метр көлемінде қаттарға айдау үшін оларды барлау немесе өндіру не тау-кен қазбаларын пайдалану кезінде су деңгейін төмендету

мақсатында жерасты суларын өндіру құқығын беру индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның рұқсат беруі арқылы жүзеге асырылады.

Осы тармақтың ережелері жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарт шеңберінде жер қойнауын пайдаланушы жүзеге асыратын, тау-кен қазбаларын пайдалану кезінде су деңгейін төмендету мақсатында жерасты суларын өндіруге қолданылмайды.

7. Осы баптың 10-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органымен келісімшарт жасасу жолымен жүргізіледі.

8. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге жер қойнауын пайдалану құқығын беру жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жүргізуге жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісімшарт (шарт) жасасу арқылы ол белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

9. Кең таралған пайдалы қазбаларды өз мұқтажы үшін, сондай-ақ тәулігіне елу текше метрден аспайтын көлемде жерасты суларын өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру қойнауында кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бар жер учаскесін жеке меншікке немесе жер пайдалануға берумен бір мезгілде жүргізіледі. Жер учаскесін уақытша жер пайдалануға беру кезінде кең таралған пайдалы қазбаларды өз мұқтажы үшін, сондай-ақ тәулігіне елу текше метрден аспайтын көлемде өндірілетін жерасты суларын пайдалану талаптары уақытша жер пайдалану туралы шартта көзделуі мүмкін.

10. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды және гидрокұрылыстарды салу (реконструкциялау) және жөндеу кезінде пайдаланылатын кең таралған пайдалы қазбаларға арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша жергілікті атқарушы органның жазбаша рұқсаты негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 35-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін

күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 15.06.2015 № 322-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгiзiледi) Заңдарымен.

36-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығын және жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді беру

1. Жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді беру:

1) өтемді не өтеусіз азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде басқа тұлғаға жер қойнауын пайдалану құқығын ішінара немесе толық иеліктен шығару;

2) өтемді не өтеусіз азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иеліктен шығару;

3) жер қойнауын пайдалану құқығын, жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді басқа заңды тұлғаның жарғылық капиталына беру;

4) жер қойнауын пайдалану құқығына ие мемлекеттік кәсіпорындардың мүліктік кешендерін жекешелендіру процесінде жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалану құқығын иеліктен шығару;

5) банкроттық рәсімі процесінде жер қойнауын пайдалану құқығын, жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иеліктен шығару;

6) жер қойнауын пайдалану құқығынан, жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерден, оның ішінде кепілге беру кезінде ақы өндіріп алу;

7) бір немесе бірнеше қатысушылардың қосымша салымдар енгізуі жолымен, сондай-ақ заңды тұлғаның қатысушылары құрамына жаңа қатысушыны қабылдау жолымен жарғылық капиталды ұлғайту нәтижесінде жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы, егер осы заңды тұлғаның негізгі қызметі Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланумен байланысты болса, осындай жер қойнауын пайдаланушы қабылдайтын шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындау және (немесе) шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар заңды тұлғадағы үлеске құқықтың пайда болуы арқылы жүзеге асырылады.

2. Кең таралғандарын қоспағанда, пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді беру құзыретті органның осы Заңның 37-бабында белгіленген тәртіппен берілетін рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді беру облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының осы Заңның 37-бабында белгіленген тәртіппен берілетін рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

3. Жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын заңды тұлғаның, осындай жер қойнауын пайдаланушы қабылдайтын шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындау және (немесе) шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар заңды тұлғаның, егер осы заңды тұлғаның негізгі қызметі Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланумен байланысты болса, акцияларын немесе акцияларға меншік құқығын растайтын өзге де бағалы қағаздарын не акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздарын ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға бастапқы шығару, оның ішінде қосымша эмиссия шеңберінде шығарылған осындай бағалы қағаздарды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында бастапқы орналастыру құзыретті органның осы Заңның 37-бабында белгіленген тәртіппен берілетін рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

4. Жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді кепілге беру құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының кең таралған пайдалы қазбаларға қатысты осы Заңның 37-бабында белгіленген тәртіппен берілетін рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге салудан алынған кредитті жер қойнауын пайдаланушының өзі немесе жарғылық капиталында жер қойнауын пайдаланушының жүз пайыздық қатысу үлесі бар еншілес ұйым жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көзделген Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын пайдалану не кейіннен қайта бөлісуді ұйымдастыру мақсаттарына пайдалануға тиіс.

РҚАО-ның ескертпесі!

4-тармақтың үшінші бөлігі 01.01.2015 бастап қолданысқа енгізілді және 31.12.2015 дейін қолданыста болды - ҚР 27.04.2015 № 311-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 61-4-бабында көзделген операция жүргізілген жағдайда, құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы кең таралған пайдалы қазбаларға қатысты жасалған операция туралы хабардар етіледі.

5. Осы баптың 2-тармағының ережелері мынадай жағдайларға:

1) жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаның, осындай жер қойнауын пайдаланушы қабылдайтын шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындау және (немесе) шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар заңды тұлғаның, егер осы заңды тұлғаның негізгі қызметі Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланумен байланысты болса, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымда болатын акцияларын немесе акцияларға меншік құқығын растайтын өзге де бағалы қағаздарын не акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздарын иеліктен шығару жөнінде мәмілелер жасауға;

2) жер қойнауын пайдалану құқығының, жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің барлығын немесе бір бөлігін:

мұндай еншілес ұйым салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелмеген жағдайда, қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) кемінде тоқсан тоғыз пайызы тікелей немесе жанама түрде жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі болатын еншілес ұйымның пайдасына;

жер қойнауын пайдалану құқығының, жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің барлығын немесе бір бөлігін сатып алушы салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелмеген жағдайда, әрқайсысында қатысу үлестерінің (акциялар пакеттерінің) кемінде тоқсан тоғыз пайызы тікелей немесе жанама түрде белгілі бір тұлғаға тиесілі болатын заңды тұлғалар арасында беруге ;

3) егер осындай берудің нәтижесінде тұлға жер қойнауын пайдаланушы заңды тұлғаның және (немесе) осындай жер қойнауын пайдаланушы қабылдайтын шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындау және (немесе) шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар заңды тұлғаның, егер осы заңды тұлғаның негізгі қызметі Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланумен байланысты болса, жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) 0,1 пайыздан кеміне тікелей немесе жанама түрде (үшінші тұлғалар арқылы) билік ету құқығын сатып алса, жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын заңды тұлғадағы акцияларды (қатысу үлестерін) беруге қолданылмайды.

6. Жер қойнауын пайдаланушыға жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісімшарт (шарт) негізінде берілген жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге жер қойнауын пайдалану құқығын беру осы органның алдын ала келісімі негізінде ғана жүргізілуі мүмкін.

7. Кең таралған пайдалы қазбаларды және жерасты суларын өз мұқтажын қанағаттандыру үшін өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру қойнауында кең таралған пайдалы қазбалар немесе жерасты сулары бар жер учаскесін жеке меншікке немесе жер пайдалануға берумен бір мезгілде жүргізіледі. Жер учаскесін уақытша жер пайдалануға беру кезінде кең таралған

пайдалы қазбаларды және жерасты суларын өз мұқтажын қанағаттандыру үшін пайдалану шарттары уақытша жер пайдалану туралы шартта көзделуі мүмкін.

Кең таралған пайдалы қазбаларды және жерасты суларын өз мұқтажын қанағаттандыру үшін өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының рұқсаты талап етілмейді.

Өз мұқтажын қанағаттандыру үшін кең таралған пайдалы қазбаларға және жерасты суларына жер қойнауын пайдалану құқығын қойнауында солар болатын жер учаскесінсіз беруге тыйым салынады.

8. Жер қойнауын пайдалану құқығын басқа тұлғаға ішінара беру жағдайында жер қойнауын пайдаланушы және осындай тұлға келісімшарт бойынша бірлесіп құқықтарды жүзеге асыру мен міндеттерді орындау кезінде туындайтын өзара міндеттемелер бойынша келісімге келуге тиіс. Жер қойнауын пайдаланушылар арасындағы бірлескен қызмет туралы шарт не келісімшарт бойынша қызмет шеңберінде өзара құқықтар мен міндеттерді белгілеу туралы өзге де шарт құзыретті органмен немесе кең таралған пайдалы қазбаларға қатысты облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органымен келісіледі және келісімшарт тараптары үшін міндетті күші бар келісімшартқа толықтыру болып табылады.

9. Иелері бірнеше жеке немесе заңды тұлға болып табылатын жер қойнауын пайдалану құқығының бір бөлігін беру жағдайында мұндай беру осы жер қойнауын пайдалану құқығының барлық иелерінің келісімімен ғана мүмкін болады.

10. Жер қойнауын пайдаланушының келісімшартқа қандай да болсын қатысуы сақталатын кезге дейін ол және жер қойнауын пайдалану құқығы берілетін тұлға келісімшарттың негізінде туындаған міндеттемелер бойынша ортақ жауапкершілік атқарады.

11. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жер учаскесін, тау-кендік немесе геологиялық бөлуді қайта ресімдеудің сөзсіз негізі болып табылады.

Жер қойнауын пайдалану құқығын беру келісімшарт талаптары бойынша қалыптастырылған тарату қорын қайта ресімдеудің (берудің) сөзсіз негізі болып табылады.

12. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша барлық шығыстар, егер беру шарттарында өзгеше көзделмесе, жер қойнауын пайдаланушының шығыстарына жатқызылады.

13. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру келісімшартқа тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігіне әкеп соғады және осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген кезден бастап жасалды деп есептеледі. Құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар

қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөнінде азаматтық-құқықтық мәміле жасасу фактісі болмаған кезде не жер қойнауын пайдаланушының құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына жер қойнауын пайдалану құқығын беруге рұқсат беру үшін негіз болған анық емес ақпарат беру фактісі анықталған кезде не осы баптың 8 және 9-тармақтарының ережелері сақталмаған кезде келісімшартқа өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуден бас тартуға құқылы.

Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерге құқықтарды беру осы баптың ережелері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ресімделеді.

14. Жер қойнауын пайдалану құқығын, жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді беруге бағытталған, құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының осы баптың 2-тармағында көзделген рұқсаты болмай, сол сияқты рұқсаттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін, сондай-ақ осы баптың 6-тармағына сәйкес берілетін, жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның алдын ала келісімінсіз жасалған мәмілелер мен өзге де әрекеттер маңызсыз болады.

Ескерту. 36-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 07.03.2014 № 177-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.04.2015 № 311-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

37-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығын және онымен байланысты құқықтарды иеліктен шығаруға рұқсат беру тәртібі

1. Егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе, өзіне тиесілі жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иеліктен шығару ниеті бар тұлға құзыретті органға жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді табыс етуге рұқсат беру туралы өтініш жібереді.

Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) иеліктен шығарған кезде жер

қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған рұқсат беру туралы өтініш облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына жіберіледі.

2. Жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иеліктен шығаруға рұқсат беру туралы өтініш қазақ және орыс тілдерінде жасалуға және:

1) жер қойнауын пайдалану құқығы не жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объекті тиесілі заңды тұлғаның толық атауын не жеке тұлғаның тегін және атын;

2) иеліктен шығарылатын жер қойнауы учаскесін және жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) көрсетуді не иеліктен шығаруға жататын жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні көрсетуді;

3) иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығының (оның бір бөлігінің) көлемін не қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) мөлшерін, иеліктен шығарылатын бағалы қағаздар санын дәл көрсетуді, сондай-ақ бастапқы иегерде және басқа тұлғаларда қалатын құқықтар көлемін, иеліктен шығарылатын бағалы қағаздардың түрін көрсетуді;

4) жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаның, осындай жер қойнауын пайдаланушы қабылдайтын шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындау және (немесе) шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар заңды тұлғаның жарғылық капиталының жалпы мөлшері туралы және қатысушыларының құрамы, акцияларға меншік құқығын растайтын не акцияларға айырбасталатын шығарылған бағалы қағаздарының жалпы саны, қатысушылары акцияларының жалпы саны мен пакеттерінің пайыздық арақатынасы туралы мәліметтерді;

5) жер қойнауын пайдалану құқығын не жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні сатып алушы туралы мәліметтерді:

заңды тұлғалар үшін – сатып алушының атауын, оның орналасқан жерін, мемлекеттік тиесілігін, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі және мемлекеттік кіріс органдарында тіркелуі туралы мәліметтерді, басшылары мен олардың өкілеттіктері туралы мәліметтерді, қатысу үлестерінің (акциялар пакеттерінің) мөлшері көрсетіле отырып, қатысушылар туралы мәліметтерді, бағалы қағаздардың жалпы саны көрсетіле отырып, заңды тұлғаның осындай қағаздарының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы айналымы туралы мәліметтерді, сатып алушының еншілес ұйымдары туралы мәліметтерді;

жеке тұлғалар үшін – сатып алушының тегін, атын және әкесінің атын (ол болған жағдайда), заңды мекенжайын, азаматтығын, жеке басын куәландыратын құжаттары, мемлекеттік кіріс органдарында тіркелуі, кәсіпкерлік қызмет субъектісі ретінде тіркелуінің болуы не болмауы туралы мәліметтерді, сатып

алушы қатысушысы (акционері) болып табылатын заңды тұлғалар туралы мәліметтерді;

6) соңғы үш жылда оларда өз қызметін жүзеге асырған мемлекеттер тізбесін қоса алғанда, сатып алушының бұрынғы қызметі туралы мәліметтерді, сондай-ақ персоналдың біліктілігін қоса алғанда, сатып алушының қаржылық, техникалық, басқарушылық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктері туралы деректерді;

7) жер қойнауын пайдалану құқығын не жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні иеліктен шығару негізін;

8) жер қойнауын пайдалану құқығын не жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын заңды тұлғадағы қатысу үлесін (акциялар пакетін) иеліктен шығару бойынша құқық қатынасында өтініш берушінің құқықтық мәртебесін көрсетуді;

9) сатып алушының өтініште және оған қоса берілетін құжаттарда өзі туралы көрсетілген барлық мәліметтердің дұрыс екені туралы жазбаша растауын;

10) өтінішке қол қойған адамның тегі мен атын, осындай адамның өкілеттіктерін көрсетуді, оның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді;

10-1) тарату қоры берілген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы беретін тарату қорының мөлшері туралы мәліметтерді;

11) жер қойнауын пайдалану құқығының не жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектінің бағасы және басқа да иеліктен шығару талаптары туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

Өтінішке онда көрсетілген мәліметтерді растайтын, тиісті түрде куәландырылған құжаттар (не олардың нотариат куәландырған көшірмелері) қоса беріледі.

Өтінішке қоса берілетін барлық құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Егер өтінішті шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға берсе, мұндай құжаттар әрбір құжатқа дұрыстығын нотариус куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы міндетті түрде қоса беріліп, өзге тілде жасалуы мүмкін.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-1-тармақ 01.01.2015 бастап қолданысқа енгізілді және 31.12.2015 дейін қолданыста болды - ҚР 27.04.2015 № 311-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

2-1. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 61-4-бабында көзделген операцияны жүргізген кезде өтінішке активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарттың нотариат куәландырған көшірмесі (тапсыру актісін немесе одан үзінді көшірме қоса беріле отырып) қоса тіркеледі.

2-2. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-1-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында, 61-4-бабында көзделген операцияны жүргізу кезінде өтінішке активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарттың, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымның активтер мен талап ету құқықтарын сатып алуын көздейтін шарттың (тапсыру актісі немесе одан үзінді-көшірме қоса беріле отырып), талап ету құқықтарын (талаптарын) басқаға беру туралы талапты қамтитын шарттың нотариат куәландырған көшірмесі қоса беріледі.

3. Құзыретті орган осы баптың 2-тармағында көзделген өтініш пен құжаттар алынған, ал стратегиялық маңызы бар жер қойнауы, кен орындары учаскелеріне қатысты Мемлекеттің басым құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның хаттамасы да келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иеліктен шығаруға рұқсат беру (беруден бас тарту) туралы ұсыныстар тұжырымдау үшін қажетті материалдарды жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясының қарауына жібереді.

4. Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссия материалдарды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде өтінішті және өзге де материалдарды қарап, жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иеліктен шығаруға рұқсат беру (беруден бас тарту) туралы тиісті ұсыныс әзірлейді.

Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссия өтініш берушіден және басқа да тұлғалардан жер қойнауын пайдалану құқығын не жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иеліктен шығаруға тікелей қатысы бар кез келген қосымша материалдарды сұратуға және алуға құқылы.

Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссияның жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иеліктен шығаруға рұқсат беру (беруден бас тарту) туралы ұсынысы құзыретті органға жіберілетін хаттамамен ресімделеді.

5. Құзыретті орган жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссияның ұсынысы негізінде ұсынысты алған кезден бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иеліктен шығаруға рұқсат беру (беруден бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

6. Құзыретті орган мынадай талаптар сақталғанда ғана:

1) егер жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) сатып алушы осы Заңда жер қойнауын пайдаланушыларға және жер қойнауын пайдалану құқығының берілуіне үміткер тұлғаларға қойылатын талаптарға толық сай келсе;

2) егер мұндай беру Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, оның ішінде елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, келісімшарт шеңберінде құқықтарды шоғырландыру және (немесе) жер қойнауын пайдалану саласындағы операцияларды жүргізуге арналған құқықтарды шоғырландыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық келісімдер талаптарын сақтамауға әкеп соқпаса;

3) егер жер қойнауын пайдалану құқығын, жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді беруге рұқсат беру туралы өтініш осы баптың 2-тармағының талаптарына сай келсе, жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иеліктен шығаруға рұқсатты береді.

7. Құзыретті органның жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді белгілі бір тұлғаға иеліктен шығаруға рұқсат беруі туралы мәселе мұндай иеліктен шығарудың әрбір жағдайы үшін жеке-жеке қаралады. Жер қойнауын пайдаланушының не оның қатысушысының (акционерінің) қалауы бойынша мұндай иеліктен шығаруға ортақ рұқсатты келісімшартта не өзге шартта белгілеуге жол берілмейді.

8. Жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні беруге рұқсат беруден бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дау айтылуы мүмкін.

9. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге рұқсат беруден бас тарту осы баптың 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес себебі түсіндірілмей ресімделеді.

10. Көмірсутек шикізатына жер қойнауын пайдалану құқығы келісімшарт күшіне енген кезден бастап екі жыл бойы берілмейтін болады.

Осы тармақтың ережелері:

1) ұлттық басқарушы холдингінің, ұлттық компанияның немесе олардың еншілес ұйымдарының жер қойнауын пайдалану құқығын беруі немесе сатып алуы;

2) кепіл нысанасы ретінде жер қойнауын пайдалану құқығына өндіріп алуды қолдану;

3) жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру шеңберінде жер қойнауын пайдалану құқығын беру немесе сатып алу;

4) осы Заңның 36-бабы 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдалану құқығын беру жағдайларында қолданылмайды.

11. Жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні иеліктен шығаруға рұқсат алты ай мерзімге беріледі.

Мәміле белгіленген мерзімдерде жасалмаған жағдайда өтініш беруші рұқсаттың қолданылу мерзімін алты айдан аспайтын мерзімге ұзарту немесе мәміле жасасуға жаңа рұқсат алу үшін құзыретті органға жүгінуге міндетті.

Иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіні сатып алуды жүзеге асырған тұлға жасалған мәміле туралы құзыретті органға мәміле жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға міндетті.

12. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының рұқсат беруі (беруден бас тартуы) және кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылық комиссиялардың кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы қатысу үлесін (акциялар пакетін) беруге рұқсат беру (беруден бас тарту) туралы ұсыныстар әзірлеуі осы бапта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 37-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.04.2015 № 311-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

38-бап. Заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезінде жер қойнауын пайдалану құқығының және онымен байланысты құқықтардың құқық мирасқорлығы тәртібімен ауысуы

1. Жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаның немесе жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаның қатысушысы (акционері) болып табылатын заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы жағдайында беру актісі не бөлу балансы негізінде жер қойнауын пайдалану құқығының (оның бір бөлігінің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің құқық мирасқорлығы тәртібімен ауысуына осы Заңның 37-

бабында белгіленген тәртіппен берілетін құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының рұқсаты негізінде ғана жол беріледі.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын өзгерту нысанында ұлттық басқарушы холдингті, ұлттық компанияны немесе оның еншілес ұйымын қайта ұйымдастыру, жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаны қайта құру жағдайларында, сондай-ақ осы Заңның 36-бабы 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда қолданылмайды.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушы өтініш білдірген кезден бастап бір ай ішінде келісімшартқа тиісті өзгерістер енгізеді.

39-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығының және онымен байланысты құқықтардың жеке тұлғаның қайтыс болуы жағдайында әмбебап құқық мирасқорлығы тәртібімен ауысуы

Жер қойнауын пайдалану құқығының, жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің мұрагерлік тәртібімен ауысуы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

40-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығын тоқтату

1. Осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарында белгіленген негіздер болмаса, ешкім жер қойнауын пайдалану құқығынан айырылмайды.

2. Жер қойнауын пайдалану құқығы:

- 1) келісімшарттың қолданылуы тоқтатылған;
- 2) барлаумен немесе өндірумен байланысты емес және радиоактивті қалдықтарды, зиянды заттарды көмуге және сарқынды суларға арналған жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге, сондай-ақ осы Заңның 35-бабының 6 және 10-тармақтарына сәйкес өндірістік-техникалық жерасты суларын тәулігіне екі мың текше метр және одан да көп көлемде барлауға немесе өндіруге, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды және гидрокұрылыстарды салу (реконструкциялау) және жөндеу кезінде жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған рұқсаттың қолданылу мерзімі өткен немесе ол кері қайтарып алынған;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Заңның 14-бабына сәйкес жер қойнауы учаскесін пайдалануға тыйым салу туралы шешім қабылдаған;

4) жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлға таратылған жағдайларда тоқтатылады.

3. Жер қойнауын пайдалану құқығын тоқтату жер қойнауын пайдалану мақсатында берілген жер учаскесіне жер пайдалану құқығын тоқтатудың сөзсіз негізі болып табылады.

Ескерту. 40-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

41-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығын мәжбүрлі түрде тоқтату рәсімі

1. Жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді өндіріп алу жағдайларында, оның ішінде кепілге беру кезінде жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді тиісінше өткізу (сату), егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе, жария сауда-саттық өткізу жолымен жүргізіледі.

Мұндай сауда-саттыққа қатысуға құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді өткізу (сату) жөніндегі сауда-саттыққа қатысуға рұқсатын алған тұлғалар жіберіледі.

Жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді өткізу (сату) жөніндегі жария сауда-саттыққа қатысу ниеті бар тұлға құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына жария сауда-саттыққа қатысуға рұқсат беру туралы өтініш жібереді.

Жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді өткізу (сату) жөніндегі сауда-саттыққа қатысуға рұқсат беру туралы өтініш қазақ және орыс тілдерінде жасалуға және осы Заңның 37-бабының 2-тармағында белгіленген мәліметтерді қамтуға тиіс.

Жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді өткізу (сату) жөніндегі сауда-саттыққа қатысуға рұқсат беру туралы өтінішті құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы осы Заңның 37-бабында белгіленген тәртіппен қарайды.

Осы тармақтың ережелері банкроттық рәсімдерді жүзеге асыру кезінде мүліктік массаны өткізу жағдайлары үшін де қолданылады.

Сауда-саттық нәтижелері бойынша құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының осындай сауда-саттыққа қатысуға рұқсатын алған тұлғамен жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иеліктен шығару жөнінде мәміле жасасу кезінде құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иеліктен шығаруға қосымша рұқсатын алу талап етілмейді.

2. Кепіл ұстаушының талабын кепілге берілген жер қойнауын пайдалану құқығының (оның бір бөлігінің), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің құнынан қанағаттандыру сот тәртібімен жүргізіледі.

3. Кепілге берілген жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді өткізу жөніндегі сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланған кезде кепіл ұстаушы құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының рұқсаты бойынша кепілге салынған мүлікті өз меншігіне айналдыруға (жер қойнауын пайдалану құқығының (оның бір бөлігінің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің иегері болуға) не жаңа сауда-саттықтың тағайындалуын талап етуге құқылы.

4. Кепілге берілген жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алу ниеті бар кепіл ұстаушы жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді өткізу жөніндегі сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланған жағдайда құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына кепілге салынған жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алуға рұқсат беру туралы өтініш жолдайды.

Кепілге берілген жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алуға рұқсат беру туралы өтініш қазақ және орыс тілдерінде жасалуға және осы Заңның 37-бабының 2-тармағында белгіленген мәліметтерді қамтуға тиіс.

Кепілге салынған жер қойнауын пайдалану құқығын (оның бір бөлігін), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алуға рұқсат беру туралы өтінішті құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы

бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы осы Заңның 37-бабында белгіленген тәртіппен қарайды.

5. Осы баптың ережелеріне қайшы келетін кепіл туралы шарттардың және өзге де келісімдердің талаптары маңызсыз болады.

Ескерту. 41-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 07.03.2014 № 177-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

42-бап. Техногендік минералдық түзілімдермен байланысты жер қойнауын пайдалану құқығын жүзеге асыру

Ескерту. 42-бап алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

43-бап. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге жер қойнауын пайдалану құқығын жүзеге асыру

1. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді осы Заңның 35-бабының 8-тармағына сәйкес жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге жер қойнауын пайдалану құқығы берілген жеке және заңды тұлғалар жүргізуі мүмкін.

2. Алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу бюджет қаражаты есебінен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздерден қаржыландырылуы мүмкін.

4. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау құжаттарын жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

Осы Заңның 64 және 65-баптарының ережелері жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу шеңберінде әзірленетін жобалау құжаттарына қолданылмайды.

Ескерту. 43-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

44-бап. Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе)пайдалануды жүзеге асыру

1. Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асырудың ерекшеліктерін, сондай-ақ барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беру тәртібінің ерекшеліктерін жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

2. Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүргізудің талаптары мен тәртібі келісімшартта айқындалады.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға осы Заңның өндіруге қатысты нормалары қолданылады.

Ескерту. 44-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

45-бап. Минералдық шикізатты қайта өңдеу

1. Минералдық шикізатты қайта өңдеу өндіруден кейін тікелей жүргізілетін операция болып табылады және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға жатпайды.

2. Алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-тарау. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫН КОНКУРС НЕГІЗІНДЕ БЕРУ

46-бап. Конкурсқа шығарылатын жер қойнауы учаскелері

1. Құзыретті орган барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған жер қойнауы учаскелерінің тізбелерін, сондай-ақ ұлттық компанияның үлестік қатысуы конкурстың шарты болып табылатын жер қойнауы учаскелерінің тізбелерін бекітеді.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған жер қойнауы учаскелерінің тізбелерін бекітеді.

Жер қойнауы учаскелерінің тізбелері жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

2. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін жерді резервте қалдыруды Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар шегінде орналасқан, конкурсқа шығарылатын жер қойнауы учаскелерінің тізбелері ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органмен келісілуге тиіс.

4. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурсты құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы осы Заңға сәйкес өткізеді.

5. Құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы кен орындары қорларына қатысты жер қойнауына мемлекеттік сараптама жүргізілгеннен және бекітілген қорлардың болуы расталғаннан кейін ғана өндіруге конкурс өткізеді және келісімшарттар жасасады.

Ескерту. 46-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

47-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурсты өткізудің шарттары

1. Конкурсты өткізу туралы және оны өткізудің шарттары туралы ақпарат Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында бір мезгілде қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген барлық тұлғалардың конкурсқа қатысуға өтінімдер берудің түпкілікті мерзімінен кешіктірмей, конкурсты өткізу тәртібімен байланысты ақпаратты алуға құқығы бар.

2. Тендер өткізу туралы хабарламада:

1) өткізілетін күні, уақыты мен орны, сондай-ақ өтінімдер беру мерзімі мен орны;

2) тендердің негізгі шарттары;

3) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін берілгелі отырған жер қойнауы учаскелерінің орналасқан жерін көрсету және қысқаша сипаттамасы;

4) тендерге қатысу үшін жарна мөлшері туралы ақпарат және оны төлеу үшін банк деректемелері;

5) қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшері;

- б) кадрлардағы жергілікті қамтудың ең төмен мөлшері;
- 7) жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамтудың елу пайыздан аспауға тиіс ең төмен мөлшері;
- 8) қазақстандық кадрларды оқытуға арналған шығындардың ең төмен мөлшері;
- 9) келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажет, Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар мөлшері қамтылуға тиіс.

3. Қажет болған жағдайда жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурсты өткізу туралы хабарламада конкурсқа қатысушы Қазақстан Республикасының аумағында қайта өңделуін қамтамасыз етуге міндеттенетін өндірілген минералдық шикізаттың ең төмен мөлшері туралы талап қамтылуы мүмкін.

Конкурсқа қатысушы Қазақстан Республикасының аумағында қайта өңделуін қамтамасыз етуге міндеттенетін минералдық шикізаттың ең төмен мөлшерін құзыретті орган айқындайды.

4. Кең таралған пайдалы қазбаларды қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінімдер беру үшін конкурсқа қатысушыларға берілетін мерзім конкурсты өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап бір айдан кем болмауы керек.

5. Конкурстың шарттары жарияланған күн мен конкурс өткізілетін күн (қорытындыларын шығарудың басталуы) арасындағы мерзім төрт айдан кем, ал кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - үш айдан кем болмауы керек.

6. Конкурсқа қатысу жарнасы қайтаруға жатпайды.

Ескерту. 47-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 365-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

47-1-бап. Аукцион өткізу туралы хабарлама

Аукцион өткізу туралы хабарламада:

- 1) өткізілетін күні, уақыты мен орны, сондай-ақ өтінімдер беру мерзімі мен орны;
- 2) аукционның негізгі шарттары;

3) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін берілгелі отырған жер қойнауы учаскелерінің орналасқан жерін көрсету және қысқаша сипаттамасы;

4) геологиялық ақпарат топтамасының құны;

5) аукционға қатысу үшін жарна мөлшері туралы ақпарат және оны төлеу үшін банк деректемелері;

6) қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшері;

7) кадрлардағы жергілікті қамту мөлшері;

8) жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамтудың елу пайыздан аспауға тиіс мөлшері;

9) қазақстандық кадрларды оқытуға арналған шығындар мөлшері;

10) өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстар мөлшері;

11) келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажет, Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар мөлшері қамтылуға тиіс.

Осы баптың 3), 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген аукцион шарттары, сондай-ақ аукцион қорытындылары бойынша айқындалған қол қойылатын бонус мөлшері келісімшартқа енгізіледі.

Аукцион шарттарын жариялау күні мен оны өткізу күні арасындағы мерзім үш айдан аспауға тиіс.

Ескерту. 4-тарау 47-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 365-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

48-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурсқа қатысу үшін өтінім

1. Конкурсқа қатысу үшін өтінімде:

1) заңды тұлғалар үшін – өтініш берушінің атауы, оның орналасқан жері, мемлекеттік тиесілігі, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі және мемлекеттік кіріс органдарында тіркелуі туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы олардың үлестерінің мөлшері (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) көрсетіле отырып, өтініш беруші — заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, бағалы қағаздардың жалпы саны

көрсетіле отырып, заңды тұлғаның осындай қағаздарының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы айналымы туралы мәліметтер, өтінім берушінің еншілес ұйымдары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда), заңды мекенжайы, азаматтығы, өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттары, өтініш берушінің мемлекеттік кіріс органдарында тіркелуі, өтініш берушінің кәсіпкерлік қызмет субъектісі ретінде тіркелуі туралы мәліметтер;

3) өтініш берушінің мүддесін білдіретін басшылардың немесе өкілдердің өкілеттіктері туралы мәліметтерді қоса алғанда, мұндай тұлғалар туралы деректер;

4) өтініш беруші соңғы үш жылда оларда өз қызметін жүзеге асырған мемлекеттер тізімін қоса алғанда, оның бұрынғы қызметі туралы мәліметтер;

5) өтініш беруші үміттеніп отырған жер қойнауы учаскесінің атауы және жер қойнауын пайдалану құқығы;

6) өтініш берушінің конкурсқа қатысу жарнасын төлегені туралы құжат қамтылуға тиіс.

Өтінімде көрсетілген мәліметтерді растайтын, тиісті түрде куәландырылған құжаттар өтінімге қоса беріледі.

1-1. Аукционға қатысуға арналған өтінімде:

1) кең таралған пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған аукционға қатысу өтінімін қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы өндіру салалары қызметінің ашықтығы бастамасын іске асыруға қатысты өтінім берушінің Өзара түсіністік туралы меморандумға қосылу жөніндегі міндеттемелері де;

2) өтінім берушінің осы Заңның 47-1-бабының 3), 7), 8) 9), 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген аукцион шарттарына және оларды аукцион жеңімпазымен жасалатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа енгізуге келісімі де қамтылуға тиіс.

2. Өтініш беруші осы баптың талаптарын сақтаған жағдайда өтінім қарауға қабылданады. Осы баптың талаптарына сәйкес келмейтін өтінім қабылданбауға тиіс.

3. Құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы конкурсқа қатысуға берілген өтінімнің қабылданғаны және қатысуға жіберілгені туралы өтінім берушіні:

тендерге қатысуға өтінімдер қабылдау аяқталған күннен бастап бір ай мерзімде;

аукционға қатысу үшін өтінімдер беру мерзімі аяқталған күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде ресми түрде хабардар етеді.

4. Аукционға қатысуға өтінім берген тұлға аукцион өткізілетін күнге дейін оған қатысудан бас тартуға және өз өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.

Ескерту. 48-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

49-бап. Конкурса шығарылатын жер қойнауы учаскелері бойынша геологиялық ақпарат топтамасы

1. Жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган конкурса шығарылатын жер қойнауы учаскелері бойынша геологиялық ақпарат топтамаларын конкурс туралы хабарлама берілгенге дейін дайындайды және оның құнын айқындайды. Топтама қолда бар геологиялық, тау-кен-техникалық, технологиялық және өтініш берушінің конкурса қатысу туралы шешім қабылдауы үшін қажетті өзге де ақпарат көлемін қамтуға тиіс.

2. Конкурса қатысуға жіберілген өтінім берушіге жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган өтінім беруші өтініш жасағаннан кейін бір ай ішінде шығарылатын жер қойнауы учаскесі бойынша геологиялық ақпарат топтамасын ақыға береді.

Геологиялық ақпарат топтамасының құны тарихи шығындар мөлшері негізге алынып айқындалады. Геологиялық ақпарат топтамасын сатып алу үшін төленген сома қайтарылуға жатпайды.

3. Өтініш берушінің алынған геологиялық ақпаратты кез келген нысанда жария етуге немесе үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

Ескерту. 49-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

50-бап. Тендерге қатысу үшін конкурстық ұсыныс

1. Тендерге қатысуға жіберілген өтінім беруші тендер шарттарында белгіленген мерзімдерде барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстық ұсыныс жасайды.

2. Құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы тендер жарияланған күннен бастап үш ай ішінде тендерге қатысушылар ұсынатын конкурстық ұсыныстарды қабылдайды.

Конкурстық ұсыныс ұсынған тендерге қатысушының конкурстық ұсыныстарды беру мерзімі аяқталған күннен бастап оны кері қайтарып алуға немесе өзгертуге құқығы жоқ.

3. Конкурстық ұсыныста:

- 1) қол қойылатын бонустың ұсынылатын мөлшері;
- 2) мәлімделген қол қойылатын бонусты толық көлемде төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау мүмкіндігін растайтын құжаттар (жеке қаражат, банктер кепілдігі);
- 3) өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстар мөлшері;
- 4) қазақстандық кадрларды оқыту мен олардың біліктілігін арттырудың міндетті бағдарламаларының іске асырылуына қарай өсіп отыруға тиіс кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі міндеттемелер;
- 5) қазақстандық кадрларды оқыту жөніндегі міндеттемелер;
- 6) келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамту бойынша міндеттемелер;
- 7) келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажет, Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар мөлшері;
- 8) кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурстық ұсыныстарды қоспағанда, келісімшартқа қол қойылғанға дейін Қазақстан Республикасындағы өндіру салалары қызметінің ашықтығы бастамасын іске асыруға қатысты Өзара түсіністік туралы меморандумға қосылу жөніндегі міндеттемелер;
- 9) геологиялық ақпаратты сатып алғаны үшін ақы төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі қамтылуға тиіс.

Тендерді өткізу туралы хабарламада тендерге қатысушы Қазақстан Республикасының аумағында қайта өңделуін қамтамасыз етуге міндеттенетін минералдық шикізаттың ең төмен мөлшері белгіленген жағдайда конкурстық ұсыныс осындай талапқа сәйкес келуге тиіс.

Жоғарыда көрсетілген, сондай-ақ осы Заңның 47-бабы 2-тармағының 2), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін конкурстық ұсыныс қабылданбауға тиіс.

4. Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен ниеттер келісімшартқа енгізіледі.

Ескерту. 50-бап жаңа редакцияда көзделген - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 365-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

51-бап. Конкурсқа қатысу құқығын беруден бас тарту

Конкурса қатысуға өтінім берген тұлғаға мынадай жағдайларда:

1) конкурса қатысуға арналған өтінім осы Заңның 48-бабының талаптарына сәйкес келмегенде;

2) конкурстық ұсыныс тендер шарттарына сәйкес келмегенде;

3) өтініш беруші дәйексіз мәліметтер ұсынса;

4) егер өтініш берушіге жер қойнауын пайдалану құқығын беру еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі, оның ішінде келісімшарт шеңберінде құқықтарды шоғырландырған және (немесе) жер қойнауын пайдалану саласындағы операцияларды жүргізу құқықтарын шоғырландырған кезде талаптардың сақталмауына әкеп соқтыратын жағдайда конкурса қатысу құқығын беруден бас тартылуы мүмкін.

Конкурса қатысу құқығын беруден бас тарту осы баптың 4) тармақшасына сәйкес себептері түсіндірілмей ресімделеді.

Конкурса қатысу құқығынан бас тартуға сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. 51-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

52-бап. Конкурстың қорытындыларын шығару

1. Тендер жеңімпазы конкурстық ұсыныстарды қарау қорытындылары:

1) қол қойылатын бонустың мөлшері;

2) өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстардың мөлшері бойынша айқындалады.

2. Кең таралғандардан басқа пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға конкурстық ұсыныстар ұсынған өтінім берушілер арасынан тендер жеңімпазын Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды өткізу жөніндегі комиссия айқындайды.

Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға конкурстық ұсыныстар ұсынған өтінім берушілер арасынан тендер жеңімпазын кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстық комиссия айқындайды.

3. Тендер қорытындыларын шығару Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды өткізу жөніндегі комиссияның (кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстық комиссияның) қатысып отырған барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

Тендер қорытындыларын шығару мерзімі конкурстық ұсыныстарды беру мерзімі аяқталған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен аспауға тиіс. Тендер қорытындыларын шығару мерзімі Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды өткізу жөніндегі комиссияның (кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстық комиссияның) шешімі бойынша, бірақ ол бір айдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін.

4. Тендер қорытындыларына оған қатысушылар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

5. Тендер жеңімпазымен келісімшарт осы Заңда белгіленген тәртіппен және шарттарда жасалады.

6. Тендер нәтижелері тендер қорытындылары шығарылған кезден бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей ресми баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға жіберілуге, сондай-ақ тендер өткізетін мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

Ескерту. 52-бап жаңа редакцияда көзделген - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

52-1-бап. Аукционды ұйымдастыру және өткізу

1. Аукционды Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды өткізу жөніндегі комиссия, ал кең таралған пайдалы қазбаларға қатысты – кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі өңірлік конкурстық комиссиялар ұйымдастырады және өткізеді.

2. Аукционға оған қатысуға жіберілген және аукцион өткізілетін күнге оған қатысушы ретінде тіркелген кез келген өтінім берушілердің қатысуға құқығы бар.

3. Қол қойылатын бонустың ең көп мөлшерін ұсынған қатысушы, ол үш рет жарияланғаннан кейін аукционға басқа қатысушылардан оны арттыратын ұсыныстар келіп түспесе, аукцион жеңімпазы болады.

4. Аукцион нәтижелері ол өткізілген күні хабарланады және Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды өткізу жөніндегі комиссияның (кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстық комиссияның) қатысып отырған барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

5. Аукцион қорытындыларына оған қатысушылар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

6. Аукцион жеңімпазымен келісімшарт осы Заңда белгіленген тәртіппен және шарттарда жасалады.

7. Аукцион нәтижелері аукцион қорытындылары шығарылған кезден бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей ресми баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға жіберілуге, сондай-ақ аукцион өткізетін мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

Ескерту. 4-тарау 52-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

53-бап. Конкурсты өткізілмеді деп танудың тәртібі мен негіздері

1. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурсты Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды өткізу жөніндегі комиссия мынадай жағдайларда:

1) екіден кем өтінім берілгенде;

2) егер конкурсқа қатысуға екіден кем қатысушы жіберілгенде өтпеді деп таниды.

3) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстық комиссия жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурсты қабылданған конкурстық ұсынысы бар, конкурсқа жіберілген жалғыз қатысушы болмаған жағдайда ғана өтпеді деп таниды.

2. Конкурсты өткізілмеді деп тану туралы шешім жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды өткізу жөніндегі комиссияның хаттамасымен ресімделеді немесе оны кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстық комиссия ресімдейді.

Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды өткізу жөніндегі комиссияның конкурсты өткізілмеді деп тану туралы шешімі немесе кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстық комиссияның конкурсты өткізілмеді деп тануы конкурсқа жіберілген барлық қатысушыларға хабарланады

3. Конкурсты өткізілмеді деп тану туралы хабарландыру ресми баспа басылымында бір мезгілде қазақ және орыс тілдерінде, сондай-ақ конкурсты өткізетін мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында жариялануға тиіс.

Ескерту. 53-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

54-бап. Қайталама конкурс өткізудің тәртібі мен негіздері

1. Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурс өткізілмеді деп танылған жағдайда құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы:

- 1) конкурсты қайтадан өткізу туралы;
- 2) конкурс шарттарын өзгерту және конкурсты қайтадан өткізу туралы шешімдердің бірін қабылдауы мүмкін.

2. Қайталама конкурс осы Заңда конкурс өткізу үшін көзделген тәртіппен және мерзімдерде өткізіледі.

3. Егер конкурс осы Заңның 53-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша өтпеді деп танылған жағдайда, конкурсты қайтадан өткізу кезінде конкурсқа қатысу үшін жарна және геологиялық ақпарат топтамасы берілгені үшін төлем өтпеген конкурс барысында көрсетілген сомаларды төлеген өтінім берушіден алынбайды.

4. Егер қайталама тендер бір ғана жіберілген қатысушының болуы себебінен өтпеді деп танылған жағдайда, құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы осындай конкурстық ұсыныс берген тендерге қатысушымен конкурстық ұсыныста жазылғаннан нашар болмайтын шарттарда тікелей келіссөздер арқылы келісімшарт жасасуға міндетті.

Ескерту. 54-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

55-бап. Конкурсты жарамсыз деп тану

1. Осы Заңда белгіленген қағидалардың бұзылуымен өткізілген конкурс сот шешімінің негізінде жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Мыналар:

1) конкурстың жеңімпазын айқындауға ықпалын тигізген, осы Заңда белгіленген конкурс өткізу қағидаларының бұзылуы;

2) құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына оның конкурсқа қатысуға жіберу немесе конкурс жеңімпазы туралы шешіміне әсер еткен көрінеу жалған ақпарат беру фактісінің анықталуы;

3) конкурстың жеңімпазы болып танылған қатысушылар не заңды тұлға акционерлері құрамының келісімшарт жасасқан күнге дейін өзгеруі;

4) конкурсты өткізуге қатысушы лауазымды тұлғалардың конкурста жеңімпаз болып танылған тұлғаға конкурстың басқа қатысушылары (өтініш берушілері) алдында заңсыз басымдықтар беру және (немесе) талаптарды ырықтандыру фактісінің анықталуы конкурсты жарамсыз деп тануға негіз болып табылады.

2. Келісімшартты жасасқанға дейін конкурс жарамсыз деп танылған жағдайда келісімшарт жасалмайды. Келісімшарт жасалғаннан кейін конкурс жарамсыз деп танылған жағдайда конкурстың жеңімпазымен жасалған келісімшарт сот тәртібімен жарамсыз деп танылады.

3. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша конкурс жарамсыз деп танылған жағдайда осындай конкурстың жеңімпазы деп жарияланған тұлға төленіп, қол қойылған бонусты қайтаруды талап етуге құқылы.

Құзыретті орган салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімдерін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға конкурстың жеңімпазы болып жарияланған тұлғаның кінәсізсіз конкурсты жарамсыз деп тану фактісі туралы хабарлайды.

4. Мынадай жағдайларда:

1) конкурс жеңімпазы деп танылған заңды тұлғаның ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналыста болатын акцияларын немесе акцияларға меншік құқығын растайтын өзге де бағалы қағаздарын не акцияларда айырбасталатын бағалы қағаздарын иеліктен шығару жөніндегі мәмілелер жасалғанда;

2) осындай заңды тұлғалардың әрқайсысында қатысу үлестерінің (акциялар пакеттерінің) кемінде тоқсан тоғыз пайызы белгілі бір тұлғаға тікелей немесе жанама түрде тиесілі болған жағдайда, сондай-ақ, егер қатысу үлесін (акциялар пакетін) сатып алушы салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелмеген болса, мұндай басқа тұлғаның пайдасына конкурс жеңімпазы деп танылған заңды тұлғадағы қатысу үлесі (акциялар пакеті) берілгенде;

3) конкурс жеңімпазы деп танылған заңды тұлғадағы қатысу үлесі (акциялар пакеті) берілгенде, егер мұндай беру нәтижесінде тұлға тікелей немесе жанама түрде (үшінші тұлғалар арқылы) конкурс жеңімпазы деп танылған заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің (акциялар пакетінің) 0,1-ден аз пайызына билік ету құқығын алатын болса, осы баптың 1-тармағы 3) тармақшасының ережесі қолданылмайды.

Ескерту. 55-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-тарау. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫН ТІКЕЛЕЙ КЕЛІССӨЗДЕР НЕГІЗІНДЕ БЕРУ

56-бап. Тікелей келіссөздер объектілері

1. Барлауға арналған келісімшарт негізінде коммерциялық табумен байланысты өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға айрықша құқығы бар тұлғамен өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін берілетін жер қойнауы учаскелерін қоспағанда, тікелей келіссөздер негізінде, кең таралғандардан басқа, пайдалы қазбаларды барлау, өндіру, бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін берілетін жер қойнауы учаскелерін және барлау үшін оңайлатылған тәртіппен берілетін учаскелерді құзыретті орган айқындайды.

Осы Заңның 35-бабының 2-тармағында белгіленген жағдайларда келісімшарттар конкурс өткізілмей-ақ, тікелей келіссөздер негізінде жасалады.

2. Тікелей келіссөздер негізінде барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын:

1) автомобильге жанармай құю стансаларын қоспағанда, мұнай мен газды сақтауға арналған жерасты немесе топырақ қабатынан төмен тереңдіктегі құрылыстарды;

2) жер астындағы тереңдігі үш метрден астам тоннельдерді, метрополитендерді, жерасты жолдары мен инженерлік құрылыстарды;

3) қорларды жасанды толтыру үшін жер қойнауына жерасты суларын айдауға арналған құрылыстарды;

4) қатты, сұйық және радиоактивті қалдықтарды, зиянды улы заттарды көму мен жиып қою және сарқынды және өнеркәсіптік суларды жер қойнауына ағызу үшін топырақ қабатынан төмен тереңдіктегі қалдық қоймаларын, қойыртпақ қоймаларын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған келісімшарттар жасалады.

3. Тікелей келіссөздер негізінде кең таралған пайдалы қазбаларды барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге берілетін жер қойнауы учаскелерін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы айқындайды.

Ескерту. 56-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

57-бап. Тікелей келіссөздерді жүргізудің тәртібі мен шарттары

1. Тікелей келіссөздер негізінде жер қойнауын пайдалануға келісімшарт жасасу құқығына осы Заңда айқындалған тұлғалар ие болады.

Тікелей келіссөздер негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын беру үшін жүгінетін тұлға осы Заңмен жер қойнауын пайдаланушыларға қойылатын талаптарға сай болуға тиіс.

2. Пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздерді құзыретті органның жұмыс тобы жүргізеді. Жұмыс тобы туралы ережені және оның құрамын құзыретті орган бекітеді.

Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша тікелей келіссөздерді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың тиісінше жергілікті атқарушы органының жұмыс тобы жүргізеді. Жұмыс тобы туралы ережені және оның құрамын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың тиісінше жергілікті атқарушы органы бекітеді.

3. Келісімшарт жасасуға үміткер тұлға тікелей келіссөздерге қатысу үшін өтінімді осы тарауда белгіленген талаптарға сәйкес құзыретті органға жібереді.

Осы Заңның 35-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайларда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жер қойнауын пайдалануға құқық беру жөнінде тікелей келіссөздер жүргізу туралы құзыретті органнан хабарлама алған кезден бастап жер қойнауын пайдалану мақсаты үшін жерді резервтеуді Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

4. Тікелей келіссөздерге қатысуға өтінім қабылданғаннан кейін жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган өтініш беруші жүгінгеннен кейін бір ай ішінде берілетін жер қойнауы учаскесі бойынша геологиялық ақпарат топтамасын ақылы түрде береді.

5. Құзыретті орган өтініш берушіні тікелей келіссөздерге қатысуға арналған өтінім келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде тікелей келіссөздер жүргізу туралы немесе тікелей келіссөздер жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылдағаны жөнінде хабардар етуге міндетті.

Құзыретті орган өтініш берушіні тікелей келіссөздер жүргізілетін күн туралы хабардар етеді.

6. Тікелей келіссөздер осы Заңның 58-бабының талаптарына сәйкес ресімделген өтінім келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде жүргізіледі. Тікелей келіссөздер жүргізу мерзімі құзыретті органның шешімімен ұзартылуы мүмкін.

7. Осы баптың ережелері кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге, барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын

салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша тікелей келіссөздерді жүргізу кезінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарына қатысты қолданылады.

8. Барлау үшін оңайлатылған тәртіппен жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша тікелей келіссөздер жүргізудің тәртібі мен шарттары осы Заңның 57-1-бабында айқындалған.

Ескерту. 57-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

57-1-бап. Барлау үшін оңайлатылған тәртіппен жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша тікелей келіссөздер жүргізудің тәртібі мен шарттары

1. Барлау үшін оңайлатылған тәртіппен жер қойнауын пайдалану құқығы аз зерттелген жер қойнауы учаскелеріне беріледі.

Барлау үшін оңайлатылған тәртіппен берілетін жер қойнауы учаскесі он блоктан аспауға тиіс, олардың әрқайсысы координаттардың географиялық жүйесінде бір минутқа тең.

2. Барлау үшін оңайлатылған тәртіппен жер қойнауын пайдалану құқығын алу үшін өтінім беруші құзыретті органға өтінім жібереді, онда мыналар қамтылуға тиіс:

1) заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері, мемлекеттік тиесілігі, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі және салық органдарында тіркелуі туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшеріне шаққанда) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім беруші заңды тұлғаның басшылары және қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы заңды тұлға бағалы қағаздарының айналысы туралы осындай қағаздардың жалпы саны көрсетілген мәліметтер, өтінім берушінің еншілес ұйымдары туралы мәліметтер;

2) өтінім беруші үміттеніп отырған, блоктар түрінде ұсынылған жер қойнауы учаскесін көрсету;

3) өтінім берушіде үлгілік келісімшарт жасалғаннан кейін алғашқы жылы ішінде сұралып отырған учаске шегінде орындалуы қажет шығындар мен жұмыс түрлерінің ең төмен мөлшері туралы талаптарды орындау үшін жеткілікті ақшаның бар екендігі туралы банк кепілдігі немесе өзге де растау.

Өтінімге салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларымен бір мезгілде құжаттардың көшірмелері не өтінімде көрсетілген мәліметтерді растайтын,

нотариат куәландырған көшірмелер, сондай-ақ қол қойылған үлгілік келісімшарт қоса беріледі.

Үлгілік келісімшарт нысанын құзыретті орган бекітеді және онда мынадай негізгі ережелер қамтылуға тиіс:

1) жыл сайын өсіп отыратын төлемдер түрінде ұсынылған, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстар мөлшері;

2) қол қойылатын бонусты төлеу жөніндегі міндеттемелер;

3) үлгілік келісімшарт қолданылатын бүкіл кезеңде бір блок шегінде орындалуы қажет, жылдар бойынша шығындар мен жұмыс түрлерінің ең төмен мөлшері.

3. Құзыретті орган ресми интернет-ресурста:

1) өтінім берушінің атауын;

2) сұралып отырған учаскенің координаттарын;

3) өтінім берілген уақытты көрсете отырып, берілген өтінімдер туралы мәліметтерді орналастырады.

4. Егер құзыретті органның ресми интернет-ресурсында берілген өтінім туралы мәліметтер орналастырылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде сұралып отырған учаскеге біреуден артық өтінім қосымша берілген жағдайда, онда мұндай учаске бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы осы Заңда аукцион үшін көзделген тәртіппен беріледі.

5. Өтінім құзыретті органға келіп түскен күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Өтінімді қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган өтінімді қабылдайды немесе оны қабылдамайды.

Өтінім мынадай жағдайларда:

1) егер сұралып отырған учаске көлемі бойынша осы баптың 1-тармағында белгіленген шектеулерден асып кетсе;

2) егер сұралып отырған учаскеде немесе оның бір бөлігінде бұрын өтінім берушімен немесе оның үлестес тұлғасымен осы Заңның 72-бабында көзделген негіздер бойынша құзыретті органның бастамасымен барлауға арналған келісімшарт біржақты тәртіппен бұзылған болса, бұл ретте бұзылған күннен бастап үш жылдан аз уақыт өтсе;

3) осы Заңның 51-бабының 4) тармақшасында және 55-бабының 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіздер болса;

4) егер сұралып отырған учаске немесе оның бір бөлігі басқа жер қойнауын пайдаланушының пайдалануында болса, қабылданбауға жатады.

Өтінімді қабылдаудан бас тарту өтінім берушіні қайтадан өтінім беру құқығынан айырмайды.

6. Тікелей келіссөздер өтінім қабылданғаннан кейін он жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

7. Тікелей келіссөздер қорытындылары бойынша өтінім берушімен үлгілік келісімшарт жасалады.

8. Барлау үшін оңайлатылған тәртіппен жер қойнауын пайдалану құқығын алған жер қойнауын пайдаланушы кадрлардағы, тауарлардағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту жөніндегі міндеттемелерден босатылады.

Ескерту. 5-тарау 57-1-бапмен толықтырылды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

58-бап. Тікелей келіссөздерге қатысуға өтінім

1. Тікелей келіссөздерге қатысуға өтінім:

1) заңды тұлғалар үшін – өтініш берушінің атауын, оның орналасқан жерін, мемлекеттік тиесілігін, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі және мемлекеттік кіріс органдарында тіркелуі туралы мәліметтерді, жарғылық капиталдағы олардың үлестерінің мөлшері (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) көрсетіле отырып, өтініш беруші — заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтерді, бағалы қағаздардың жалпы саны көрсетіле отырып, заңды тұлғаның осындай қағаздарының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы айналымы туралы мәліметтерді, өтініш берушінің еншілес ұйымдары туралы мәліметтерді;

2) жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің тегін, атын және әкесінің атын (ол болған жағдайда), заңды мекенжайын, азаматтығын, өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттары, өтініш берушінің мемлекеттік кіріс органдарында тіркелуі, өтініш берушінің кәсіпкерлік қызмет субъектісі ретінде тіркелуі туралы мәліметтерді;

3) өтініш берушінің мүддесін білдіретін басшылардың немесе өкілдердің өкілеттіктері туралы мәліметтерді қоса алғанда, мұндай тұлғалар туралы деректерді;

4) ұлттық компанияларды қоспағанда, барлық өтініш берушілердің, сондай-ақ барлауға арналған келісімшарт негізінде өздері жүргізген коммерциялық табудың негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын беру үшін жүгінетін тұлғалардың өтінімінде көрсетілетін өтініш берушінің техникалық, басқарушылық, ұйымдастырушылық және қаржылық мүмкіндіктері туралы деректерді қамтуға тиіс.

Өтініш беруші құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының талабы бойынша тікелей келіссөздер жүргізудің негізіне қарай өзге де ақпаратты қосымша береді.

2. Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға келісімшарт жасасу жөніндегі тікелей келіссөздерге қатысуға арналған өтінімге мынадай мәліметтерді:

1) зиянды, улы заттарды, қатты және сұйық қалдықтарды көму объектілерінің, сарқынды және өнеркәсіптік суларды ағызатын жердің, оның ішінде объектінің орналасқан жерін, пайдалану кезеңін, ұстауға арналған шығындарды, жерасты сулары, қоршаған орта мен жер қойнауы мониторингінің қадағалау желісінің болуы мен орналасуының жалпы сипаттамасын;

2) объектілердің физикалық сипаттамасын - оқшаулау сипаттамасын, тау-кен жыныстарының типін, коллектор қаттарының жерасты тереңдігін және тиімді қуатын, оның алаңын, кеуектілік коэффициентін, төселетін және жабылатын су тірегінің сипаттамасын, жерасты суларының табиғи ағысының жылдамдығын, көмудің, жиып қою мен ағызудың сапалық және сандық көрсеткіштерін, тау-кен техникалық, арнаулы инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және экологиялық шарттарын;

3) қызметі зиянды, улы заттардың, қатты және сұйық қалдықтардың, сарқынды және өнеркәсіптік сулардың түзілуіне әкеп соғатын ұйымдар туралы мәліметтерді;

4) өнімнің атауы, ол түзілетін техникалық өндіріс немесе процесс, оның физикалық сипаттамасы, толық химиялық құрамы, уытты компоненттердің болуы, өрт қаупі, жарылыс қаупі, ерігіштігі, сақтау кезінде басқа заттармен үйлесімділігі, негізгі ластаушы радионуклидтер, олардың белсенділігі, сондай-ақ тасымалдау жүйесінің сипаттамасы көрсетіле отырып, зиянды, улы заттардың, қатты және сұйық қалдықтардың, сарқынды және өнеркәсіптік сулардың сипаттамасын;

5) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның қорытындысын;

6) мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын қамтитын құжаттар қосымша берілуге тиіс.

3. Барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған өтінімде:

1) қол қойылатын бонус мөлшері;

2) кадрлардағы, сатып алынатын жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамтудың мөлшерлері;

3) өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстар мөлшері;

4) қазақстандық кадрларды оқыту жөніндегі міндеттемелер;

5) келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажет, Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар мөлшері көзделуге тиіс.

Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі болып табылатын жер қойнауын пайдаланушының өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған өтінімінде жоғарыда аталған мәліметтерден басқа қолдануға ұсынылатын технологиялар туралы ақпаратты қамтитын технологиялық бағдарлама болуға тиіс.

4. Өтінімде көрсетілген мәліметтерді растайтын, тиісті түрде куәландырылған құжаттар (не олардың нотариат куәландырған көшірмелері) өтінімге қоса беріледі.

Ескерту. 58-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 365-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

59-бап. Тікелей келіссөздердің қорытындылары бойынша шешімдер қабылдау

1. Тікелей келіссөздер негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы не беруден бас тарту туралы шешім өтініш берушінің келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкіндігі туралы куәландыратын деректердің негізінде қабылданады.

2. Құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының тікелей келіссөздер қорытындылары бойынша шешімі тікелей келіссөздер хаттамасымен ресімделеді, оған жұмыс тобының қатысып отырған барлық мүшелері және өтінім берушінің уәкілетті өкілі қол қояды.

3. Тікелей келіссөздер негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы шешім қабылданған жағдайда өтініш берушімен келісімшарт осы тарауда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Заңда белгіленген тәртіппен және шарттарда жасалады.

Өтініш беруші тікелей келіссөздер барысында ұсынған және құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті

атқарушы органы қабылдаған жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу шарттары міндетті түрде тікелей келіссөздер хаттамасына, ал кейіннен келісімшартқа қосылады.

4. Осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарының талаптары осы Заңның 57-1-бабында көзделген тәртіппен жүргізілетін тікелей келіссөздерге қолданылмайды.

Ескерту. 59-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

60-бап. Барлау сатысынан өндіру сатысына ауысу кезінде жер қойнауын пайдалану құқығын берудің ерекшеліктері

1. Барлауға арналған келісімшарт негізінде кен орнын тапқан және бағалаған жер қойнауын пайдаланушының конкурс өткізілмей-ақ, тікелей келіссөздер негізінде өндіруге арналған келісімшарт жасасуға айрықша құқығы болады.

2. Барлауға арналған келісімшарттың негізінде кен орындарын табу мен бағалауды жүргізген тұлға барлауға арналған келісімшарт қолданысының мерзімі ішінде не барлауға арналған келісімшарт аяқталған күннен бастап үш айдан кешіктірмей өндіруге арналған келісімшарт жасасу жөнінде тікелей келіссөздер жүргізу туралы өтініммен құзыретті органға жүгінуге құқылы.

3. Құзыретті орган және жер қойнауын пайдаланушы өтінім келіп түскен күннен бастап екі айдан кешіктірмей, өндіруге арналған келісімшарттың мынадай талаптарын:

1) жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) және кадрлардағы жергілікті қамтудың мөлшері;

2) өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстар мөлшерін тікелей келіссөздер жолымен бірлесіп айқындайды.

Қолдануға ұсынылатын технологиялар туралы ақпаратты қамтитын технологиялық бағдарламаның болуы индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі болып табылатын жер қойнауын пайдаланушымен жасалатын өндіруге арналған келісімшарттың қосымша шарты болып табылады.

4. Тікелей келіссөздердің нәтижелері бойынша тараптар хаттамаға қол қояды.

Егер өтініш берушінің кінәсінен тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күннен бастап жиырма төрт ай ішінде келісімшарт жасалмаса, өтініш беруші өндіруге арналған келісімшарт жасасуға айрықша құқығынан айырылады, ал жер қойнауының тиісті учаскесі (учаскелері) осы Заңда көзделген тәртіппен, барлауға арналған шығындарды осындай тұлғаға өтеу шартымен конкурсқа шығарылады не тікелей келіссөздер негізінде беріледі.

5. Конкурс осы Заңның 4-тарауында көзделген тәртіппен өткізіледі. Келісімшарт жасасуға үміткер тұлғаның мынадай міндеттемелері:

1) осы баптың 3-тармағында көзделген, коммерциялық табу нәтижесінде өндіруге арналған келісімшарт жасасу жөніндегі тікелей келіссөздердің тараптары келіскен мөлшерлерден кем болмайтын міндеттемелері;

2) экологиялық қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, келісімшарттық аумақты өндіру жөніндегі операцияларды жүзеге асыру үшін жарамды күйде ұстау үшін қажетті шараларды қабылдау және конкурстың жеңімпазы анықталған күннен бастап өндіруге келісімшарт жасалғанға дейін тиісті келісімшарттық аумақта халық пен персонал үшін қауіпсіз жағдайды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелері;

3) барлауға арналған келісімшарттың негізінде коммерциялық табуды жүргізген тұлғаға конкурсқа шығарылған жер қойнауы учаскесін табуға және бағалауға және осы баптың 11-тармағының 2) тармақшасына сәйкес келісімшарттық аумақты өндіру бойынша бұдан әрі жүргізілетін операцияларды жүзеге асыру үшін жарамды күйде ұстауға жұмсалған шығындарды өтеу жөніндегі міндеттемелері осындай конкурсқа қатысудың қажетті шарты болып табылады.

Мұндай өтеу мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ресми статистикалық ақпараты негізінде айқындалатын инфляция ескеріле отырып, тиісті шығындардың толық сомасын біржолғы төлеу тәртібімен жүзеге асырылады.

Мұндай шығындарды өтеу мерзімін құзыретті орган белгілейді және ол конкурстың жеңімпазымен келісімшарт жасалған күннен бастап үш айдан аспауға тиіс.

Конкурстың жеңімпазы өзі өтейтін шығындардың аудитін жүргізуге құқылы. Конкурсның жеңімпазы мен барлауға арналған келісімшарттың негізінде кен орнын тапқан және бағалаған жер қойнауын пайдаланушы арасында өтелетін шығындардың мөлшері туралы дау туындаған жағдайда мұндай дау сот тәртібімен шешілуге тиіс.

6. Алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7. Алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8. Алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9. Осы баптың ережелері кең таралған пайдалы қазбаларды барлау сатысынан өндіру сатысына көшу кезінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына қатысты қолданылады.

10. Барлауға арналған келісімшарттың негізінде кен орнын тапқан және бағалаған және өндіруге арналған келісімшарт жасасу жөніндегі тікелей келіссөздерді жүргізу туралы өтінім берген жер қойнауын пайдаланушы барлауға арналған тиісті келісімшарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін барлауға арналған келісімшартқа, жұмыс бағдарламасына және жобалау құжаттарына сәйкес міндеттемелерін атқаруды жалғастырады.

Барлауға арналған келісімшарт шеңберінде ұсынылған келісімшарттық аумақтың бір бөлігіне өндіруге арналған келісімшарт жасалған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы барлауға арналған келісімшартқа сәйкес оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қалған келісімшарттық аумақта міндеттемелерді орындауды жалғастырады.

11. Барлауға арналған келісімшарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін өндіруге арналған келісімшарт жасасу жөніндегі тікелей келіссөздерді жүргізу туралы өтінім берген жер қойнауын пайдаланушы:

1) келісімшарттық аумақтың бір бөлігі (бөліктері) қайтарылған жағдайда осы Заңның 111-бабына сәйкес жер қойнауын пайдалану объектілерін жою немесе консервациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге, оның ішінде барлау жөніндегі операцияларды жүргізу салдарынан бұзылған жер учаскелері мен басқа да табиғи объектілерді келісімшарттық аумақтың қайтарылатын бөлігінде (бөліктерінде) одан әрі пайдалану үшін жарамды жағдайға дейін қалпына келтіруге;

2) барлық келісімшарттық аумақта немесе қайтаруға жатпайтын келісімшарттық аумақтың бір бөлігінде (бөліктерінде) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу ниеті болған кезде - өндіруге арналған келісімшартты жасасқанға дейін экологиялық қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, келісімшарттық аумақты (келісімшарттық аумақтың бөліктерін) өндіру бойынша одан әрі жүргізілетін операцияларды жүзеге асыру үшін жарамды күйде ұстау үшін қажетті шаралар қабылдауға және тиісті келісімшарттық аумақта (келісімшарттық аумақтың бөліктерінде) халық пен персонал үшін қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті.

Барлауға арналған келісімшарттың негізінде кен орнын тапқан және бағалаған жер қойнауын пайдаланушымен тікелей келіссөздер негізінде өндіруге келісімшарт жасалмаған жағдайда оның келісімшарттық аумақты (келісімшарттық аумақтың бөліктерін) өндіру бойынша одан әрі жүргізілетін операцияларды жүзеге асыру үшін жарамды күйде ұстау жөніндегі міндеттемесі осы бапта белгіленген тәртіппен өткізілетін конкурстың жеңімпазын анықтау кезінде тоқтатылады.

12. Егер конкурс нәтижелері бойынша өндіруге арналған келісімшарт жасалған жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт күшіне енгеннен кейін белгіленген мерзімде кен орнын тапқан және бағалаған тұлғаға осы баптың 5-

тармағының талаптарына сәйкес барлауға арналған шығындарды өтемеген жағдайда, онда мұндай дау сот тәртібімен шешілуге тиіс.

13. Тікелей келіссөздердің не осы бапқа сәйкес өткізілген конкурстың қорытындылары бойынша өндіруге арналған келісімшарт жасалғаннан кейін жер қойнауын пайдаланушының осы баптың 5-тармағы 2) тармақшасының және (немесе) 11-тармағының қағидаларына сәйкес жүргізілген шығыстары осындай өндіруге арналған келісімшарт бойынша шығыстарға жатқызылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтелуге тиіс.

Ескерту. 60-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 365-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-тарау. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН КЕЛІСІМШАРТ

61-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың түрлері

1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін келісімшарттардың мынадай түрлері:

1) барлауды жүргізу үшін – барлауға арналған келісімшарт;

1-1) барлау құқығы оңайлатылған тәртіппен берілетін тұлғаның барлау жүргізуі үшін – барлауға арналған үлгілік келісімшарт;

2) өндіруді жүргізу үшін – өндіруге арналған келісімшарт;

3) бірлескен барлау мен өндіруді жүргізу үшін – бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт;

4) барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды жүргізу және (немесе) пайдалану үшін – барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарт;

5) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді жүргізу үшін - жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшарт (шарт) қолданылады.

Келісімшартты жасасу, орындау, өзгерту немесе тоқтату осы Заңға сәйкес жүргізіледі.

2. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшартты (шартты) және барлауға арналған үлгілік келісімшартты қоспағанда, келісімшарт құзыретті орган бекітетін жер қойнауын пайдалану түрлері бойынша модельдік келісімшарттарда көзделген нысан мен мазмұн бойынша жасалады.

Келісімшартта мынадай шарттар қамтылуға тиіс: келісімшарттың мақсаты, келісімшарттың қолданылу мерзімі, келісімшарттық аумақ, құпиялылық, еңсерілмейтін күш.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақтың үшінші бөлігінің ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

Келісімшарт: қол қойылатын бонусты төлеудің мөлшері мен шарттары жөніндегі; өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстардың мөлшері мен шарттары жөніндегі; кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі; Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, келісімшартты орындау кезінде тартылған жұмыскерлерді оқытуға, олардың біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға және (немесе) Қазақстан Республикасының азаматтарын құзыретті органмен келісілген мамандықтар тізбесі бойынша оқытуға жіберілетін шығыстардың мөлшері жөніндегі; жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамту жөніндегі; мердігерлік жұмыстармен айналысатын персоналды қоса алғанда, жұмысқа тартылған шетелдік персоналға қатысты алғанда қазақстандық персонал үшін еңбекке ақы төлеудің тең жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі; тарату қоры жөніндегі; Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға осы Заңда белгіленген шығыстардың мөлшері жөніндегі міндеттемелерге қатысты ерекше шарттарды да қамтуға тиіс.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақтың төртінші бөлігінің ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

Қазақстандық кадрларды тарту жөніндегі міндеттемелер мердігерлік жұмыстармен айналысатын персоналды қоса алғанда, жұмысқа тартылатын кадрлардың жалпы санынан, оның ішінде жылдар бойынша пайыздық қатынасты қамтуға тиіс. Жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамтудың мөлшері жөніндегі міндеттемелер сатып алынатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) жалпы санынан пайыздық қатынасты қамтуға тиіс.

Бұрын келісімшарт тоқтатылған жер қойнауы учаскесіне келісімшарт жасалған жағдайда, жаңа жер қойнауын пайдаланушымен жасалатын

келісімшарт, осы Заңның 72-бабының 10-тармағына сәйкес берілген мүліктің құнын қоса алғанда, бұрынғы жер қойнауын пайдаланушы және сенімгерлік басқарушы бұрын жүргізген шығындарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді, сондай-ақ сенімгерлік басқарушыға сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені қамтуға тиіс.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақтың алтыншы бөлігінің ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

Келісімшарт талаптары жер қойнауын пайдаланушының өзі қабылдаған, оның ішінде жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі және кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі, келісімшартта көзделген салықтық емес сипаттағы төлемдер жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар) мөлшерін қамтуға тиіс.

Көмірсутек шикізатын өндіруге арналған келісімшарт жер қойнауын пайдаланушының ілеспе газды қайта өңдеу (кәдеге жарату) жөніндегі міндеттемелерін қамтуға тиіс.

Жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қазбалардың ірі және бірегей қорлары бар кен орнын тапқан жағдайда, осындай кен орындарына қатысты өндіруге арналған келісімшарт ережелері осы Заңның 71-бабының 4-тармағында көрсетілген міндеттемелердің бірін қамтуға тиіс.

Келісімшарт басқа да ережелерді қамтуы мүмкін.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-1-тармақ 01.01.2021 дейін қолданылады. 2-1-тармақтың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

2-1. 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісімшартта тауарлардағы жергілікті қамту жөніндегі міндеттемелерге қатысты ерекше шарттар да, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының тауарлардағы жергілікті қамту жөніндегі өзі қабылдаған міндеттемелерді орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдардың, өсімпұлдардың) мөлшері қамтылуы мүмкін.

Осы тармақтың ережелері осы Заңның 69-бабы 4-тармағының ережелері ескеріле отырып, көрсетілген келісімшарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға

дейін немесе 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін, оқиғаның қайсысы бұрын басталатынына қарай қолданылады.

3. Келісімшарт талаптарының Қазақстан Республикасы үшін тиімділігі тікелей келіссөздер қорытындылары бойынша не тендерге қатысу үшін конкурстық ұсыныста немесе аукционға қатысу үшін өтінімде белгіленген талаптардан төмен болмауы керек.

4. Бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша стратегиялық маңызы және (немесе) күрделі геологиялық құрылымы бар жер қойнауы учаскелеріне, кен орындарына қатысты ғана жасалады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе:

барлауды жүргізу кезеңінде мұндай келісімшартқа Қазақстан Республикасының заңдарында барлауға арналған келісімшарт үшін көзделген ережелер қолданылады;

кен орны табылып, бағаланғаннан және тиісті жобалау құжаттары белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін коммерциялық табумен байланысты өндіруге арналған айрықша құқықтың негізінде келісімшартқа өндіру сатысымен байланысты өзгерістер енгізіледі, содан соң мұндай келісімшартқа Қазақстан Республикасының заңдарында өндіруге арналған келісімшарт үшін көзделген ережелер қолданылады.

5. Геологиялық немесе тау-кендік бөлу және жұмыс бағдарламасы, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшарттарды (шарттарды) қоспағанда, келісімшартқа міндетті қосымшалар болып табылады.

РҚАО-ның ескертпесі!

6-тармақтың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

6. Келісімшарттардың талаптарында Қазақстан Республикасы құқығының келісімшарттар бойынша қолданылатын құқық болып табылатыны міндетті түрде көзделуге тиіс.

7. Келісімшарт қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Келісімшарт тараптарының келісімі бойынша келісімшарттың мәтіні өзге тілге аударылуы да мүмкін.

8. Жер қойнауын пайдаланушылардың, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды қоспағанда, барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттардың талаптарын орындауын бақылауды құзыретті орган жүзеге асырады.

Кең таралған пайдалы қазбаларға қатысты жер қойнауын пайдаланушылардың барлауға немесе өндіруге арналған келісімшарттар талаптарын орындауын бақылауды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттың талаптарын бұзған жағдайда құзыретті орган, ал кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған келісімшарттарға қатысты - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жазбаша түрде хабардар ете отырып, жер қойнауын пайдаланушының белгіленген мерзімде мұндай бұзушылықты жою жөніндегі міндетін атап көрсетеді.

Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарын бұзушылықтарды жою мерзімі міндеттемелердің физикалық көлемі бойынша жазбаша хабарлама алынған күннен бастап – алты айдан, қаржылық міндеттемелер бойынша – үш айдан, келісімшарттың өзге талаптары бойынша бір айдан аспауға тиіс.

Жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға келісімшарт талаптарын бұзушылықтарды жою мерзімін ұзарту туралы мұндай ұзартудың себептерін негіздей отырып ұсыныс жіберуге құқылы. Келісімшарт талаптарын бұзушылықтарды жою мерзімін ұзарту туралы ұсынысты қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган он күн мерзімде жер қойнауын пайдаланушыны мұндай мерзімді ұзартуға келісім беретіндігі туралы хабардар етеді немесе мұндай ұзартудан уәжді бас тартуын береді.

Осы тармақта айқындалған мерзімде келісімшарт талаптарын бұзушылықтарды жою анық мүмкін болмаған жағдайда, құзыретті орган осындай бұзушылықты жою мүмкін болатын өзге мерзімді белгілеуге құқылы.

9. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшарт (шарт) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жасалады.

Ескерту. 61-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 365-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

62-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жобасын дайындау

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жобасын конкурстың жеңімпазы не онымен келісімшарт тікелей келіссөздер негізінде жасалатын тұлға әзірлейді және ол келіссөздер арқылы құзыретті органмен немесе облыстың,

республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органымен келісіледі.

2. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жобасы модельдік келісімшарт, тікелей келіссөздер хаттамасы немесе тендер жеңімпазының конкурстық ұсынысы, аукцион жеңімпазының өтінімі және аукцион хаттамасы негізінде әзірленеді.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жобасының ережелері келісімшарт талаптарына осы Заңда қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Барлауға, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың жобасы осы Заңның талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдаланушының бағалау жұмыстарының жобасын әзірлеу жөніндегі міндеттемелерін көздеуге тиіс.

3. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшарттың (шарттың) жобасын және осы Заңның 57-1-бабында көзделген тәртіппен жасалатын барлауға арналған үлгілік келісімшарттың жобасын қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жобасы міндетті құқықтық сараптамаға жатады. Өндіру бойынша жұмыстар жүргізуге арналған келісімшарттың жобасы да міндетті экономикалық сараптамаға жатады.

Сараптамалар келісімшарт ережелерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі тұрғысынан жүргізіледі.

Сараптамалық қорытындыларды тиісті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік орган тиісті сараптаманы жүргізуге қажетті құжаттардың толық пакетін берген кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде береді.

Сараптама нәтижелері сараптамалық қорытындымен ресімделеді, ол теріс немесе оң болуы мүмкін.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасасуға үміткер тұлға мемлекеттік органның сараптамалық қорытындыда жазған ескертулерін жою мақсатында келісімшарт жобасын пысықтайды.

Көрсетілген ескертпелер жойылған жағдайда, мемлекеттік орган қайталама сараптама жүргізеді.

Құқықтық және (немесе) экономикалық сараптаманың ескертулерімен келіспеген жағдайда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасасуға үміткер тұлға өзінің дәлелді қарсылықтарын құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына оларды келісім комиссиясында қарау үшін жіберуге құқылы.

Құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы ұсынылған қарсылықтарды қарау үшін он күндік мерзімде келісім комиссиясын құрады. Келісім комиссиясының құрамына

құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының, ескертулер ұсынған мемлекеттік органдардың және келісімшарт жасасуға үміткер тұлғаның өкілдері кіреді. Келісім комиссиясы отырыс нәтижелері бойынша хаттамада көрсетілетін ұсынымдарды әзірлейді. Келісім комиссиясының ұсынымдары ескеріле отырып, келісімшарт қайталама сараптамаға жіберіледі.

4. Алып тасталды - ҚР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Алып тасталды - ҚР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 62-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

63-бап. Жұмыс бағдарламасы

1. Жұмыс бағдарламасы келісімшарттың міндетті бөлігі (қосымшасы) болып табылады және жер қойнауын пайдаланушының осы баптың 3-тармағында көрсетілген инвестициялық жобалау көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін қажетті міндеттемелерін қамтиды.

Барлау үшін жер қойнауын пайдалану құқығы осы Заңның 57-1-бабында көзделген оңайлатылған тәртіппен берілген жағдайларда, жұмыс бағдарламасы жасалмайды.

2. Жұмыс бағдарламасына енгізілген инвестициялық жобалау көрсеткіштерін қозғайтын жобалау құжаттарының көрсеткіштері өзгерген кезде, жұмыс бағдарламасына тиісті өзгерістер енгізілуге тиіс.

Жобалау құжаттарындағы өзгерістерге байланысты жұмыс бағдарламасына өзгерістерді келісу жобалау құжатын жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның бекітуімен бір мезгілде жүргізіледі. Көрсетілген өзгерістер жұмыс бағдарламасына жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен жұмыс бағдарламасы келісілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде жер қойнауын пайдаланушы мен құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы арасындағы келісімшартқа қосымша келісімге қол қою арқылы енгізіледі.

3. Барлау кезеңінің жұмыс бағдарламасы жобалау құжаттарында көзделген мынадай негізгі жобалау көрсеткіштерін және инвестициялардың қажетті көлемін қамтуға тиіс:

1) геологиялық-барлау жұмыстарының түрлері мен көлемін, оларды орындау мерзімдерін, оның ішінде сейсмикалық зерттеулердің түрлерін;

2) бағалау жұмыстарының (бағалау кезеңіндегі) түрлері мен көлемін және оларды орындау мерзімдерін;

3) барлау (бағалау) ұңғымаларының саны мен оларды бұрғылау мерзімдерін.

Өндіру кезеңінің жұмыс бағдарламасы жобалау құжаттарында көзделген мынадай негізгі жобалау көрсеткіштерін және инвестициялардың қажетті көлемін қамтуға тиіс:

1) жыл сайынғы өндіру көлемін;

2) өндірістік объектілерді және оларды жобалау, салу (тұрғызу) мерзімдерін;

3) келісімшарттық аумақта бұрғылануы жоспарланған ұңғымалардың санын, оларды аяқтау мерзімдерін;

4) қажетті инфрақұрылым объектілерінің тізбесін, оларды жобалау, салу (тұрғызу) мерзімдерін.

Жұмыс бағдарламасы негізгі жобалау көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін қажетті іс-шараларды да жылдар бойынша бөліп және қажетті шығындарды көрсете отырып қамтуға тиіс.

Ескерту. 63-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

64-бап. Іздестіру жұмыстарының жобасы

1. Барлауға, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшартқа қол қойылғанға және ол тіркелгенге дейін конкурс жеңімпазы не келісімшарт тікелей келіссөздер негізінде жасалатын тұлға іздеу жұмыстарының жобасын әзірлейді.

Іздеу жұмыстарының жобасы келісімшарттық аумақтың жер қойнауын ұтымды және кешенді зерттеуді қамтамасыз ететін іздеу мен зертханалық-талдамалық зерттеулердің қазіргі заманғы және дәлділігі жоғары әдістерін қоса алғанда, аумақты зерттеудің тиімді бағдарламасын қамтуға тиіс.

Осы Заңның 57-1-бабында көзделген оңайлатылған тәртіппен барлау құқығын алған жер қойнауын пайдаланушы барлауға арналған үлгілік келісімшартқа қол қойылғаннан және ол тіркелгеннен кейін іздеу жұмыстарының жобасын әзірлейді және дербес бекітеді.

2. Іздеу жұмыстарының жобасы міндетті түрде мемлекеттік экологиялық сараптамаға жатады.

3. Іздеу жұмыстарының жобасын әзірлеу мен келісу мерзімі келісімшарт тікелей келіссөздер негізінде жасалатын тұлға үшін – тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күннен бастап немесе конкурс жеңімпазы болған тұлға үшін конкурс қорытындылары жарияланған күннен бастап сегіз айдан

аспауға тиіс. Іздеу жұмыстарының жобасын әзірлеу мен келісу конкурс жеңімпазының не келісімшарт тікелей келіссөздер негізінде жасалатын тұлғаның еркіне тәуелді емес мән-жайларға байланысты мерзімінде аяқталмаса, іздеу жұмыстарының жобасын әзірлеу мен келісу мерзімі алты айға дейінгі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

4. Кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, пайдалы қазбалар бойынша іздеу жұмыстарының жобасы осы баптың 2-тармағында көрсетілген сараптамадан өткеннен кейін орталық комиссияға беріледі, жоба орталық комиссияға келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады және оны құзыретті орган орталық комиссиядан ұсыныстар келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде бекітеді.

Осы Заңның 57-1-бабында көзделген оңайлатылған тәртіппен барлау құқығын алған жер қойнауын пайдаланушы іздеу жұмыстарының жобасын дербес бекітеді және оны жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Өңіраралық комиссия кең таралған пайдалы қазбалар бойынша іздеу жұмыстарының жобасын өңіраралық комиссияға жоба келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде қарайды және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі өңіраралық комиссиядан ұсыныстар келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде оны бекітеді.

5. Бекітілген іздеу жұмыстарының жобасында айқындалған жұмыстардың шарттары мен көлемдеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар қажет болған жағдайда, іздеу жұмыстарының жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар жобасы жасалады, оны осы баптың 4-тармағында айқындалған органдар қарайды және бекітеді.

Егер осы баптың 2-тармағында көрсетілген сараптаманың теріс қорытындысы болса, жер қойнауын пайдаланушыға іздеу жұмыстарының жобасына осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуіне рұқсат берілмеуге тиіс.

Іздеу жұмыстарының жобасына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды қарау және бекіту мерзімі іздеу жұмыстарының жобасына тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар жобасы орталық комиссияға немесе өңіраралық комиссияға келіп түскен күннен бастап бір айдан аспауға тиіс.

Осы Заңның 57-1-бабында көзделген оңайлатылған тәртіппен барлау құқығын алған жер қойнауын пайдаланушы іздеу жұмыстарының жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді дербес жүргізеді. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға іздеу жұмыстарының жобасына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпарат жібереді.

6. Бекітілген іздестіру жұмыстарының жобасы келісімшарт жасау және жасасу үшін негіз болып табылады.

Белгіленген тәртіппен бекітілген іздестіру жұмыстарының жобасынсыз, сондай-ақ іздестіру жұмыстары жобасының талаптарын бұзып, кен орындарын іздестіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

Ескерту. 64-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

65-бап. Бағалау жұмыстарының жобасы

1. Кен орны табылған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы бұл жөнінде құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына отыз жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

Бағалау жұмыстары сатысына көшуге рұқсатты құзыретті орган - бір ай ішінде, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары он бес жұмыс күні ішінде береді.

Табуды растау мен бағалау мерзімдерін айқындауды құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның қорытындысы бойынша белгілейді. Коммерциялық табуды жер қойнауын пайдаланушы жариялайды.

2. Тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасын немесе сынамалы пайдалану жобасын қамтитын бағалау жұмыстарының жобасы мынадай:

- 1) мемлекеттік экологиялық;
- 2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы;
- 3) санитарлық-эпидемиологиялық міндетті сараптамаларға жатады.

Тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасын немесе сынамалы пайдалану жобасын қамтымайтын бағалау жұмыстарының жобасы мемлекеттік экологиялық сараптамаға жатады.

3. Бағалау жұмыстарының жобасы кен орны қорларын толық және кешенді бағалау мен есептеу, сондай-ақ кен орны жатқан қабаттың тау-кен-геологиялық жағдайларын, пайдалы қазбаны алудың технологиялық параметрлерін және оны игерудің экономикалық жағынан орындылығын айқындауға қажетті мерзімге әзірленеді.

Бағалау жұмыстарының жобасы бағалау жұмыстары сатысының бүкіл мерзімінде кен орнын зерттеу және бағалау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған шығындар көрсетілген қаржылық бөлікті қамтуға тиіс.

4. Қатты және кең таралған пайдалы қазбалар бойынша бағалау жұмыстары тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасын қамтуы мүмкін.

Тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобалау құжаттарында белгіленген мерзімдер ішінде және көлемдерде пайдалы қазбаны өндіру процесінде де жүргізілуі мүмкін.

Тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру көлемдері мен мерзімдері жер қойнауына алдын ала сараптама нәтижелері бойынша келісіледі.

Кең таралған пайдалы қазбалар бойынша іздеу-бағалау жұмыстарының жобасы жасалады, ол осы Заңда белгіленген тәртіппен келісіледі және бекітіледі.

Көмірсутек шикізаты бойынша бағалау жұмыстары сынамалық пайдалану жобасын қамтуы мүмкін.

Сынамалық пайдалану жобасы бұрғыланған барлау ұңғымаларын уақытша пайдалануды көздейді.

Сынамалық пайдалануды жүргізу қажеттігі мен мерзімдері туралы ұсыныстарды орталық комиссия жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

5. Кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, пайдалы қазбалар бойынша бағалау жұмыстарының жобасын және тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасын орталық комиссия тиісті жоба орталық комиссияға келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде қарайды және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган орталық комиссиядан ұсыныстар алынған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде бекітеді.

Сынамалық пайдалану жобасын орталық комиссия жоба орталық комиссияға келіп түскен күннен бастап үш ай ішінде қарайды және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган орталық комиссиядан ұсыныстар алынған кезден бастап он бес жұмыс күні ішінде бекітеді.

Кең таралған пайдалы қазбалар бойынша бағалау жұмыстарының жобасын және тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасын өңіраралық комиссия тиісті жоба өңіраралық комиссияға келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарайды және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері өңіраралық комиссиядан ұсыныстар алынған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде бекітеді.

6. Бағалау жұмыстарының жобасын әзірлеу және келісу мерзімі бағалау жұмыстары кезеңіне көшу туралы шешім қабылданған күннен бастап сегіз айдан аспауға тиіс.

Бағалау жұмыстарының жобасын әзірлеу мен келісу жер қойнауын пайдаланушының еркіне тәуелді емес мән-жайларға байланысты мерзімінде аяқталмаса, бағалау жұмыстарының жобасын әзірлеу мен келісу мерзімі құзыретті органның шешімімен алты айға дейінгі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

7. Бекітілген жобаларда айқындалған жұмыс шарттары мен көлемдерін өзгерту және (немесе) толықтыру қажет болған жағдайда, бекітілген жобаларға өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың жобалары жасалады, оларды осы баптың 5-тармағында айқындалған органдар қарайды және бекітеді.

Егер осы баптың 2-тармағында көрсетілген сараптамалардың бірінің теріс қорытындысы болса, жер қойнауын пайдаланушыға осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуіне рұқсат берілмеуге тиіс.

Жобаларға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды қарау және бекіту мерзімі тиісті өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың жобасы орталық комиссияға келіп түскен күннен бастап - бір айдан, өңіраралық комиссияға келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

8. Белгіленген тәртіппен бекітілген бағалау жұмыстарының жобасынсыз, сондай-ақ бағалау жұмыстары жобасының талаптарын бұза отырып, кен орындарын бағалау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

Ескерту. 65-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

66-бап. Өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау құжаттары

1. Өндіруге арналған келісімшартқа қол қойылғанға және ол тіркелгенге дейін конкурс жеңімпазы не келісімшарт тікелей келіссөздер негізінде жасалатын тұлға осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес жобалау құжаттарының әзірленуін қамтамасыз етуге міндетті.

Техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбаларды өндіруге жобалау құжаттары әзірленбейді.

2. Қатты және кең таралған пайдалы қазбалар, жерасты сулары бойынша:

1) кен орнын өнеркәсіптік игеру жобасы әзірленеді, ол мыналарды: тау-кен және өндіру жұмыстарының күнтізбелік кестесі мен берілген өнімділікті қамтамасыз ететін техникалық шешімдерді және өндіруге ілеспелі басқа да өндіріс операцияларын; жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану жөніндегі, персоналдың жұмыс қауіпсіздігі жөніндегі, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі

талаптардың сақталуын қамтамасыз ететін шараларды; бүлінетін жерлерді рекультивациялау жөніндегі шараларды, сондай-ақ жоспарланған жұмыстарды жылдарға бөліп қаржыландыру туралы мәліметтерді қамтуға тиіс;

2) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3. Кен орнының игерілу сатысына және зерттелу дәрежесіне, оның қорларының жай-күйіне қарай көмірсутек шикізаты бойынша:

1) тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру жобасы әзірленеді, ол кен орнын геологиялық-физикалық жағдайларда байқаудан өткізуді және технологияны байқаудан өткізу оң нәтиже берген жағдайда оны тұтастай кен орнында қолдануды талап ететін жаңа немесе бұрыннан белгілі технологияларды сынау мақсатында жекелеген кен орындарын немесе шоғырларды пайдалануға беру үшін жасалады; тәжірибелік-өнеркәсіптік игеруді жүргізудің мерзімдері мен көлемдері жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісіледі;

2) игерудің технологиялық схемасы;

3) өнеркәсіптік игеру жобасы әзірленеді.

4) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Осы тармақта көрсетілген жобалау құжаттарын жасау және оның қолданылу тәртібі, реттілігі, мерзімдері пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларда айқындалады.

Өнеркәсіптік әзірleme жобасында ілеспе газды өңдеу және (немесе) кәдеге жарату жөнінде бөлім болуға тиіс. Техникалық-экономикалық негіздеме ілеспе газды пайдалану негіздемесін қамтуға тиіс.

4. Осы бапта көзделген жобалау құжаттары олардың орындалуына қарай келісімшарттың қолданылу мерзімі шегінде пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидалардың талаптарына сәйкес кезең-кезеңмен әзірленеді.

Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау құжаттарын қоспағанда, осы бапта көзделген жобалау құжаттары жобалауға арналған қажетті лицензиялары бар жобалау ұйымын шарт негізінде міндетті түрде тарта отырып әзірленеді. Осындай жобалау ұйымымен жасалған шартта жобалау ұйымының авторлық қадағалауды жүргізу жөніндегі міндеттемелері көзделуге тиіс.

Кен орындарының қорларын сыныптау жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізіледі.

Жобалау құжаттарында экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары ескеріле отырып, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану қамтамасыз етілуге тиіс.

5. Өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау құжаттарына міндетті түрде мынадай:

- 1) мемлекеттік-экологиялық;
- 2) өнеркәсіптік қауіпсіздік;
- 3) санитарлық-эпидемиологиялық;

4) жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану саласындағы міндетті сараптамалар жүргізілуге тиіс.

6. Жобалау құжаттарын әзірлеу мен келісу мерзімі келісімшарт тікелей келіссөздер негізінде жасалатын тұлға үшін – тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күннен бастап немесе конкурс жеңімпазы болған тұлға үшін конкурс қорытындылары жарияланған күннен бастап жиырма бір айдан аспауға тиіс.

Бағалау жұмыстарының жобасын әзірлеу мен келісу жер қойнауын пайдаланушының еркіне тәуелді емес мән-жайларға байланысты мерзімінде аяқталмаса, жобалау құжаттарын әзірлеу мен келісу мерзімі құзыретті органның шешімімен алты айға дейінгі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

7. Қатты пайдалы қазбалар кен орындарын игеру жобасын орталық комиссия тиісті жоба орталық комиссияға келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде қарайды және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган орталық комиссиядан ұсыныстар алынған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде бекітеді.

Игерудің технологиялық схемасын және көмірсутек шикізатын тәжірибелік-өнеркәсіптік және өнеркәсіптік игеру жобаларын орталық комиссия технологиялық схема немесе көмірсутек шикізатын тәжірибелік-өнеркәсіптік және өнеркәсіптік игеру жобалары орталық комиссияға келіп түскен күннен бастап үш ай ішінде қарайды және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган орталық комиссиядан ұсыныстар алынған күннен бастап он бес күн ішінде бекітеді.

Осы бапта көзделген, кең таралған пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру жөніндегі жобалау құжаттарын өңіраралық комиссия тиісті жоба өңіраралық комиссияға келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде қарайды және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері өңіраралық комиссиядан ұсыныстар алынған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде бекітеді.

Жерасты суларын тәулігіне екі мың текше метрден астам көлемде өндіру кезінде, сондай-ақ пайдалы қазбаны өндірудің технологиялық схемасына сәйкес

оларды қаттарға айдау үшін жерасты суларының кен орындарын игеру жобалары орталық комиссияға тиісті жоба келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде орталық комиссияда қаралады және оларды жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган орталық комиссиядан ұсыныстар алынған кезден бастап он бес жұмыс күні ішінде бекітеді.

8. Бекітілген жобаларда айқындалған жұмыс шарттары мен көлемдеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар қажет болған жағдайда бекітілген жобаларға өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың жобалары жасалады, оларды осы баптың 7-тармағында айқындалған органдар қарайды және бекітеді.

Егер бекітілген жобаларда айқындалған өндіру көлемдері бекітілген жобалау көрсеткіштерінен нақты мәнде жиырма пайыздан аз өзгертін жағдайда, қатты пайдалы қазбалар, кең таралған пайдалы қазбалар, жерасты сулары және емдік балшық бойынша бекітілген жобаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар жобалары жасалмайды.

Егер:

1) ұсынылып отырған өзгерістер және (немесе) толықтырулар кен орындарын игерудің оң практикасына сәйкес келмесе;

2) ұсынылып отырған өзгерістер және (немесе) толықтырулар жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкес келмесе;

3) осы баптың 5-тармағында көрсетілген сараптамалардың бірінің теріс қорытындысы болса, жер қойнауын пайдаланушының өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау құжаттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуіне рұқсат берілмеуі мүмкін.

Жобаларға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды қарау және бекіту мерзімі тиісті өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың жобасы орталық комиссияға келіп түскен күннен бастап - бір айдан, өңіраралық комиссияға келіп түскен күннен бастап он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

9. Өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған бекітілген жобалау құжаттары өндіруге арналған келісімшарт жасауға және жасасуға негіз болып табылады.

10. Белгіленген тәртіппен бекітілген өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау құжаттарынсыз өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

Бұл ретте, жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарында көзделген пайдалы қазбаларды өндіру кезінде минералдық шикізаттың құрамындағы ілеспе пайдалы қазбаларды өндіруі жобалау құжаттарының талаптарын бұзу болып табылмайды.

Ескерту. 66-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

67-бап. Қол қойылған бонусты төлеудің шарттары

1. Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурс жеңімпазы, келісімшарт тікелей келіссөздер негізінде жасалатын тұлға, сондай-ақ келісімшарт жасасқан тұлға Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес қол қойылатын бонус төлейді. Ұлттық компания жер қойнауын пайдаланушы болып әрекет ететін келісімшарттар бойынша ұлттық компания Қазақстан Республикасының пайдасына төлеген қол қойылатын бонусты, егер стратегиялық әріптеспен жасалған бірлескен қызмет туралы шартта өзгеше көзделмесе, оның осындай әріптесі өтейді.

2. Қол қойылған бонустың уақтылы және толық төленуін бақылау Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Егер конкурстың жеңімпазы болып жарияланған тұлға қол қойылған бонус сомасының елу пайызын төлеуді белгіленген мерзімде жүргізбесе, жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды жүргізу жөніндегі комиссия (кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстық комиссия) мұндай тұлғаны конкурстың жеңімпазы деп тану туралы шешімінің күшін жоюға құқылы.

Егер келісімшарт онымен тікелей келіссөздер негізінде жасалатын тұлға қол қойылған бонус сомасының елу пайызын төлеуді белгіленген мерзімде жүргізбесе, құзыретті орган (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы) мұндай тұлғамен тікелей келіссөздер негізінде келісімшарт жасасу туралы шешімнің күшін жоюға құқылы.

4. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстарды жүргізу жөніндегі комиссия (кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстық комиссия) қол қойылған бонус сомасының елу пайызын төлеу жөніндегі міндетін орындамаған тұлғаны конкурстың жеңімпазы деп тану туралы шешімнің күшін жойған немесе құзыретті орган (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы) қол қойылған бонус сомасының елу пайызын төлеу жөніндегі міндетін орындамаған тұлғамен тікелей келіссөздер негізінде келісімшарт жасасу туралы шешімнің күшін жойған жағдайда, мұндай тұлға келісімшарт жасасу құқығынан айырылады.

5. Конкурс жеңімпазының немесе келісімшарт онымен тікелей келіссөздер негізінде жасалатын тұлғаның кінәсінен келісімшарт белгіленген мерзімде жасалмаған жағдайда төленіп, қол қойылған бонус қайтарылмайды.

Құзыретті орган (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органды конкурс жеңімпазының немесе келісімшарт тікелей келіссөздер негізінде жасалатын тұлғаның кінәсінен келісімшарттың жасалмау фактісі туралы жазбаша хабардар етеді.

Ескерту. 67-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

68-бап. Келісімшартты жасасу және тіркеу

1. Келісімшарт құзыретті органда міндетті тіркелуге жатады және тіркелген кезінен бастап күшіне енеді.

РҚАО-ның ескертпесі!

1-тармақтың екінші бөлігінің ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

Құзыретті орган келісімшарттарды мемлекеттік тіркеу тізілімін жүргізеді және келісімшарттың сақталуын қамтамасыз етеді.

РҚАО-ның ескертпесі!

1-тармақтың үшінші бөлігінің ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар да келісімшарттарды мемлекеттік тіркеу тізіліміне тиісті жазбалар енгізу арқылы құзыретті органда міндетті тіркелуге жатады. Келісімшартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген кезінен бастап күшіне енді деп танылады. *(1-тармақ 20.11.2014 бастап қолданысқа енгізіледі)*

2. Барлау жүргізу үшін келісімшарт жасасу мерзімі құзыретті орган келісімшарт жасасу туралы шешім қабылдаған және келісімшарт онымен тікелей келіссөздер негізінде жасалатын тұлға үшін - тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күннен бастап, немесе конкурстың жеңімпазы болған тұлға үшін

конкурстың қорытындылары жарияланған күннен бастап он сегіз айдан аспауға тиіс.

Өндіруді жүргізу үшін келісімшарт жасасу мерзімі құзыретті орган келісімшарт жасасу туралы шешім қабылдаған және келісімшарт онымен тікелей келіссөздер негізінде жасалатын тұлға үшін - тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күннен бастап, немесе конкурстың жеңімпазы болған тұлға үшін конкурстың қорытындылары жарияланған күннен бастап жиырма төрт айдан аспауға тиіс.

Егер конкурстың жеңімпазы немесе келісімшарт онымен тікелей келіссөздер негізінде жасалатын тұлға құзыретті органға келісімшарт жасасу мерзімін ұзарту туралы өтінішпен жүгініп, мұндай ұзартудың себептерін дәлелдесе, құзыретті орган келісімшарт жасасу мерзімін ұзартуы мүмкін.

Егер келісімшарт жасасуға үміткер тұлғаның кінәсінен келісімшарт белгіленген мерзімде жасалмаса, мұндай тұлға келісімшарт жасасу құқығынан айырылады, бұл ретте осындай тұлға геологиялық ақпаратты сатып алуға, жобалау құжаттарын, жұмыс бағдарламаларын және келісімшарт жобасын әзірлеу мен келісуге жұмсаған шығындар өтелуге жатпайды. Құзыретті орган жер қойнауының тиісті учаскесін осы Заңда белгіленген тәртіппен конкурсқа шығаруға құқылы.

3. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттарының, сондай-ақ келісімшарт жасасуға мүмкіндік беретін міндетті сараптамалардың нәтижелерін алу негізінде жасалады.

4. Келісімшарттың көшірмесі оны құзыретті органда тіркегеннен кейін міндетті түрде жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға және бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға жіберіледі.

5. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін (жер пайдалану құқығын) мәжбүрлеп алып қою жағдайларын қоспағанда, келісімшарт жасасу жер қойнауын пайдаланушы өтініш берген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының жер учаскесін ресімдеуі үшін негіз болып табылады.

Үшінші тұлғалардың меншігіндегі немесе жер пайдалануындағы жер учаскелерін беру Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте ресімделетін жер учаскесінің кеңістікті шекаралары жер қойнауын пайдаланушының жер учаскесін нақты пайдалану мерзімдері шегінде жер үстін бұза отырып, іс жүзінде пайдаланатын аумағымен шектеледі.

РҚАО-ның ескертпесі!

6-тармақтың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР

27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

6. Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған келісімшарттар жасасуды және тіркеуді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

Ескерту. 68-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен

69-бап. Келісімшарттың қолданылу мерзімі

1. Барлауға арналған келісімшарт алты жылға дейінгі мерзімге жасалады.

Егер жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттың қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін алты айдан кешіктірмей, құзыретті органға келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтінішпен мұндай ұзартудың себебін негіздей отырып жүгінсе, құзыретті орган теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде барлауға арналған келісімшарттың қолданылу мерзімін екі жылға дейін ұзартуы мүмкін.

Егер жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңсерілмейтін күш мән-жайлары туралы куәлік ұсынса, пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімін құзыретті орган осындай мән-жайлардың әрекет ету мерзіміне ұзартады.

Кен орнын табу жағдайында жер қойнауын пайдаланушының барлауға арналған келісімшарттың қолданылу мерзімін оны бағалау үшін қажетті кезеңге ұзартуға құқығы бар.

Табуды бағалау үшін келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына келіп түскен күнінен бастап бір айдан кешіктірілмей қаралуға тиіс.

2. Өндіруге арналған келісімшарт – жиырма бес жылдан аспайтын, ал пайдалы қазбалардың ірі және бірегей қорлары бар кен орындары бойынша қырық бес жылдан аспайтын мерзімге жасалады. Өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі қорларды толық игеруге қажетті мерзімнен аспауға тиіс.

Егер жер қойнауын пайдаланушы жұмыстардың аяқталуына дейін алты айдан кешіктірмей құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар

қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтінішпен мұндай ұзартудың себептерін негіздей отырып жүгінсе, жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық міндеттемелер бойынша жойылмаған бұзушылықтары болмаған жағдайда құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзартады. Келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш құзыретті органға келіп түскен күнінен бастап екі айдан кешіктірілмей қаралуға тиіс.

Өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі, егер пайдалы қазбаны пайдалану қосылған құны жоғары (неғұрлым жоғары қайта жасалған және өңделген) өнім өндіруді көздейтін индустриялық-инновациялық жобаны Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес іске асыруға байланысты болса, ұзартылуға жатады.

3. Келісімшарттың қолданылу мерзімін өзгерту кезінде келісімшартқа тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.

РҚАО-ның ескертпесі!

3-тармақтың екінші бөлігінің ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

Егер тараптар өзге мерзімді келіспесе, ұзарту мерзімі тиісті толықтыру тіркелген күннен бастап есептеледі.

РҚАО-ның ескертпесі!

4-тармақ 01.01.2021 дейін қолданылады. 4-тармақтың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

4. 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісімшарттың қолданылу мерзімі өзгерген кезде оған жер қойнауын пайдаланушының тауарлардағы жергілікті камту жөніндегі міндеттемелерін алып тастау көзделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Ескерту. 69-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 365-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

70-бап. Келісімшарт қолданысының аумақтық аясы

1. Келісімшарттық аумақ шегінде жер қойнауының бір учаскесі немесе жер қойнауы учаскелерінің сабақтас та, бөлек те бірнеше учаскесі болуы мүмкін. Келісімшарттық аумақ шегінде бөлінетін жер қойнауының учаскесі (жер қойнауының учаскелері) белгілі бір тереңдікпен шектелуі мүмкін.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақтың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

2. Бір келісімшарттық аумақ шегінде әртүрлі келісімшарттар бойынша екі немесе одан да көп жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген жағдайда келісімшарттық аумақ шегінде жұмыстар жүргізудің тәртібі осындай жер қойнауын пайдаланушылар арасындағы келісіммен айқындалады.

Егер бір келісімшарттық аумақ шегінде әртүрлі келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар осы мәселе бойынша келісімге келе алмаса, келісімшарттық аумақта жұмыстар жүргізудің тәртібін белгілеу құқығына құзыретті органмен жасалған келісімшарт бойынша пайдалы қазбаларды барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы ие болады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органымен жасалған келісімшарт бойынша кең таралған пайдалы қазбаларды барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органмен жасалған келісімшарт бойынша пайдалы қазбаларды барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы белгілеген келісімшарттық аумақта жұмыстар жүргізудің тәртібін сақтауға міндетті.

Бір келісімшарттық аумақ шегінде құзыретті органмен жасалған әртүрлі келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияны екі немесе одан да көп жер қойнауын пайдаланушы жүргізген жағдайда келісімшарттық аумақта жұмыстар жүргізудің тәртібін белгілеу құқығына келісімшарт онымен бұрынырақ жасалған жер қойнауын пайдаланушы ие болады.

Келісімшарт онымен кешірек жасалған жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттық аумақта жұмыстар жүргізудің келісімшарт онымен бұрынырақ жасалған жер қойнауын пайдаланушы белгілеген тәртібін сақтауға міндетті.

Бір келісімшарттық аумақ шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияны жүргізудің осы тармаққа сәйкес айқындалған тәртібі жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісілуге тиіс.

3. Егер жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияны жүргізу мүмкін болмаса немесе қиындық туғызса не жер қойнауын пайдаланушыға аралас немесе өзге де жер қойнауы учаскесіне сервитут берусіз оны шамадан тыс шығынға ұшыратуы мүмкін болса, сервитут алуға мүдделі тұлға (сервитут алуға үміткер) жер қойнауы учаскесіне сервитут белгіленуге тиіс жер қойнауын пайдаланушыға сервитут белгілеу туралы шарт жасасу ұсынысымен жүгінуге құқылы.

Сервитут алуға үміткер мен жер қойнауын пайдаланушы арасында сервитут белгілеу мүмкіндігі туралы немесе сервитут белгілеу туралы шарттың талаптары туралы келісімге қол жеткізілмесе, мүдделі тұлға сотқа жүгінуге құқылы.

Сервитут - құзыретті органда, ал егер жер қойнауы учаскесі кең таралған пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған болса, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органында тіркеуге жатады.

Егер сервитут белгілеу адамдардың өмірі мен денсаулығына немесе қоршаған ортаға қатер төндіретін, сондай-ақ жер қойнауы учаскесінде барлауды және (немесе) өндіруді жүргізудің мүмкін болмауына әкеп соғатын жағдайда, сервитут белгілеуге тыйым салынады.

Жер қойнауы учаскесіне сервитут белгіленген кезде, егер сервитут белгілеу туралы шартта немесе Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сервитуттың құқық иесі жер қойнауын пайдаланушыға сервитутпен байланысты залалды өтеуге міндетті.

Сервитут белгілеу туралы шартта немесе сот шешімінде сервитуттың құқық иесі жер қойнауын пайдаланушыға сервитут үшін төлейтін төлем көзделуі мүмкін.

Сервитут ол белгіленген мерзім өткеннен кейін не солар бойынша ол белгіленген негіздер тоқтатылған кезде не сервитуттың құқық иесі бас тартқан жағдайда тоқтатылады.

Сервитут мәмілелердің, оның ішінде сатып алу-сату және кепіл мәмілелерінің дербес нысанасы бола алмайды. Сервитут басқа тұлғаларға оны қамтамасыз ету үшін осындай сервитут белгіленген құқықпен бірге ғана ауысуы мүмкін. Сервитут жер қойнауын пайдалану құқығын берген және жер қойнауын пайдалану құқығы сервитутпен жүктелген жер қойнауы учаскесіне қатысты

әмбебап құқық мирасқорлығы тәртібімен басқа тұлғаға ауысқан жағдайда сақталады.

Жер қойнауы учаскесінің бір бөлігіне сервитут белгілеу Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес, жер учаскесіне сервитутты алу қажет болған жағдайда осындай сервитуттың туындауына негіз болады.

4. Егер пайдалы қазбаларды барлауды немесе өндіруді жүргізу кезінде табудың немесе кен орнының географиялық шекараларының (кұрлықта немесе теңізде орналасуына қарамастан) геологиялық немесе тау-кендік бөлуде көрсетілген келісімшарттық аумақ шегінен шығатыны анықталса, онда оны кеңейту туралы мәселені құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы кең таралған пайдалы қазбаларды барлауды немесе өндіруді жүргізу кезінде, егер бұл аумақ жер қойнауын пайдаланудан бос болған жағдайда, келісімшарт жобасын келісу және оны жасасу үшін осы Заңда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде конкурс өткізбей-ақ, көлемі бойынша келісімшарттық аумақтың елу пайызынан аспайтын тиісті геологиялық бөлуді немесе жаңа тау-кендік бөлуді беру, сондай-ақ келісімшарт пен жұмыс бағдарламасының шарттарын өзгерту арқылы шешуге тиіс.

5. Келісімшарттық аумақты қайтарудың талаптары мен тәртібі осы Заңда және келісімшартта айқындалады.

6. Келісімшарттық аумақтың бөліктерін қайтару келісімшарттық аумақтың қайтарылатын бөліктері тиісті геологиялық бөлуден шығарыла отырып, геологиялық бөлуді қайта ресімдеу жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 70-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

70-1-бап. Келісімшарттық аумақты өзгерту

1. Қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға келісімшарттық аумақтан жер қойнауы учаскесін (учаскелерін) бөлу арқылы оны өзгертуге рұқсат беру туралы өтініш жасауға құқылы.

Келісімшарттық аумақтан жер қойнауы учаскесін (учаскелерін) бөлу бөлінетін жер қойнауы учаскесіне (учаскелеріне) қатысты жекелеген келісімшарт жасасу және аумағынан бөлу жүргізілетін келісімшартқа тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу арқылы тараптардың келісімі бойынша жүргізіледі.

2. Келісімшарттық аумақты өзгерту туралы өтініш қазақ және орыс тілдерінде жазбаша нысанда жасалуға және:

1) өзгертілетін келісімшарттық аумақта (аумақтарда) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияны жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы туралы мәліметтерді:

заңды тұлғалар үшін – толық атауын, орналасқан жерін, мемлекеттік тиесілігін, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі және салық органдарында тіркелуі туралы мәліметтерді, басшылары және олардың өкілеттіктері туралы мәліметтерді;

жеке тұлғалар үшін – тегін және атын, заңды мекенжайын, азаматтығын, жеке басын куәландыратын құжаттар, салық органдарында тіркелгені туралы мәліметтерді;

2) келісімшартты, келісімшарттық аумақты және келісімшарттық аумақтан жекелеген келісімшартқа бөлінуге жататын жер қойнауы учаскесін (учаскелерін) көрсетуді;

3) келісімшарттық аумақты өзгертуді жүргізу қажеттілігін негіздейтін геологиялық, тау-кендік-техникалық, технологиялық және өзге де ақпаратты;

4) өтінішке қол қойған адамның тегін және атын, мұндай адамның өкілеттігін көрсетуді, оның жеке басын куәландыратын құжаты туралы мәліметтерді;

5) өтініште және оған қоса берілген құжаттарда көрсетілген барлық мәліметтердің анықтығы туралы жер қойнауын пайдаланушының жазбаша растауын қамтуға тиіс.

Өтінішке онда көрсетілген мәліметтерді растайтын, тиісті түрде куәландырылған құжаттар (не олардың нотариат куәландырған көшірмелері) қоса беріледі.

Өтінішке қоса берілетін барлық құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Егер өтінішті шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға берген жағдайда, әрбір құжатқа дұрыстығын нотариус куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы міндетті түрде қоса беріле отырып, мұндай құжаттар өзге де тілде жасалуы мүмкін.

3. Келісімшарттық аумақты өзгертуге арналған рұқсатты құзыретті орган мынадай шарттар сақталған кезде береді:

1) егер сұралатын өзгерту Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзбаса;

2) егер сұралатын өзгерту жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану мақсатында жүзеге асырылатын болса.

4. Құзыретті органның келісімшарттық аумақты өзгертуге рұқсат беруі туралы мәселе мұндай өзгертудің әрбір жағдайы үшін жеке-жеке қаралады. Жер қойнауын пайдаланушының қалауы бойынша келісімшарттық аумақты өзгертуге рұқсатты келісімшартта не өзге де актіде белгілеуге жол берілмейді.

5. Келісімшарттық аумақты өзгертуге рұқсат беруден бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айтылуы мүмкін.

6. Келісімшарттық аумақ одан жер қойнауы учаскесін (учаскелерін) бөлу арқылы өзгерген жағдайда, осы жер қойнауы учаскесіне (учаскелеріне) қатысты келісімшарт аумағынан жер қойнауы учаскесін (учаскелерін) бөлу жүргізілетін келісімшарт мерзімінен аспайтын мерзімге жасалуы мүмкін.

Жергілікті қамту жөніндегі, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстар мөлшері жөніндегі, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, келісімшартты орындау кезінде тартылған жұмыскерлерді оқытуға, олардың біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға жіберілетін шығыстар мөлшері жөніндегі, Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар мөлшері жөніндегі шарттарды қоспағанда, бөлінген жер қойнауы учаскесіне (учаскелеріне) қатысты жасалатын келісімшарт ережелері жер қойнауы учаскесін (учаскелерін) бөлу арқылы өзгертуге рұқсат беру үшін негіз болған шарттарға сәйкес келуге тиіс.

7. Келісімшарттық аумақ өзгерген жағдайда, осы келісімшарттық аумаққа қатысты жұмыс бағдарламасы, тау-кендік бөлу немесе геологиялық бөлу және жобалау құжаттамасы осы Заңда белгіленген тәртіппен өзгертуге жатады. Бөлінетін жер қойнауы учаскесіне (учаскелеріне) қатысты жұмыс бағдарламасы, тау-кендік бөлу немесе геологиялық бөлу және жобалау құжаттамасы осы Заңда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде әзірленеді.

8. Бір келісімшарт шеңберінде бір бөлігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұтқырлығы жоғары, су басқан, рентабельділігі төмен, дебеті аз немесе игерілген кен орындарының тізбесіне енгізілген бірнеше кен орындарында өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар құзыретті органға осындай кен орнын (кен орындарын) бөлу және осы бапта көзделген тәртіппен өндіруге арналған жекелеген келісімшарт жасасу арқылы келісімшарттық аумақты өзгерту туралы өтініш жасауға құқылы.

9. Осы баптың ережелері осы Заңның 129-бабының 6-тармағында көрсетілген мұнай операцияларын жүргізу жөніндегі келісімшарттарға қолданылмайды.

Ескерту. 6-тарау 70-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

71-бап. Келісімшартқа өзгерістер және (немесе)толықтырулар енгізу

1. Егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе, келісімшарт талаптарын өзгертуге және (немесе) толықтыруға тараптардың келісімі бойынша жол беріледі.

2. Тараптардың бірінің талабы бойынша келісімшарт талаптарын өзгертуге және (немесе) толықтыруға Қазақстан Республикасының заңдарында және келісімшартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен жол беріледі.

3. Егер стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелеріне, кен орындарына қатысты жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушының іс-әрекеті ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін, Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін өзгертуге әкеп соғатын жағдайда, құзыретті орган Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қалпына келтіру мақсатында келісімшарттың, оның ішінде бұрын жасалған келісімшарттың талаптарын өзгертуді және (немесе) толықтыруды талап етуге құқылы.

4. Пайдалы қазбалардың ірі және бірегей қорлары бар кен орнында он жылдан асатын мерзімге ұзарту бөлігінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізілген жағдайда, келісімшарт ережелері жер қойнауын пайдаланушының мынадай:

1) өңдеу өндірістерін дербес, жаңа заңды тұлға құру арқылы немесе басқа да тұлғалармен бірлесіп құру;

2) жұмыс істеп тұрған өндіру өндірістерін жаңғырту не реконструкциялау;

3) жұмыс істеп тұрған қайта өңдеу өндірістерін жаңғырту не реконструкциялау;

4) өндірілетін пайдалы қазбаны Қазақстан Республикасының аумағындағы қайта өңдеу кәсіпорындарына (өндірістеріне) шарттық талаптарда өңдеуге беру;

5) өзге инвестициялық жобаны немесе өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған жобаны дербес, жаңа заңды тұлға құру арқылы немесе басқа тұлғалармен бірлесіп іске асыру жөніндегі міндеттемелерінің бірімен толықтырылуға тиіс.

Егер осындай кен орнына қатысты жер қойнауын пайдалану құқығы басқа тұлғаға берілсе, онда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа осы тармақта көрсетілген міндеттемелердің бірі енгізіледі.

Ескерту. 71-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

72-бап. Келісімшарттың қолданылуын тоқтату

1. Егер тараптар осы Заңның 69-бабында белгіленген тәртіппен келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы келісімге қол жеткізбесе, келісімшарт қолданылу мерзімі өткеннен кейін тоқтатылады.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақтың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР

27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

2. Келісімшарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатуға тараптардың келісімі бойынша, сондай-ақ тараптардың бірінің талабы бойынша осы Заңда көзделген жағдайларда жол беріледі.

РҚАО-ның ескертпесі!

3-тармақтың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

3. Құзыретті орган мынадай жағдайларда:

1) жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген міндеттемелерді екі реттен көп бұзуды құзыретті органның хабарламасында көрсетілген мерзімде жоймаған кезде;

2) осы Заңның 36-бабының 5-тармағына сәйкес мұндай рұқсат ету талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, құзыретті органның рұқсатынсыз осы Заңның 36-бабының 1 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларда, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді берген кезде;

3) осы Заңның 76-бабы 1-тармағының 13-1) тармақшасында көзделген мәліметтерді беруден бас тартқан не анық емес мәліметтер берген кезде;

4) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген қаржылық міндеттемелер қатарынан екі жыл бойы отыз пайыздан кем орындалған кезде келісімшарттың қолданылуын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органның хабарламасында белгіленген мерзімде толық жойған келісімшарт талаптарының бұзылуы келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз болып табылмайды.

РҚАО-ның ескертпесі!

3-1-тармақтың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

3-1. Құзыретті орган барлауға арналған үлгілік келісімшарттың қолданылуын мынадай:

1) жыл сайын өсіп отыратын төлемдер түрінде ұсынылған, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған сомалардың уақтылы төленбеуі;

2) үлгілік келісімшарт қолданылатын бүкіл кезеңде бір блок шегінде орындалуы қажет, жылдар бойынша шығындар мен жұмыс түрлерінің ең төмен мөлшері туралы талаптарды бұзу;

3) берілген жер қойнауы учаскесін үлгілік келісімшартта көзделмеген мақсаттарға пайдалану жағдайларында біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатады.

4. Осы Заңның 71-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда құзыретті орган, егер:

1) құзыретті органнан келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру туралы хабарлама алған күннен бастап екі айға дейінгі мерзімде жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру жөнінде келіссөздер жүргізуге өз келісімін жазбаша түрде растамаса не оларды жүргізуден бас тартса;

2) жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру жөнінде келіссөздер жүргізуге келісімі алынған күннен бастап төрт айға дейінгі мерзімде тараптар келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру жөніндегі келісімге келмесе;

3) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қалпына келтіру жөніндегі келісілген шешімге қол жеткізілген күннен бастап алты айға дейінгі мерзімде тараптар келісімшарттың талаптарына өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға қол қоймаса, біржақты тәртіппен келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

5. Егер стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелеріне, кен орындарына қатысты жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушының іс-әрекеті ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін, Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін өзгертуге әкеп соғатын болса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құзыретті орган келісімшарттың, оның ішінде бұрын жасалған келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен тоқтатуға құқылы.

Келісімшарттың қолданылуы аталған негіз бойынша біржақты тәртіппен тоқтатылған жағдайда құзыретті орган ол жөнінде жер қойнауын пайдаланушыны кемінде екі ай бұрын ескертуге тиіс.

РҚАО-ның ескертпесі!

6-тармақтың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР

27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

6. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген міндеттемелерді екі реттен көп бұзуды құзыретті органның хабарламасында көрсетілген мерзімде жоймаған кезде кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Жер қойнауын пайдаланушы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының хабарламасында белгіленген мерзімде толық жойған келісімшарт талаптарының бұзылуы келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз болып табылмайды.

РҚАО-ның ескертпесі!

7-тармақтың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

7. Егер жер қойнауын пайдаланушының нақты шығыстары нарықта қолданылатын бағалардың өзгеруі салдарынан, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының еркіне тәуелді емес басқа да мән-жайларға байланысты келісімшарт жасасу, жұмыс бағдарламасы мен жобалау құжаттарын бекіту кезінде ескерілгендерден кем болып шықса, бірақ бұл ретте жер қойнауын пайдаланушы міндеттемелерінің келісімшартта, жұмыс бағдарламасында және жобалау құжаттарында көзделген нақты көлемі толық көлемде орындалса, жер қойнауын пайдаланушының нақты шығыстарының мұндай азаюы келісімшарт талаптарын бұзу және келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтату үшін негіз болып табылмайды.

РҚАО-ның ескертпесі!

7-1-тармақтың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

7-1. Егер осы Заңның 71-бабы 4-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген міндеттеменің толық немесе ішінара орындалмауы жер қойнауын

пайдаланушыға байланысты емес мән-жайлардан туындаса және ол өндірілетін пайдалы қазбаны қайта өңдеуге беру бойынша өзіне байланысты барлық шараларды қолданса, онда мұндай орындалмау осы міндеттемені бұзу және келісімшарттың қолданылуын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз болып табылмайды.

РҚАО-ның ескертпесі!

8-тармақтың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

8. Жер қойнауын пайдаланушы келісімшартты сот тәртібімен мерзімінен бұрын бұзуды талап етуге немесе келісімшартта белгіленген негіздер бойынша келісімшартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

РҚАО-ның ескертпесі!

9-тармақтың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

9. Келісімшарттың қолданысын тоқтату жер қойнауын пайдаланушыны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келісімшарттық аумақты мемлекетке қайтару және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың зардаптарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

10. Құзыретті орган келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде ұлттық компания келісімшарттық аумақты сенімгерлікпен басқаруға қабылдайды. Технологиялық процестің үздіксіз болуын және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құрылыстар мен жабдықтарды бұрынғы жер қойнауын пайдаланушы жаңа жер қойнауын пайдаланушыға мүлік берілгенге дейінгі мерзімге ұлттық компанияның уақытша иеленуі мен пайдалануына беруге тиіс. Бұрынғы жер қойнауын пайдаланушы болмаған не ол мүлікті ұлттық компанияға беруден бас тартқан жағдайда құзыретті орган осындай мүлікке қатысты оның сенім білдірген адамы ретінде іс-қимыл жасайды.

Құзыретті орган келісімшартта көзделген жер қойнауы учаскесін конкурса шығаруға немесе тікелей келіссөздер өткізуге міндетті.

РҚАО-ның ескертпесі!

11-тармақтың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер

қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

11. Үлгілік келісімшарт, егер тараптар оны ұзарту туралы келісімге қол жеткізбесе, оның қолданылу мерзімі өткеннен кейін тоқтатылады.

Үлгілік келісімшарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатуға тараптардың келісімімен жол беріледі.

Ескерту. 72-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

72-1-бап. Келісімшарттық аумақты сенімгерлік басқару

1. Келісімшарттық аумақта үздіксіз технологиялық процесті ұстап тұру және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бұрынғы жер қойнауын пайдаланушымен келісімшарт тоқтатылған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде құзыретті орган ұлттық компаниямен келісімшарттық аумақты сенімгерлік басқару шартын жасасады.

2. Құзыретті орган бұрынғы жер қойнауын пайдаланушыны келісімшарттық аумақты сенімгерлік басқару шартын жасасқаны туралы мұндай шарт жасалған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

3. Келісімшарттық аумақты сенімгерлік басқару шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес әзірленеді және жасалады.

Келісімшарттық аумақты сенімгерлік басқару шарты сенімгерлік басқарушыға:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге келісімшарт жасамай-ақ жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияны жүзеге асыру;

2) келісімшарттық аумақты сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін жер пайдалану құқығында жер учаскесін алу құқығын береді.

4. Бұрынғы жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органның келісімшарттық аумақты сенімгерлік басқару шартын жасасқаны туралы хабарламасын алған күннен бастап бір ай ішінде технологиялық процестің үздіксіз болуын және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құрылыстарды, жабдықтарды және өзге де мүлікті жаңа жер қойнауын пайдаланушыға мүлік берілгенге дейінгі мерзімге сенімгерлік басқарушының уақытша иеленуі мен пайдалануына беруге тиіс.

Бұрынғы жер қойнауын пайдаланушы болмаған не ол сенімгерлік басқарушыға мүлікті беруден жалтарған жағдайда, құзыретті орган мұндай

мүлікке қатысты оның сенім білдірілген өкілі ретінде әрекет етеді және берілетін мүліктің жай-күйі туралы нұсқауды көздейтін тізбе қамтылған акт бойынша оны сенімгерлік басқарушыға береді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мүлікті пайдаланумен байланысты шығыстар осы баптың 5-тармағына сәйкес өтеледі.

5. Сенімгерлік басқарушының келісімшарттық аумақты сенімгерлік басқаруы кезінде жүргізген және белгіленген тәртіппен расталған шығыстарды жүргізілген шығыстардың қажеттігін растайтын құжаттарды ұсынған кезде оны пайдаланудан түскен кірістер есебінен өтеттіруге құқығы бар.

Шығыстар осылайша өтелген жағдайда, жаңа жер қойнауын пайдаланушы осы бапқа сәйкес бұрын өтелген, сенімгерлік басқарушы шығындарының орнын толтырмайды.

Кіріс болмаған не ол жеткіліксіз болған жағдайда, шығыстарды өтеу құрылтайшының (пайда табушының) есебінен жүзеге асырылады.

Сенімгерлік басқарушының шығыстарын өтеуге және сенімгерлік басқару шартын орындаумен байланысты салықтарды төлеуге жіберілген сомаларды қоспағанда, сенімгерлік басқарудан түскен кірістер сенімгерлік басқару шартының қолданылуын тоқтату нәтижелері бойынша құрылтайшыға (пайда табушыға) жіберіледі. *(5-тармақ 15.07.2010 бастап қолданысқа енгізіледі)*

6. Келісімшарттық аумақты сенімгерлік басқару шарты шеңберінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу осы Заңның нормалары қолданылмай жүзеге асырылады.

7. Сенімгерлік басқарушы келісімшарттық аумақты сенімгерлік басқару шартымен өзіне берілген өкілеттіктерді асыра пайдалана отырып немесе белгіленген шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілелерден туындайтын міндеттемелер бойынша өз мүлкімен жауап береді.

8. Жер учаскесі сенімгерлік басқарушыға келісімшарттық аумақты сенімгерлік басқару шартының қолданылу мерзіміне, бірақ ол жасалған күннен бастап он жылдан аспайтын мерзімге қайта ресімделеді.

Ескерту. 6-тарау 72-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

73-бап. Барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың қолданылуын қайта жаңғырту үшін негіздер

1. Құзыретті орган мынадай жағдайларда:

1) келісімшарттың қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдауға елеулі әсер еткен дәйексіз деректер негізінде келісімшарттың қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдау фактісі анықталғанда, оның ішінде, егер

келісімшарттың қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдау күні жер қойнауын пайдаланушыда дәлелді себептер бойынша келісімшарттық міндеттемелердің орындалғанын растайтын құжаттар болмаса;

2) келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы не тиісті түрде орындалмауы, жер қойнауын пайдаланушының еркіне тәуелді емес себептер салдарынан, оның ішінде еңсерілмейтін күштің әсерінен болған себептер, яғни осындай жағдайлар кезінде келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалмауына не тиісті түрде орындалмауына тікелей әсер еткен төтенше және еңсерілмейтін мән-жайлар (дүлей зілзала құбылысы, әскери қимылдар және тағы сондайлар) анықталғанда және расталғанда келісімшарттың қолданысын қайта жаңғырту туралы шешім қабылдау және құзыретті органның бастамасы бойынша бұрын қабылданған келісімшарттың қолданысын тоқтату туралы шешімнің күшін жою жолымен өз бастамасы бойынша бұрын тоқтатылған барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың қолданысын сот қарауынан тыс тәртіппен қайта жаңғыртуға құқылы.

2. Өзімен жасалған келісімшарт тоқтатылған тұлғаның өтініші не құзыретті органның бастамасы бойынша келісімшарттың қолданысын тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай ішінде құзыретті органның келісімшартты қайта жаңғырту негіздерін дербес анықтауы құзыретті органның бастамасы бойынша бұрын тоқтатылған келісімшарттың қолданысын қайта жаңғырту туралы мәселені құзыретті органның қарауы үшін негіз болып табылады.

3. Құзыретті органның келісімшарттың қолданысын қайта жаңғырту және құзыретті органның бастамасы бойынша келісімшарттың қолданысын тоқтату туралы бұрын қабылданған шешімнің күшін жою туралы шешімі өзімен жасалған келісімшарт тоқтатылған тұлғадан өтініш келіп түскен не құзыретті орган осы баптың 1-тармағында көрсетілген мән-жайларды анықтаған күннен бастап бір ай ішінде қабылданады.

4. Осы баптың 1-тармағында көзделген негіздер бойынша барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың қолданысын қайта жаңғырту және құзыретті органның бастамасы бойынша келісімшарттың қолданысын тоқтату туралы бұрын қабылданған шешімді жою туралы шешім қабылданған жағдайда құзыретті орган және жер қойнауын пайдаланушы осындай шешім қабылданған күннен бастап үш ай ішінде келісімшартқа қосымша келісімді белгіленген тәртіппен келіседі және жасасады, онда келісімшарттың қолданысын қайта жаңғырту мәселелері, оның ішінде келісімшарт бойынша қызмет үзілісімен байланысты мәселелер және

жауапкершілік мәселелері реттелуге тиіс. Құзыретті органның шешімі бойынша келісімшартқа қосымша келісімді келісу және жасасу үшін осы тармақта көрсетілген мерзім ұзартылуы мүмкін.

5. Құзыретті органның барлауға немесе өндіруге арналған келісімшарттың қолданысын жаңғырту және құзыретті органның бастамасы бойынша келісімшарттың қолданысын тоқтату туралы бұрын қабылданған шешімнің күшін жою туралы шешімі қабылданған күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде онымен жасалған келісімшарт бұрын тоқтатылған тұлғаның назарына жеткізіледі және осы баптың 4-тармағына сәйкес келісімшартқа қосымша келісімге қол қойылғанға дейін жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт бойынша қызметті қайта жаңғыртуына негіз болып табылады.

6. Осы баптың ережелері облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған келісімшарттың қолданысын қайта жаңғырту туралы шешім қабылдаған кезде қолданылады.

74-бап. Келісімшартты жарамсыз деп тану

1. Мыналар:

1) жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың жарамсыз деп танылуы;

2) осы Заңда белгіленген міндетті талаптардың келісімшартта болмауы;

3) құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына оның осы тұлғамен келісімшарт жасасу жөніндегі шешіміне әсер еткен көрінеу дәйексіз ақпарат берудің анықталуы;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер келісімшартты жарамсыз деп тануға негіз болып табылады.

2. Жарамсыз деп танылған келісімшарт, оның жарамсыздығымен байланыстыларды қоспағанда, құқықтық салдарға әкеп соқпайды және оны жасасқан кезден бастап жарамсыз болады.

Келісімшартты жарамсыз деп тану жер қойнауын пайдаланушыны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келісімшарттық аумақты мемлекетке қайтару және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың зардаптарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

3. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру және қайта ресімдеу соның негізінде жүзеге асырылған шартты сот тәртібімен жарамсыз деп тану не бұзу нақ сол келісімшарттың емес, жер қойнауын пайдалану құқығын осындай беруге байланысты келісімшартқа қабылданған өзгерістер мен толықтырулардың жарамсыздығына әкеп соғады.

4. Келісімшартты жарамсыз деп тану осындай келісімшарттың негізінде берілген жер қойнауын пайдалану құқығы солардың нысанасы болып табылатын барлық кейінгі мәмілелердің жарамсыздығына әкеп соғады.

7-тарау. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

75-бап. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтары

Жер қойнауын пайдаланушының:

1) келісімшартта көзделген талаптарға сәйкес өзіне берілген келісімшарттық аумақ шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі іс-әрекетті дербес жасауға;

2) егер келісімшартта не Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, өз қызметінің нәтижелерін, оның ішінде минералдық шикізатты өз қалауынша пайдалануға;

3) келісімшарттық аумақта, ал қажет болған жағдайда жер қойнауын пайдаланушыға белгіленген тәртіппен берілген өзге де жер учаскелерінде жұмыстарды жүзеге асыру үшін қажетті өндірістік және әлеуметтік сала объектілерін салуға, сондай-ақ шарттар негізінде келісімшарттық аумақта да, одан тысқары жерлерде де жалпыға ортақ объектілер мен коммуникацияларды пайдалануға;

4) келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы келіссөздерге бастамашылық жасауға;

5) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге байланысты жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау үшін мердігерлерді тартуға;

6) осы Заңда белгіленген талаптарды сақтай отырып, құқықтарды немесе олардың бір бөлігін басқа тұлғаларға беруге;

7) осы Заңда немесе келісімшартта айқындалған жағдайларда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтатуға құқығы бар.

76-бап. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттері

1. Жер қойнауын пайдаланушы:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды келісімшартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға қойылатын талаптарды сақтауға;

2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде адам өмірінің, денсаулығының және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ;

3) келісімшарттық аумақты тек қана келісімшартта көзделген мақсаттарда пайдалануға;

4) жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесіне негізделген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын таңдауға;

5) егер келісімшартта өзге мерзім көзделмесе, келісімшарт тіркелген күннен бастап барлауды немесе өндіруді жүргізуге кірісуге;

6) жерасты сулары мен кең таралған пайдалы қазбалар жөніндегі келісімшарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы Өндіруші салалар қызметі ашықтығының бастамасын іске асыруға қатысты Өзара түсіністік туралы меморандумның талаптарын сақтауға;

7) персоналдың және халықтың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін, жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісілген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған жобалау құжаттары мен технологиялық схемалардың ережелерін сақтауға;

8) егер бұл қауіпсіздіктің ерекше жағдайларымен байланысты болмаса және мұндай қызмет жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге кедергі келтірмесе, келісімшарттық аумақ шегінде басқа адамдардың еркін жүруіне, жалпыға ортақ объектілер мен коммуникацияларды пайдалануына кедергі жасамауға;

9) Қазақстан Республикасында өндірілген жабдықтарды, материалдарды және дайын өнімді, олар конкурстың және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келген жағдайда, міндетті түрде пайдалануға міндетті.

Осы тармақтың ережелері 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасасқан жер қойнауын пайдаланушыларға ғана осы Заңның 69-бабы 4-тармағының ережелері ескеріле отырып, көрсетілген келісімшарттардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін, оқиғаның қайсысы бұрын басталатынына қарай қолданылады;

10) егер осы көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасының резидент еместері орындайтын біртектес жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің стандарттарына, бағалық және сапалық сипаттамаларына сәйкес келсе, әуе, темір жол, су және басқа да көлік түрлерін пайдалануды қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушілерді міндетті түрде тартуға;

11) Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішілік ауыстыру

шеңберінде тартылуы кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарының саны әрбір тиісті санат бойынша жұмыскерлердің жалпы санының елу пайызынан кем болмауға тиіс менеджерлер мен мамандарды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде қазақстандық кадрларға артықшылық беруге;

РҚАО-ның ескертпесі!

12) тармақшаның ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

12) Қазақстан Республикасының азаматтарын даярлауды және қайта даярлауды қаржыландыруды келісімшартқа сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

Осы тармақшада көрсетілген міндетті орындау жер қойнауын пайдаланушының Қазақстан Республикасының азаматтарын даярлауды және қайта даярлауды қаржыландыру бойынша, оның ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы ұсынған және құзыретті органмен келісілген тізбе бойынша тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында жер қойнауын пайдалану саласымен тікелей байланысты мамандықтар бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажет тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер сатып алуға нақты жұмсаған шығыстары, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын заңды тұлға жанындағы өзінің оқу (оқыту) орталықтарында кадрларды кәсіптік даярлауды және қайта даярлауды қаржыландыру жөніндегі шығыстар болып табылады;

РҚАО-ның ескертпесі!

12-1) тармақшаның ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

12-1) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді және (немесе) "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластеріне қатысушылардың жобаларын қазақстандық өндірушілер көрсететін ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыруды өткен жылдың қорытындылары бойынша келісімшарттық қызмет бойынша жылдық жиынтық табыстың кемінде бір пайызы мөлшерінде жыл сайын жүзеге асыруға міндетті.

Ағымдағы жылдың қорытындылары бойынша ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды және (немесе) "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластері қатысушыларының жобаларын қаржыландыру жөніндегі міндеттемелердің көлемі асыра орындалған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы асыра орындалған міндеттемелердің көлемдерін келесі есепті кезеңдерге түзетуді (есепке жатқызуды) жүзеге асырады.

Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың қазақстандық өндірушілері болмаған жағдайда, шетелдік өндірушілер көрсететін осы жұмыстарды қаржыландыру құзыретті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберіндегі қызметке, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартпен байланысты емес, қосылған құны жоғары (қайта жасалуы жоғары) өнім алуға, экология, еңбекті қорғау, өндірістік қызмет шеңберінде жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді, энергия үнемдеуді (технологиялық циклді) қамтамасыз ету саласындағы зерттеулерге бағытталған қызметке байланысты ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға нақты жұмсаған шығыстары және "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері жүзеге асыратын ғылыми зерттеулерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес индустриялық-инновациялық инфрақұрылым элементтерін қаржыландыруға арналған шығыстары аталған жұмыстарды қаржыландыру жөніндегі міндеттемені орындау болып табылады. "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес кластерлік қорға ақша жіберу де "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластеріне қатысушылардың жобаларын қаржыландыру жөніндегі міндеттемелерді орындау деп танылады. "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес кластерлік қорға ақша жіберу де "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластері қатысушыларының жобаларын қаржыландыру жөніндегі міндеттемелерді орындау деп танылады.

Осы тармақшаның ережелері келісімшарттардың мынадай:

кеңінен таралған пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге арналған;

жерасты суларын барлауға және (немесе) өндіруге арналған;

емдік балшықтарды барлауға және (немесе) өндіруге арналған;

барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған түрлеріне қолданылмайды;

13) құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына жұмыс бағдарламасын іске асыру туралы ақпарат беруге;

14) Қазақстан Республикасының бақылаушы органдары лауазымды адамдарының қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде оларға қажетті құжаттарды, ақпаратты беруге және жұмыс орындарына оларды кедергісіз өткізуге және олар анықтаған бұзушылықтарды уақтылы жоюға;

15) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға келісімшарттық аумақтағы қызмет нәтижелері бойынша геологиялық есептілікті ұсынуға;

16) салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді уақтылы және толық көлемде төлеуге;

17) жыл сайын сатып алуды жүргізу жоспарланып отырған жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей не жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт тіркелген күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей құзыретті органға тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді алдағы жылға сатып алудың жылдық бағдарламасын ұсынуға;

18) жыл сайын 1 ақпаннан кешіктірмей не жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт тіркелген күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей құзыретті органға тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді алдағы кезеңдерге сатып алудың орта мерзімді және ұзақ мерзімді бағдарламаларын ұсынуға;

19) тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей құзыретті органға сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы және кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы есептерді ұсынуға;

20) тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей құзыретті органға Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, келісімшартты орындау кезінде тартылған жұмыскерлерді оқытуға, олардың біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға және (немесе) Қазақстан Республикасының азаматтарын құзыретті органмен келісілген мамандықтар тізбесі бойынша оқытуға жіберілетін шығыстар мөлшері жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы есептер ұсынуға;

21) есепті кезеңнен кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей, жыл сайын құзыретті органға кадрлардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есепті ұсынуға;

21-1) тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей құзыретті органға ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы есептерді ол бекіткен нысандар бойынша және тәртіппен ұсынуға;

22) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

23) егер мұндай қажеттілік туындаса, осы Заңның 78-бабының 3-тармағында көрсетілген ақпаратты қоспағанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың мазмұны туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға, егер келісімшартта өзгеше белгіленбесе, тараптардың ортақ келісімімен ғана беруге;

24) тарихи-мәдени мұра объектілерін бүлдірмеуге;

25) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу салдарынан бүлінген жер учаскелерін және басқа да табиғи объектілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес одан әрі пайдалануға жарамды қалыпқа келтіруге;

26) өз қызметінің экологиялық салдарын жобалау сатысында болжауға;

27) міндетті экологиялық сақтандыру туралы шарт жасасуға;

28) келісімшарттық аумақтағы бұрын бұрғыланған барлық ұңғымаларды балансқа қабылдауға, олар бойынша мониторинг жүргізуге;

29) жер қойнауының жай-күйіне мониторинг жүргізуді және кен орындарын игеруге бақылауды ұйымдастыруды қамтамасыз етуге;

30) аффилирленген және өзге де тұлғаларға жер қойнауын пайдалану құқығын, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының жарғылық капиталындағы қатысу үлесін немесе акциялар пакетін иеліктен шығару жөніндегі жасалған мәмілелер туралы мәміле жасалған күннен бастап бес күн мерзімде құзыретті органға хабарлауға;

31) осы Заңның 77-бабының 7-тармағында көрсетілген тұлғаларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және оларды өндірушілер тізілімінде тіркелуге;

32) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде бес жұмыс күні ішінде құзыретті органға осы өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат беруге;

33) құзыретті органның сұрау салуы бойынша ол белгілеген мерзімдерде жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық міндеттемелерді орындауына қатысты мәліметтерді, ақпаратты және құжаттаманы ұсынуға;

34) ішкі құжаттаманы қоса алғанда, іс-қағаздарын жүргізуге, сондай-ақ қажет болған жағдайларда басқа тілдердегі аудармасын қоса бере отырып, жазбаша түрде жасалатын мәмілелерді қазақ және орыс тілдерінде жазуға;

35) Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою үшін тарату қорын қалыптастыруға, сондай-ақ оған тиісті аударымдар жүргізуге міндетті.

2. Келісімшартта жер қойнауын пайдаланушының Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

Ескерту. 76-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 365-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.01.2016 № 446-V (11.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

77-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді иелену

1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, оның ішінде мердігерлердің иеленуі мынадай тәсілдердің бірімен:

- 1) ашық конкурс;
- 2) бір көзден иелену;
- 3) баға ұсыныстарын сұрату;
- 4) электрондық сатып алу жүйесі арқылы;
- 5) тауар биржалары арқылы жүзеге асырылады.

2. Алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі міндетті түрде пайдаланылып немесе жер қойнауын пайдаланушы Интернет желісінің қазақстандық сегментінде орналастырылған, жұмысы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды

жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және оларды өндірушілер тізілімінің жұмысымен үндестірілген электрондық сатып алудың өзге де жүйелерін пайдаланып, осы баптың 1-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген тәсілдермен жүргізіледі.

4. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді осы баптың 1-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген тәсілдермен сатып алу кезінде сатып алуды жүргізу туралы хабарландыру, конкурстық өтінімдерді ашу, конкурсқа қатысуға жіберу, қорытындыларды шығару хаттамалары жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімінде міндетті түрде орналастырылуға тиіс.

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді осы баптың 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген тәсілдермен сатып алу кезінде сатып алуды жүргізу туралы және олардың қорытындылары туралы хабарландырулар мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде міндетті түрде жариялануға тиіс.

5. Жер қойнауын пайдаланушылар және олардың мердігерлері, сондай-ақ Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға жер қойнауын пайдаланушылар уәкілеттік берген тұлғалар тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді иеленумен байланысты рәсімдерді осы баптың 1-тармағында көрсетілген тәсілдердің кез келгенімен, Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыруға міндетті.

РҚАО-ның ескертпесі!

6-тармақтың ережелері Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес, көмірсутектер және уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды қоспағанда, ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

6. Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өткізілген конкурс нәтижелері бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын немесе жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың тәртібі бұзыла отырып сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі шығыстар құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық міндеттемелерді орындауы ретінде есепке алатын шығыстардан алып тасталады.

7. Осы баптың талаптары:

1) кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты сулары мен емдік балшықтарды барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға;

2) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес иеленетін жер қойнауын пайдаланушыларға;

3) дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызын тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдинг иеленетін жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаларға қолданылмайды.

Ескерту. 77-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.01 № 551-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

78-бап. Қазақстандық өндірушілерді қолдауды қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішілік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын менеджерлер мен мамандар санын есепке алмағанда, қызметкерлердің жалпы санында Қазақстан Республикасы азаматтарының кемінде тоқсан бес пайызын пайдаланатын дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушілері деп танылады.

Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішілік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын менеджерлер мен мамандардың саны әрбір тиісті санат бойынша менеджерлер мен мамандардың жалпы санының жиырма бес пайызынан көп болмауға, ал 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап әрбір тиісті санат бойынша елу пайызынан көп болмауға тиіс.

2. Жер қойнауын пайдаланушы мен оның мердігерлерінің осы Заңның талаптарына сәйкес жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушілерден, олар жобалау құжатының және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сай келген жағдайда сатып алуы жер қойнауын пайдалану құқығын жүзеге асырудың міндетті шарты болып табылады.

3. Құзыретті органмен 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасасқан жер қойнауын пайдаланушы, сондай-ақ оның мердігерлері Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде осы Заңның талаптарына сәйкес тауарларды қазақстандық тауар өндірушілерден, олар жобалау құжатының және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сай келген жағдайда сатып алуға міндетті.

4. Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурсты ұйымдастырушы конкурс жеңімпазын анықтау кезінде конкурсқа қатысушылардың – қазақстандық өндірушілердің конкурстық өтінімінің бағасын шартты түрде жиырма пайызға азайтады.

5. 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде тауарларды сатып алу кезінде конкурсты ұйымдастырушы жеңімпазды анықтау кезінде конкурсқа қатысушылардың – қазақстандық тауар өндірушілердің конкурстық өтінімінің бағасын шартты түрде жиырма пайызға азайтады.

6. Келісімшарттық міндеттемелерді жергілікті қамту бөлігінде орындауға қатысты, жер қойнауын пайдаланушының тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер сатып алуды жоспарлауы және жүргізуі, сондай-ақ қазақстандық мамандарды оқытуға арналған шығындар және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстар туралы ақпарат құпия болып табылмайды.

7. Осы баптың 3 және 5-тармақтарының ережелері осы Заңның 69-бабы 4-тармағының ережелері ескеріле отырып, көрсетілген келісімшарттардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін, оқиғаның қайсысы бұрын басталатынына қарай қолданылады.

Ескерту. 78-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.10.2015 № 365-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

79-бап. Жоғары технологияларды, жаңа және өңдейтін өндірістерді, магистральдық және өзге де құбырларды дамыту мен пайдалану, инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді тұрғызу мен бірлесіп пайдалану жөніндегі міндеттемелерді іске асыру

Жоғары технологияларды, жаңа және өңдейтін өндірістерді, магистральдық және өзге де құбырларды дамыту мен пайдалану, инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді тұрғызу мен бірлесіп пайдалану жөніндегі міндеттемелерді жер қойнауын пайдаланушының іске асыруы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

80-бап. Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтатқан кездегі міндеттері

1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтатқан кезде жер қойнауын пайдаланушының барлық өндірістік объектілері мен жер учаскелері халық өмірінің, денсаулығының қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін жағдайға келтірілуге тиіс, ал жер қойнауын пайдаланушылар жұмысының зардаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылуға тиіс.

2. Барлауды немесе өндіруді, сондай-ақ барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды тоқтатқан кезде жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға барлық құжаттарды және геологиялық ақпараттың өзге де материалдық жеткізгіштерін өтеусіз беруге міндетті.

Ескерту. 80-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

81-бап. Жер қойнауын пайдаланушының жабдық пен өзге де мүлікке меншігі

1. Егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе, ақшаны, бағалы қағаздарды және өндірістік емес мүлікті қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы барлауды немесе өндіруді жүргізу үшін пайдаланатын жабдық пен өзге де мүлікке меншік құқықтарының ауысу мәселелері келісімшартта айқындалады.

2. Жабдыққа және өзге де мүлікке меншік құқығының Қазақстан Республикасына ауысуына қарамастан, келісімшарттың қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ мұндай жабдықты және өзге де мүлікті құзыретті органның жазбаша хабарламасына сәйкес басқа тұлғаға беру жағдайларын қоспағанда, келісімшарттың қолданылу мерзімі өткен кезден бастап бір жыл ішінде не келісімшартта өзгеше белгіленген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушыда мұндай жабдық пен өзге де мүлікті өз есебінен демонтаждау не келісімшарттық аумақтан әкету міндеті сақталады.

3. Жабдықтың және өзге де мүліктің тиесілігіне қарамастан, мұндай жабдық пен өзге де мүлікті демонтаждауды және келісімшарттық аумақтан әкетуді жер қойнауын пайдаланушы адам өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіз тәсілмен, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

8-тарау. МҰНАЙ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

82-бап. Мұнай операцияларын жүргізудің шарттары

1. Мұнай операцияларын жүзеге асырушы жер қойнауын пайдаланушы мұнай операцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ келісімшартта айқындалған тәртіппен және шарттарда жүргізуге міндетті.

2. Жер қойнауын пайдаланушы барлауды немесе өндіруді жүргізу кезінде кен орындарын игерудің оң тәжірибесін және бекітілген жобалау құжаттарының талаптарын басшылыққа алуға міндетті.

3. Барлауды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының кен орындарының қорларын сынамалы пайдалануды жүргізуге құқығы бар.

Сынамалы пайдалануды жүргізу талаптары мен мерзімін жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

4. Кен орнындағы мұнайдың қоры, сондай-ақ мұнайдың алыну деңгейі Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясында жер қойнауын мемлекеттік сараптауға және бекітуге жатады.

83-бап. Көмірсутек шикізаты кен орындарын барлау және сынамалы пайдалану

1. Барлау далалық геологиялық-геофизикалық зерттеулерді, құрылымдық бұрғылауды, іздеу және барлау ұңғымаларын бұрғылауды, байкаудан өткізу мен сынауды қамтиды. Барлау іздеу жұмыстарының бекітілген жобасы бойынша жүргізіледі, онда ұңғымалардың саны, орналасқан жері және бұрғылау мерзімі, олар шешетін міндеттер, қажетті зерттеулер кешені мен көлемі негізделеді.

2. Мұнай және газ-мұнай кен орындарындағы барлау процесінде осы Заңда белгіленген тәртіппен бекітілген сынамалы пайдалану жобасына сәйкес ұңғымаларды сынамалы пайдалану жүргізіледі.

3. Сынамалы пайдалануды сынамалы пайдалану жобасын белгіленген тәртіппен бекітпей, сондай-ақ сынамалы пайдалану жобасының талаптарын бұзып жүргізуге тыйым салынады.

84-бап. Көмірсутек шикізаты кен орындарын өнеркәсіптік игеру

1. Көмірсутектердің кен орны немесе шоғыры өнеркәсіптік игеру объектісі болып танылады, оны қабылданған игеру нұсқасына сәйкес пайдалану пайдаланудың барлық мерзімінде рентабельді деп танылады.

2. Көмірсутектер кен орындарын игеруді жүргізу пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Егер:

1) мұнай кен орнын барлау бойынша - жұмыстар орындалған, қажет болған жағдайда шоғырларды сынамалы пайдалану немесе кен орнының ауқымды

учаскелерін тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру болса, ал газ кен орны бойынша кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану жүргізілген болса;

2) көмірсутектер қорларының және олардың құрамындағы басқа да ілеспе компоненттерінің мемлекеттік сараптамасы жүргізілген болса және қорлар пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансына алынған болса;

3) жоба өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісілген болса;

4) өнеркәсіптік игеруге арналған жобалау құжаттары белгіленген тәртіппен бекітілген болса, көмірсутектердің кен орындарын (шоғырларын) өнеркәсіптік игеруге жол беріледі.

4. Кен орнын өнеркәсіптік игеру бекітілген тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру жобасына, игерудің технологиялық схемасына және өнеркәсіптік игеру жобасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Жер қойнауын пайдаланушылар көмірсутек шикізатының кен орындарын өнеркәсіптік игеруді жүзеге асыру кезінде геологиялық және маркшейдерлік бақылаулардың және тиісті құжаттаманың толық, жүйелі және сапалы жүргізілуін, оның сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

6. Өнеркәсіптік игеруді, тәжірибелік-өнеркәсіптік игеруді тиісті жобалау құжаттарын белгіленген тәртіппен бекітпей, сондай-ақ жобалау құжаттарының талаптарын бұзып жүргізуге тыйым салынады.

7. Өнеркәсіптік игерумен байланысты жұмыстарды жер қойнауының жай-күйіне мониторинг жүргізбей және кен орнын игеруге бақылау жасамай жүзеге асыруға тыйым салынады.

8. Табиғи газды өндіруге арналған келісімшартта табылған кен орнынан өндірілетін табиғи газды жеткізіп беру жөніндегі мәмілелер жасалғанға дейін табиғи газды өндіруді бастауды талап етуге құзыретті органның құқығы жоқ екені, ал жер қойнауын пайдаланушының өндіруді бастауға міндетті емес екені көзделуі мүмкін. Бұл ретте, егер келісімшартта өзгеше көзделмесе, келісімшарттың қолданылу мерзімі табылған табиғи газ кен орнынан өндірілетін табиғи газды жеткізіп беру жөніндегі тиісті мәмілелер жасалған кезге дейін үзіледі.

Егер жер қойнауын пайдаланушы табиғи газды жеткізіп беру жөніндегі мәмілелерді бір жыл ішінде жасаспаса, құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушының үшінші тұлғамен қисынды шарттар бойынша газ жеткізіп беруге, оның ішінде үшінші тұлға жер қойнауын пайдаланушымен мәміле жасасуға келіскен жағдайда, жеткізіліп берілетін газды отандық не шетелдік тұтынушыларға кейін қайта сату мақсатында шарт жасасуды талап етуге құқылы.

Егер жер қойнауын пайдаланушы және құзыретті орган айқындаған мұндай үшінші тұлға осы мәселе бойынша келісімге келмеген жағдайда, олар бұл даудың сот тәртібімен шешілуін талап етуге құқылы.

Ескерту. 84-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

85-бап. Ілеспе және (немесе) табиғи газды жағу

1. Мынадай жағдайларды:

1) авариялық жағдай қатері немесе оның туындауы, персоналдың өміріне немесе халық денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төнуі;

2) ұңғымалар объектілерін сынау, кен орындарын сынамалы пайдалану кезінде;

3) газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға тыйым салынады.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсатсыз жол беріледі.

Бұл ретте, жер қойнауын пайдаланушы мұндай жағу туралы мұнай және газ саласындағы, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдарды он күн ішінде жазбаша хабарландыруға міндетті.

Мұндай хабарламада ілеспе және (немесе) табиғи газды жағу себептері және жағылатын газдың көлемі туралы мәліметтер қамтылуы тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда, ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган бекіткен әдістеме бойынша есептелген нормативтер мен көлемдер шегінде жер қойнауын пайдаланушы жобалау құжаттарын сақтаған жағдайда, мұнай және газ саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бойынша жол беріледі.

Ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат беру тәртібін мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

4. Ұңғыма объектілерін сынау кезінде газды жағуға бекітілген жобаға сәйкес әрбір ұңғыма объектісі үшін үш айдан аспайтын мерзімге жол беріледі.

Кен орындарын сынамалы пайдалану кезінде газды жағуға үш жылдан аспайтын жалпы мерзімге рұқсат берілуі мүмкін.

5. Технологиялық жабдықты іске қосу-баптау кезінде газды жағу іске қосу-баптау жұмыстарымен байланысты кезең ішінде жүзеге асырылады.

Техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды жағу жабдықтарды пайдалану кезінде газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағудың көлемінен аспайтын, реттелетін көлемде жүзеге асырылады.

5-1. Технологиялық жабдықтың жұмысында технологиялық іркілістер, істен шығулар мен ауытқулар болған жағдайларда, жер қойнауын пайдаланушы тергеп-тексеру жүргізуге және мұнай және газ саласындағы уәкілетті органдарға технологиялық іркілістердің, істен шығулар мен ауытқулардың себептерін көрсете отырып, тоқсан сайынғы есептерді беруге міндетті.

6. Алып тасталды - ҚР 2012.01.13 № 542-IV (2015.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 85-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2012.01.13 № 542-IV (2015.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

86-бап. Ілеспе және (немесе) табиғи газды кәдеге жарату және өңдеу

1. Ілеспе және (немесе) табиғи газды өңдемей және (немесе) кәдеге жаратпай мұнай-газ кен орындарын өнеркәсіптік игеруге тыйым салынады.

2. Көмірсутек шикізатын өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қоршаған ортаға зиянды барынша азайтуға, көмірсутек газын жағу көлемін барынша азайтуға, ілеспе газды, оны өңдеуді қоса алғанда, ұтымды және кешенді пайдалануға бағытталған іс-шараларды жүргізуге міндетті.

3. Егер келісімшартта өзгеше белгіленбесе, ілеспе газ мемлекеттің меншігі болып табылады.

4. Ілеспе газды өңдеу жөніндегі міндеттемелер осы Заң қолданысқа енгенге дейін жасалған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдаланушы мен құзыретті органның арасындағы бөлек келісіммен ресімделеді және көмірсутек шикізатын өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшартқа қосымша болып табылады.

5. Ілеспе газды өңдеу тиімсіз кейбір кен орындарында жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдардың келісуі бойынша мұнай және газ саласындағы уәкілетті органның шешімімен оны технологиялық мұқтаждықтарға пайдалану, қат ішінің қысымын сақтау, арттыру мақсатында қатқа айдау жолымен өңдемей кәдеге жаратуға рұқсат етіледі.

6. Көмірсутекті кен орнын өнеркәсіптік игеру жөніндегі жобалық құжаттамада ілеспе газды өңдеу (кәдеге жарату) жөніндегі бөлім міндетті түрде қамтылуға тиіс.

7. Мемлекеттің маңызды стратегиялық ресурсы ретінде ілеспе газды ұтымды пайдалануға қол жеткізу мақсатында көмірсутек шикізатын өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар мен мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган ілеспе газды пайдалану жөніндегі жобаларды бірлесіп игеруді жүзеге асыра алады.

8. Жер қойнауын пайдаланушылар мұнай және газ саласындағы уәкілетті органның бекітуіне және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісуге жататын, ілеспе газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламаларын көздеуге міндетті, олар ілеспе газды жағу немесе қатқа кері айдау (кәдеге жарату) көлемдерін қысқарту арқылы ілеспе газды ұтымды пайдалану және оның қоршаған ортаға зиянды әсерін төмендету мақсатында әр үш жыл сайын жаңартылып отырылуға тиіс.

Жер қойнауын пайдаланушы бағдарламалардың орындалуы туралы есептерді мұнай және газ саласындағы және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органдарға жыл сайын жіберуге тиіс.

9. Осы баптың 1-тармағының күші 2004 жылғы 1 желтоқсанға дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға, егер олар 2004 жылғы 1 желтоқсанға дейін мемлекеттік органда бекітілген (келісілген) немесе 2006 жылғы 1 шілдеге дейін құзыретті органда және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органда келісілген болса, ілеспе және (немесе) табиғи газды кәдеге жарату жөніндегі бағдарламаларды іске асыру мерзімдері аяқталғанға дейін қолданылмайды.

Ескерту. 86-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

87-бап. Мұнай операцияларын жүргізу процесінде авариялар мен өзге де қауіпті оқиғаларды болғызбау жөніндегі іс-шаралар

1. Мұнай операцияларын осы Заңға сәйкес жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы кен орындарын игерудің оң практикасын және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа ала отырып, мұнай операцияларын жүргізу процесінде адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға, сондай-ақ мүлікті жоюға қатер төндіретін авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болғызбау жөніндегі барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

2. Жер қойнауын пайдаланушы мұнай операцияларын жүргізу кезінде, сондай-ақ мұнай-газ құбырларын салу және пайдалану кезінде авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болғызбау жөніндегі іс-шаралар бағдарламаларын әзірлеуге және оларды жобалау құжаттарының құрамында бекітуге міндетті.

88-бап. Көмірсутек шикізатының кен орындарын жайластыру

1. Қажетті кәсіпшілік объектілерді және көмірсутектерді өндіру, дайындау, сақтау және өндіру мен сақтау орнынан магистральдық құбырға және (немесе) көліктің басқа түріне аудару орнына дейін тасымалдау үшін қажетті өзге де инфрақұрылым объектілерін салу белгіленген тәртіппен бекітілетін жобалау құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Көмірсутектер кен орындарын жайластыру объектілерін жобалау мен салу кезінде осы объектілердің қауіпсіз жұмыс істеуі, ықтимал авариялық жағдайлардың зардаптарын шектеу мен мейлінше азайту жөніндегі қажетті шаралар қамтамасыз етілуіне тиіс.

3. Жайластыру объектілерін салу кезінде кен орнын игерудің қабылданған технологиялық нұсқасының жобалау көрсеткіштерінің өзгеруіне және өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік жөніндегі талаптардың бұзылуына әкеп соқпас үшін оларды пайдалануға берудің жобалау құжатында белгіленген кезектілігі сақталуға тиіс.

89-бап. Шекара маңындағы кен орындарында барлау мен өндірудің ерекшеліктері

1. Егер жүргізілетін барлаудың немесе өндірудің нәтижесінде жер қойнауын пайдаланушы кен орны шекара маңындағы кен орны болып табылатындығын анықтаған жағдайда, мұндай жер қойнауын пайдаланушы бұл туралы құзыретті органға дереу хабарлауға міндетті.

2. Аумағында не юрисдикциясында осы шекара маңындағы кен орнының бір бөлігі бар мемлекетпен Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық келісімдері болмаған жағдайда, құзыретті орган шекара маңындағы кен орнында мұндай мемлекетпен тиісті келісімге қол жеткізгенге дейін барлау мен өндіруді тоқтата тұруды талап етуге құқылы. Бұл ретте құзыретті орган барлау мен

өндіруді қайта бастауға рұқсат бергенге дейін келісімшарт өзінің қолданылуын тоқтата тұрған болып есептеледі.

3. Осы Заңның және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы өзге де заңнамасының нормалары шекара маңындағы кен орнында барлау мен өндіру жөніндегі қатынастарға Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Шекара маңындағы кен орындарында барлау мен өндіруді жүргізудің Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда айқындалған тәртібі мен шарттары осы Заңның нормалары алдында басымдыққа ие болады.

Ескерту. 89-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

90-бап. Кен орнында бірыңғай объект ретінде барлау немесе өндіру

1. Егер жер қойнауын пайдаланушы барлау немесе өндіру операцияларын жүргізетін кен орнының бір бөлігі басқа жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық аумағының шегінде болған жағдайда, онда мұндай жер қойнауын пайдаланушылар өздерінің таңдауы бойынша:

1) осы кен орнында барлау және (немесе) өндіру құқығына ие тек бір ғана жер қойнауын пайдаланушы қалатындай немесе бір келісімшарттың негізінде ішінара құқыққа ие бірнеше жер қойнауын пайдаланушы қалатындай етіп жер қойнауын пайдалану құқығын беру кезінде белгіленген беру рәсімдерін сақтай отырып, барлауға және (немесе) өндіруге арналған өздерінің құқықтарын беруге;

2) мұндай шартты құзыретті органмен алдын ала келісіп, жобалау құжаттарына тиісті өзгерістер енгізе отырып, кен орнына бірыңғай тұтас нәрсе ретінде бірлескен барлау мен өндіруді жүргізу туралы шарт жасасуға міндетті.

2. Жер қойнауын пайдаланушылар осы баптың 1-тармағын сақтамаған жағдайда, құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушылардан кен орнында бірыңғай объект ретінде бірлескен барлау немесе өндіру туралы шарт жасасуды сот тәртібімен талап етуге құқылы. Бірлескен барлау немесе өндіру туралы шартты жасасу кезінде бүкіл кен орны үшін бірыңғай жұмыс бағдарламасы әзірленеді, ол жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдармен міндетті түрде келісуге жатады.

3. Бірлескен барлауды немесе өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар өздеріне келісімшартта, сондай-ақ жұмыс бағдарламасында жүктелген міндеттемелерді орындау жөнінде ортақ жауапкершілікте болады.

91-бап. Мұнай операцияларын жүргізу және мұнай тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Мұнай операцияларын жүргізу және мұнай тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік белгіленген талаптарды сақтау, адам өмірі мен денсаулығын және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешенін орындау, жерүсті және жерасты құрылыстары мен жабдықтарын салу мен пайдаланудың қауіпсіз жағдайларын жасау, сондай-ақ ықтимал аварияларды болғызбау арқылы қамтамасыз етіледі.

2. Мұнай, сондай-ақ оның өмірлік циклінің процестері техникалық реттеу объектілері болып табылады.

3. Мұнай операцияларын жүргізу және мұнай тасымалдау кезінде жер қойнауын пайдаланушы пайдаланатын жабдық пен өзге де мүлік техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуге тиіс.

3-1. Мұнайдың және мұнай өнімдерінің төгілуін жоюға арналған арнайы жабдық өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда есепке қойылуға тиіс.

4. Мұнайды төгу және құю режимі, сақтау және тасымалдау құралдарының конструкциясы және оларды пайдалану шарттары мұнайға және оның өмірлік циклінің процестеріне қатысты техникалық регламенттерде белгіленген өрт қауіпсіздігі нормаларына сәйкес келуге тиіс.

5. Мұнай өңдейтін зауыттарға өңдеу үшін жеткізілетін мұнай Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қауіпсіздік нормаларына сәйкес келуге тиіс.

6. Мұнай операцияларын жүргізу және мұнай тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік шараларының кешені белгіленген тәртіппен бекітілген тиісті жобалау құжатында көзделуге тиіс.

Ескерту. 91-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

91-1-бап. Мұнайды есепке алудың ақпараттық жүйесі

1. Мұнайды есепке алудың ақпараттық жүйесі мұнайды өндіру, шығару, дайындау, өңдеу, тасымалдау, сақтау, өткізу, тиеу, оның ысырабы, оны Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету көлемдері туралы ақпаратты автоматты түрде жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға арналған.

2. Мұнайды есепке алу ақпараттық жүйесінің операторы мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган бекітетін мұнайды есепке алудың ақпараттық жүйесін қалыптастыру және оның жұмыс істеу тәртібіне сәйкес мұнайды есепке алудың ақпараттық жүйесіне енгізу үшін ақпарат жинауды, ақпаратты өңдеуді, сақтауды, пайдалануды, оның ішінде беру мен таратуды жүзеге асырады.

РҚАО-ның ескертпесі!

3-тармақтың қолданылуы 01.01.2017 бастап 01.01.2020 дейін тоқтатыла тұрады - ҚР 24.06.2010 № 291-IV Заңымен.

3. Мұнайды өндіру және оның айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілер тізбесін мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган бекітетін өздерінің өндірістік объектілерін мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыруға және есепке алудың бақылау аспаптарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті.

РҚАО-ның ескертпесі!

4-тармақтың қолданылуы 01.01.2017 бастап 01.01.2020 дейін тоқтатыла тұрады - ҚР 24.06.2010 № 291-IV Заңымен.

4. Мұнайды өндіру және оның айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілердің тізбесін мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган бекітетін өндірістік объектілерді есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандырмай, мұнайды өндіру, шығару, дайындау, өңдеу, тасымалдау, сақтау, өткізу, тиеу, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету жөніндегі операцияларды жүргізуіне тыйым салынады.

Ескерту. 8-тарау 91-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз).

92-бап. Ұңғымаларды салу

1. Ұңғымаларды салу және оларды пайдалануға беру жөніндегі барлық операциялар ұңғымаларды салу жобасына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Ұңғымаларды салу жобалары өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісуге жатады.

1. Мынадай:

- 1) газда күкіртті сутегінің көлемі алты пайыздан астам болатын;
- 2) тереңдігі бес мың метрден астам болатын құрлықта;
- 3) тереңдігі төрт мың метрден астам болатын теңізде;

4) сағалық қысымы отыз бес мегапаскальдан астам болатын ұңғымалар салынған жағдайда, ұңғымаларды салу жобаларын құзыретті орган бекітеді.

Ұңғымалардың өзге де түрлері бойынша құрылыс жобасын жер қойнауын пайдаланушы бекітеді.

3. Ұңғымалар салуға арналған жобалар сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша құзыретті орган бекітетін техникалық-экономикалық негіздемелерді жасау, сондай-ақ тиісті жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, келісу және оған сараптама жасау жөніндегі арнайы нормативтік талаптар ескеріле отырып әзірленеді.

Ескерту. 92-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-тарау. ТЕҢІЗДЕ ЖӘНЕ ІШКІ СУ АЙДЫНДАРЫНДА МҰНАЙ ОПЕРАЦИЯЛАРЫН ЖҮРГІЗУ

93-бап. Теңізде және ішкі су айдындарында мұнай операцияларын жүргізудің жалпы шарттары

1. Теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы оларды теңіз кеме қатынасына, балық аулауға және әдетте, теңіздің нақты учаскесінде жүзеге асырылатын өзге де заңды қызметке кедергі және зиян келтірмейтіндей етіп жүзеге асыруға тиіс.

1-1. Теңізде және ішкі су айдындарында көмірсутектерді бұрғылау, өндіру, дайындау және тасымалдау жұмыстарын жүргізу өзінің авариялық-құтқару қызметі немесе құралымы, мұнайдың және мұнай өнімдерінің төгілуін жоюға арналған арнаулы жабдығы мен техникасы және (немесе) мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдармен шарты болған жағдайда жүзеге асырылуға тиіс.

2. Теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар теңізде қоршаған ортаны қорғаудың ең озық практикасын басшылыққа алуға міндетті.

3. Ұлттық компанияның тиісті келісімшартында кемінде елу пайыз мөлшерінде жер қойнауын пайдаланушы ретінде үлестік қатысу теңізде мұнай операцияларын жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстардың міндетті шарты болып табылады.

Теңіз түбінде мұнай операцияларын жүргізу үшін теңіз түбін пайдалану құқығы жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның рұқсат беруі жолымен беріледі.

4. Теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы теңізде жүргізілген мұнай операцияларының нәтижесінде пайда болған теңіздің ластануы жағдайында қоршаған ортаға, жеке және (немесе) заңды тұлғаларға келтірілген зиян үшін, егер зиянның еңсерілмейтін күштің немесе зардап шегушінің пиғылы салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, кінәнің болуына қарамастан жауапты болады.

5. Теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы теңіздің ластануын болдырмау жөніндегі арнаулы бағдарламаларды әзірлеуге және оларды жобалау құжаттарының құрамында бекітуге міндетті.

Бұл бағдарламалар:

- 1) жүргізілетін мұнай операцияларына ішкі бақылау;
- 2) персоналды оқыту;
- 3) ұнғымаларды бақылауға алу, авариялық және өзге де қауіпті жағдайлар туындаған және теңіз ластанған жағдайда қажетті жабдықтармен және материалдармен қамтамасыз ету;
- 4) теңізде аварияларды және олардың зардаптарын жоюға маманданған өзге де ұйымдарды тарту жөніндегі іс-шараларды қамтуға тиіс.

6. Теңіз ластанған жағдайда теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі арнаулы бағдарламаларға сәйкес қолданылған алдын алу шараларына қарамастан, мұндай жер қойнауын пайдаланушы бұл үшін өзінің қолжетімді барлық құралдармен теңіздің ластануын жою не оның деңгейін төмендету үшін барлық мүмкін болатын шараларды қолдануға міндетті.

7. Теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы мұндай тұлғаның меншігіндегі не пайдалануындағы теңіз құрылыстарына инспекциялар жүргізу үшін мемлекеттік органдардың өкілдерін, мұндай мемлекеттік органдардың өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы инспекцияларды жүргізуге өкілетті болған жағдайда жағалаудан тасымалдауды өзінің есебінен ұйымдастыруға міндетті. Теңіз құрылыстарында мемлекеттік органдар өкілдерінің инспекцияларын жүргізу мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады және ол теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қалыпты қызметіне кедергі келтірмеуге тиіс.

8. Теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органның рұқсатын алмай теңіз құрылысын салуды немесе орналастыруды бастауға құқылы емес. Рұқсатты алу үшін мұндай жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға теңіз құрылысының жоспарланатын орналастырылуы не салынуы басталғанға дейін өтініш беруге міндетті. Өтініште

жоспарланатын теңіз құрылысының не осындай теңіз құрылысын салу жөніндегі жүргізілетін жұмыстардың сипаты, мерзімдері мен орналасатын жері қамтылуға тиіс. Құзыретті орган теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының өтінішін қарауға және өтініш берілген кезден бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті шешім қабылдауға міндетті.

Теңіздегі жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу үшін жұмыстар орындауды және (немесе) қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға осы бапта белгіленген нормалар қолданылады.

9. Ішкі су айдындарындағы мұнай операцияларына теңіздегі мұнай операциялары үшін белгіленген осы Заңның ережелері қолданылады.

10. Теңізде мұнай операцияларын жүргізудің ерекшеліктері белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттарында көзделуге тиіс.

Ескерту. 93-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

94-бап. Сақтық аймағының шегінде мұнай операцияларын жүргізу

1. Сақтық аймағының шегінде мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы оларды судың деңгейі көтерілген жағдайда теңіздің ластануын болғызбайтындай не барынша азайтатындай етіп жүргізуге міндетті.

2. Сақтық аймағының шегінде мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы теңіздің ластануын болғызбау жөнінде арнаулы бағдарламаларды әзірлеуге және оларды жобалау құжаттары құрамында бекітуге міндетті. Бұл бағдарламалар:

1) барлау немесе өндіру объектілерін теңіз аясынан қорғаудың тиісті дәрежесімен жедел консервациялау жөніндегі;

2) сақтаудағы мұнайды, материалдарды, бұрғылау ерітінділерін және қоршаған ортаға зиян келтіретін өзге де заттарды су басқан аймақтан шығару жөніндегі;

3) теңіз ластанған жағдайда ластану ошақтарын оқшаулау және суды тазарту жөніндегі;

4) теңізді заңды пайдалануға және үшінші тұлғалардың өзге де шаруашылық қызметті жүзеге асыруына жол беретін іс-шараларды қамтуға тиіс.

95-бап. Теңізде барлау жүргізу мен өндіру шарттары

1. Теңізде барлауды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы іздеу және барлау ұңғымаларын бұрғылауға келісімшарттық аумаққа барлық қажетті геофизикалық және сейсмологиялық зерттеулер жүргізілген жағдайда ғана кірісуге құқылы.

2. Бұрын бұрғыланған ұңғыма бақылаудан алынған кезде, мұндай ұңғыманы бақылауға алу үшін өзге әдістерді қолдану мүмкін емес не қалыптасқан жағдайларда тиімсіз болып табылғанда, тығындау ұңғымасын бұрғылауды қоспағанда, іздеу, барлау, пайдалану ұңғымаларын немесе өзге де ұңғыманы құзыретті органның жазбаша рұқсатынсыз бұрғылауға тыйым салынады. Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға мұндай тығындау ұңғымасын бұрғылаудың басталуы туралы осындай тығындау ұңғымасын бұрғылау туралы шешім қабылдауға әсер еткен нақты жағдайлар мен себептерді көрсете отырып, қисынды мерзімде жазбаша хабарлауға міндетті.

3. Құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушыда не өзі тартатын мердігерде бұрғылау жұмыстарын жүргізуге арналған тиісті лицензия болған кезде, жер қойнауын пайдаланушының осы ұңғыманы бұрғылау кезінде пайда болатын тәуекелдерді міндетті сақтандыру жөніндегі міндеттемелерін сақтау фактісі болғанда, мұндай ұңғыманы бұрғылаудың жобасы бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы және теңіз құрылысын салуға не орналастыруға мемлекеттік органның рұқсаты болған кезде ұңғыманы бұрғылауға рұқсат береді. Мұндай өтініште көрсетілген фактілерді растайтын тиісті құжаттар өтінішке қоса берілуге не тіркелуге тиіс.

4. Қат ішіндегі қысымды ұстап тұру үшін ілеспе және табиғи газды айдау қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мұндай айдауды сипаттайтын жоба бойынша мемлекеттік экологиялық сараптамасының оң қорытындысы болған кезде жүзеге асырылады.

5. Теңізде барлау мен өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының теңіз құрылысында не отыз минутта қолжетімді жер шектерде теңізді тазалау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін қажетті мөлшердегі тиісті жабдықтары, материалдары мен заттары болуға міндетті. Материалдарға, заттарға, олардың санына және қолжетімділікке нормативтер мен қойылатын талаптарды мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

6. Барлау мен өндіруді жүргізу кезінде теңіздегі авариялық және өзге де қауіпті жағдайларды болғызбаудың осы Заңға сәйкес бекітілетін бағдарламалары теңіздің ластануы салдарынан болған ластану ошағын дереу оқшаулау және оны тазарту жөніндегі шараларды қамтуға тиіс.

Ескерту. 95-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейiн күнтiзбелiк жиырма бiр күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) Заңдарымен.

95-1-бап. Мұнайдың теңізге төгiлуi

1. Мұнайдың теңізге төгiлуi үш деңгейге бөлiнедi:

1) бiрiншi деңгей – жер қойнауын пайдаланушының теңiздегi құрылысында бар материалдар мен заттар көмегiмен құрылыс персоналы жоятын, мұнайдың болмашы (он тонна мұнайдан аспайтын) төгiлуi;

2) екiншi деңгей – жою үшiн жұмыс жүргiзiлген жердегi жер қойнауын пайдаланушының теңiздегi құрылысында бар ресурстар, сондай-ақ жергiлiктi жағажай қызметтерiнiң қосымша материалдары, заттары мен персоналы да қажет болатын, мұнайдың шамалы (орташа) (он тонна мұнайдан екi жүз елу тонна мұнайға дейiн) төгiлуi;

3) үшiншi деңгей – жою үшiн жер қойнауын пайдаланушының, жергiлiктi жағажай қызметтерiнiң, сондай-ақ мамандандырылған қор есебiнен халықаралық ұйымдарды қоса алғанда, мұнайдың төгiлуiн жою жөнiндегi басқа да ұйымдардың материалдары, заттары мен персоналы талап етiлетiн, мұнайдың көп (екi жүз елу тоннадан және одан көп мұнай) төгiлуi.

2. Мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы теңiзде мұнайдың төгiлуiнiң алдын алу және оны жою жөнiндегi жоспарларды бекiтуге мiндеттi, олар қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану саласындағы уәкiлеттi органдармен, сондай-ақ кәсiби авариялық-құтқару қызметтерiмен және құралымдарымен келiсу бойынша тиiстi облыстардың жергiлiктi атқарушы органдары бекiтетiн теңiзде мұнайдың төгiлуiнiң алдын алу және оны жою жөнiндегi өңiрлiк жоспарларға сәйкес келуге тиiс. Теңiзде мұнайдың төгiлуiнiң алдын алу және оны жою жөнiндегi жоспарларды бекiту тәртiбi, мерзiмдерi және олардың нысаны мұнай және газ саласындағы уәкiлеттi орган бекiтетiн Теңiзде және Қазақстан Республикасының iшкi су айдындарында мұнай төгiлуiнiң алдын алу және оған ден қою жөнiндегi ұлттық жоспарда айқындалады.

3. Жер қойнауын пайдаланушы теңiзде мұнайдың төгiлгенiн байқаған жағдайда, Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы және азаматтық қорғау саласындағы уәкiлеттi органдардың аумақтық бөлiмшелерiне дереу хабарлауға мiндеттi.

4. Теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының бірінші және екінші деңгейлерде мұнайдың төгілуін жою үшін қажетті өзінің материалдары мен жабдықтары болуға міндетті. Бірінші және екінші деңгейлерде мұнайдың төгілуін жою үшін қажетті өзінің материалдары мен жабдықтары болмаған кезде жер қойнауын пайдаланушы теңізде мұнайдың төгілуін жою саласындағы қызметті жүзеге асыратын, теңізде мұнай операцияларын жүргізу ауданында бірінші және екінші деңгейлерде теңізде мұнайдың төгілуін уақтылы жою үшін жабдықтары мен техникалық құралдары бар кәсіби авариялық-құтқару қызметімен шарт жасасуға міндетті.

5. Теңізде үшінші деңгейде мұнайдың төгілуін жою жағдайлары үшін теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы ашық мұнай және газ фонтандарын жою және мұнай операцияларын жүргізу ауданында теңізде үшінші деңгейде мұнайдың төгілуін жою үшін жабдықтары мен құралдары бар мамандандырылған аттестатталған кәсіби авариялық-құтқару ұйымымен шарт жасасуға міндетті.

6. Теңізде үшінші деңгейде мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру және оларға басшылық ету Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында мұнай төгілуінің алдын алу және оған ден қою жөніндегі ұлттық жоспар шеңберінде Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияға жүктеледі

7. Теңізде мұнайдың төгілуін және оның салдарларын жою кезінде адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаны барынша қорғауға бағдарланған әдістерге артықшылық беру қажет.

8. Теңізде мұнайдың төгілуін жою және оны оқшаулау жөніндегі іс-шараларды, авариялардың, оқыс оқиғалардың себептеріне тергеп-тексеру жүргізілгеннен кейін жер қойнауын пайдаланушы қоршаған ортаны қорғау саласындағы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдарға атқарылған жұмыс туралы есеп ұсынады.

9. Теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы теңізде мұнайдың төгілуі салдарынан қоршаған ортаға, үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды, сондай-ақ теңізде мұнайдың төгілуін жою бойынша мемлекеттің шығыстарын толық көлемде өтеуге міндетті.

10. Осы баптың 2, 3 және 4-тармақтарының талаптары теңізде мұнайдың төгілу тәуекелімен байланысты, теңізде қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға қатысты да қолданылады.

Ескерту. 9-тарау 95-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

96-бап. Теңізде мұнай-газ құбырларын салу және пайдалану

1. Теңізде мұнай-газ құбырларын салуды және пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы мұнай-газ құбырларын салу, монтаждау немесе тарту жөніндегі жұмысты құзыретті органның рұқсатынсыз бастауға құқылы емес. Мұндай рұқсат осы Заңның 93-бабының 8-тармағында белгіленген жалпы тәртіппен беріледі.

2. Теңізде мұнай-газ құбырларын салу және пайдалану кезінде жүргізілетін операциялардың адамның өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптар мен нормалардың сақталуы қамтамасыз етілуге тиіс.

3. Теңізде мұнай-газ құбырларын салу және пайдалану ерекшеліктері белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттарында көзделуге тиіс.

Ескерту. 96-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

97-бап. Теңізде мұнай сақтау қоймалары мен резервуарларын салуға және пайдалануға тыйым салу

1. Теңізде мұнай сақтау қоймалары мен резервуарларын салуға және пайдалануға тыйым салынады.

2. Мұнайды уақытша (жиырма күннен аспайтын) сақтауды қоспағанда, мұндай мұнайды танкерлермен теңіз құрылыстарынан тікелей тасымалдау кезінде теңіз құрылыстарында мұнайды сақтау мен қоймада ұстауға тыйым салынады.

98-бап. Жасанды аралдар, бөгеттер, құрылыстар мен қондырғылар

1. Қазақстан Республикасының мұнай және газ саласындағы уәкілетті органының облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тиісті жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша, қоршаған ортаны қорғау және сақтау шартымен, теңізде мұнай операцияларын, ғылыми зерттеулер жүргізуге және басқа да мақсаттарға арналған жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды жасауға, іске қосуға және пайдалануға рұқсат беруге және оны реттеуге құқығы бар.

2. Жасанды аралдардың, бөгеттердің, құрылыстар мен қондырғылардың төңірегіне қауіпсіздік аймақтары орнатылады, олар оның сыртқы шегінің әрбір нүктесінен бастап бес жүз метр арақашықтыққа созылып жатады. Аралдар, бөгеттер, құрылыстар мен қондырғылар, сондай-ақ оларды қоршаған қауіпсіздік

аймақтары халықаралық кеме қатынасы мен балық шаруашылығы үшін елеулі мәні бар әдеттегі теңіз жолдарына кедергі болмайтын жерлерде орналасады.

3. Жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды ұстау мен пайдалануға жауапты ұйымдар олардың күтілуін, сондай-ақ олардың орналасқан жері туралы ескертетін тиісті құралдардың болуын қамтамасыз етуге тиіс.

4. Жасанды аралдар, бөгеттер, құрылыстар мен қондырғылар, егер шаруашылық немесе өзге мақсаттарға пайдаланылмайтын болса, олар адамдардың қауіпсіздігіне қатер, кеме қатынасына немесе балық шаруашылығына кедергі келтірмейтіндей дәрежеге дейін демонтаждалуға тиіс.

5. Жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды, сондай-ақ мұнай операцияларымен байланысты өзге де объектілерді жасау, іске қосу және пайдалану мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган бекітетін қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 98-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

99-бап. Теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде қалдықтарды теңізге тастау мен көму

1. Теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде қалдықтарды теңізге тастауға және теңіз түбіне көмуге тыйым салынады.

2. Теңізге өндірістік және басқа да сарқынды суды ағызу мемлекеттік бақылаушы органдардың рұқсатымен және бақылауымен ғана олар белгіленген нормативтерге дейін тазартылған жағдайда жүзеге асырылады.

100-бап. Теңіздегі ғылыми зерттеулер

1. Теңіздегі ғылыми зерттеулер құзыретті органды "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалатын тәртіппен зерттеулердің басталғаны туралы хабардар ете отырып қана жүргізілуі мүмкін. Теңіздегі ғылыми зерттеулер жүргізу қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Теңіздегі ғылыми зерттеулерді қазақстандық, сондай-ақ шетелдік жеке және заңды тұлғалар, халықаралық ұйымдар жүзеге асыра алады.

3. Теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізу кезінде мынадай принциптер сақталуға тиіс:

1) теңіздегі ғылыми зерттеулер теңізді заңды түрде пайдалануды жүзеге асыратын басқа тұлғаларға өзін-өзі ақтамайтын кедергілер жасамауға тиіс;

2) теңіздегі ғылыми зерттеулер табиғат қорғау шаралары сақтала отырып ғылыми әдістермен және құралдармен тиісті түрде жүргізіледі;

3) теңіздегі ғылыми зерттеулер процесінде жиналған барлық деректер өңделген және талданған соң Қазақстан Республикасына берілуге тиіс және Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсатынсыз еркін таратылмауға немесе жарияланбауға тиіс.

Ескерту. 100-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

101-бап. Өндірілген мұнайды өлшеу

1. Келісімшарттық аумақта өндірілген мұнайдың көлемі мен салмағын өлшеуді жер қойнауын пайдаланушы мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес жүргізеді.

2. Жер қойнауын пайдаланушы белгіленген тәртіппен уақыттың белгілі бір кезеңі сайын құзыретті орган өкілінің қатысуымен мұнайды таразылау мен өлшеу үшін пайдаланылатын жабдық пен аспаптарды жүйелі түрде сынаудан өткізіп отырады.

3. Егер сынаған немесе тексеріп қараған кезде жабдық немесе аспаптар ақаулы болып шығып, оның бұзылу мерзімін анықтау мүмкін болмаса, ақаулық мерзімі бұрынғы өлшеген кезден бастап ақау анықталған күнге дейінгі уақыттың жартысы ретінде айқындалады.

Ескерту. 101-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-1-тарау. Техногендік минералдық түзілімдерді қайта өңдеу немесе өзге де пайдалану

Ескерту. Заң 9-1-тараумен толықтырылды - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

101-1-бап. Техногендік минералдық түзілімдерді қайта өңдеуге немесе өзге де пайдалануға қойылатын жалпы талаптар

1. Жер қойнауын пайдаланушының немесе өзге де тұлғаның меншігі болып табылатын техногендік минералдық түзілімдерді қайта өңдеу жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға жатпайды.

2. Мемлекеттік меншік болып табылатын техногендік минералдық түзілімдерді, кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, олардан пайдалы қазбалар алу мақсатында қайта өңдеу құзыретті органмен техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбалар өндіруге арналған келісімшарт жасасу арқылы жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік меншік болып табылатын техногендік минералдық түзілімдерді өзге де пайдалану облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органымен шарт негізінде жүзеге асырылады.

4. Техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшарт және техногендік минералдық түзілімдерді пайдалануға арналған шарт осы тарауда белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органмен тікелей келіссөздер арқылы жасалады.

101-2-бап. Техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшартты немесе техногендік минералдық түзілімдерді пайдалануға арналған шартты жасасу жөнінде тікелей келіссөздер жүргізу тәртібі мен шарттары

1. Техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбалар өндіруге арналған келісімшартты жасасу жөніндегі тікелей келіссөздерді құзыретті органның жұмыс тобы жүргізеді. Жұмыс тобы туралы ережені және оның құрамын құзыретті орган бекітеді.

Техногендік минералдық түзілімдерді пайдалануға арналған шартты жасасу жөніндегі тікелей келіссөздерді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының жұмыс тобы жүргізеді. Жұмыс тобы туралы ережені және оның құрамын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы бекітеді.

2. Тікелей келіссөздерге қатысу үшін техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшартты немесе техногендік минералдық түзілімдерді пайдалануға арналған шартты жасасуға үміткер тұлға тиісті мемлекеттік органға осы Заңның 101-3-бабында белгіленген талаптарға сәйкес өтінім жібереді.

3. Құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы өтінім берушіні тікелей келіссөздер жүргізу және олардың жүргізілетін күні туралы немесе тікелей келіссөздер жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылданғаны туралы тікелей келіссөздерге қатысуға өтінім келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде хабардар етуге міндетті

4. Тікелей келіссөздер осы Заңның 101-3-бабының талаптарына сәйкес ресімделген өтінім келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде жүргізіледі.

101-3-бап. Техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшартты немесе техногендік минералдық түзілімдерді пайдалануға арналған шартты жасасу жөніндегі тікелей келіссөздерге қатысу өтінімі

1. Техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбалар өндіруге арналған келісімшартты немесе техногендік минералдық түзілімдерді пайдалануға арналған шартты жасасу жөніндегі тікелей келіссөздерге қатысу өтінімі:

1) заңды тұлғалар үшін – өтінім берушінің атауын, оның орналасқан жерін, мемлекеттік тиесілігін, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі және салық органдарында тіркелуі туралы мәліметтерді;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегін және атын, заңды мекенжайын, азаматтығын, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, өтінім берушінің салық органдарында тіркелуі туралы, өтінім берушінің кәсіпкерлік қызмет субъектісі ретінде тіркелуі туралы мәліметтерді;

3) өтінім берушінің мүддесін білдіретін басшылар немесе өкілдер туралы, осындай адамдардың өкілеттіктері туралы мәліметтерді қоса алғандағы деректерді;

4) өтінім берушінің техникалық, басқарушылық, ұйымдық және қаржылық мүмкіндіктері туралы деректерді қамтуға тиіс.

2. Техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбалар өндіруге арналған келісімшартты немесе техногендік минералдық түзілімдерді пайдалануға арналған шартты жасасу жөніндегі тікелей келіссөздерге қатысу өтініміне мынадай мәліметтерді қамтитын құжаттар қоса берілуге тиіс:

1) құрамындағы зиянды, улы заттар, қатты және сұйық қалдықтар, сарқынды және өнеркәсіптік суларды ағызу орындары, оның ішінде техногендік минералдық түзілімдердің орналасқан жері, қоймаға қою кезеңі, күтіп ұстау шығындары, жерасты сулары мен қоршаған орта мониторингінің байқау желісінің болуы мен орналасуы көрсетіле отырып, техногендік минералдық түзілімдердің жалпы сипаттамасы;

2) қолдануға ұсынылатын технологиялар және зиянды, улы заттардың, қатты және сұйық қалдықтардың, сарқынды және өнеркәсіптік сулардың пайда болуына әкеп соғатын қызмет туралы ақпаратты қоса алғандағы технологиялық бағдарлама;

3) өнімнің атауы, ол пайда болатын техникалық өндіріс немесе процесс, оның физикалық сипаттамасы, толық химиялық құрамы, уытты компоненттердің құрамы, өрт қауіптілігі, жарылу қауіптілігі, ерігіштігі, сақтау кезінде басқа

заттармен сыйысымдығы, ластайтын негізгі радионуклидтер, олардың белсенділігі, сондай-ақ тасымалдау жүйесінің сипаттамасы көрсетіле отырып, зиянды, улы заттардың, қатты және сұйық қалдықтардың, сарқынды және өнеркәсіптік сулардың сипаттамасы;

4) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның қорытындысы;

5) мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы.

3. Техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшартты жасасу жөніндегі тікелей келіссөздерге қатысу өтінімінде қол қойылатын бонустың мөлшері көзделуге тиіс.

4. Өтінімде көрсетілген мәліметтерді растайтын, тиісті түрде куәландырылған құжаттар (не олардың нотариат куәландырған көшірмелері) өтінімге қоса беріледі.

101-4-бап. Техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшартты немесе техногендік минералдық түзілімдерді пайдалануға арналған шартты жасасу жөніндегі тікелей келіссөздер қорытындылары бойынша шешім қабылдау

1. Тікелей келіссөздер негізінде техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшартты немесе техногендік минералдық түзілімдерді пайдалануға арналған шартты жасасу туралы не оларды жасасудан бас тарту туралы шешім өтінім берушінің келісімшарт немесе шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкіндігін куәландыратын деректер негізінде қабылданады.

2. Тікелей келіссөздер қорытындылары бойынша құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының шешімі жұмыс тобының барлық қатысып отырған мүшелері қол қоятын тікелей келіссөздер хаттамасымен ресімделеді.

Тікелей келіссөздер қорытындылары бойынша техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшартты немесе техногендік минералдық түзілімдерді пайдалануға арналған шартты жасасу туралы шешім қабылданған жағдайда, тікелей келіссөздер хаттамасына өтінім беруші немесе оның уәкілетті өкілі қол қояды.

Тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күн тікелей келіссөздер қорытындылары бойынша шешім қабылданған күн деп есептеледі.

Құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы өтінім берушіні тікелей келіссөздер

хаттамасына қол қойылған күннен бастап он күннен аспайтын мерзімде тікелей келіссөздер қорытындылары бойынша қабылданған шешім туралы хабардар етуге міндетті.

3. Тікелей келіссөздер негізінде техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбаларды өндіру немесе техногендік минералдық түзілімдерді өзге де пайдалану құқығын өтінім берушіге беру туралы шешім қабылданған жағдайда, техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшарт немесе техногендік минералдық түзілімдерді пайдалануға арналған шарт өтінім беруші қабылданған шешім туралы хабардар болған күннен бастап он күн мерзімде жасалады.

10-тарау. МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫР КӨЛПІ

Ескерту. 10-тарау алып тасталды - ҚР 2012.06.22 № 21-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-тарау. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, ЖЕР ҚОЙНАУЫН ҰТЫМДЫ ӘРІ КЕШЕНДІ ПАЙДАЛАНУ, ХАЛЫҚТЫҢ ЖӘНЕ ПЕРСОНАЛДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

107-бап. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғаудың, жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдаланудың міндеттері

Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану:

- 1) халықтың денсаулығын және өмірін қорғауға;
- 2) жер қойнауының ресурстарын ұтымды әрі кешенді пайдалануға;
- 3) табиғи ландшафтарды сақтауға және бүлінген жерлерді, өзге де геоморфологиялық құрылымдарды қалпына келтіруге;
- 4) жер сілкінууді, көшкінді, су астында қалуды, топырақтың шөгуін болдырмау мақсатында жер қойнауының үстіңгі бөліктерінің энергетикалық жай-күйін сақтауға;
- 5) су объектілерінің табиғи жағдайын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, технологиялық жүйелерді және басқа да іс-шараларды қамтиды.

108-бап. Жалпы экологиялық талаптар

Жер қойнауын пайдаланудың барлық сатыларында болжауды, жоспарлауды, жобалауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экологиялық

заңнамасында белгіленген экологиялық талаптар басымдық ретімен сақталуға тиіс.

109-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін экологиялық негіз

1. Жобалау құжаттамасына мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы және экологиялық рұқсат жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін экологиялық негіз болып табылады.

2. Жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік экологиялық сараптамаға барлық жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын ұсынуға міндетті, оған жоспарланған қызметтің қоршаған ортаға тигізетін әсеріне баға беру енгізілуге және ол "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімін қамтуға тиіс.

Ескерту. 109-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

110-бап. Жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану мен жер қойнауын қорғау саласындағы талаптар

1. Мыналар:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін, оның ішінде өндіруге қатысы жоқ мақсаттарға пайдалану үшін берілетін пайдалы қазбалар, кен орындары мен жер қойнауы учаскелері қорының ауқымы мен құрылымын нақтылы бағалау үшін жер қойнауын ілгерілей геологиялық зерттеудің толымдылығын қамтамасыз ету;

2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің барлық сатыларында жер қойнауы ресурстарын ұтымды әрі кешенді пайдалануды қамтамасыз ету;

3) бай учаскелерді таңдап өндіруге жол бермей пайдалы қазбаларды жер қойнауынан бөліп алудың толымдылығын қамтамасыз ету;

4) кен орнын игеру кезінде сыртқа шығарылатын және жер қойнауында айналыстан шыққан негізгі және онымен бір жерде жатқан пайдалы қазбалар қорларын және қосалқы компоненттерді, оның ішінде минералдық шикізатты өңдеу өнімдері мен өндіріс қалдықтарын дұрыс есепке алу;

5) бастапқы өңдеу деректері бойынша мемлекеттік баланста есепте тұрған пайдалы қазбалар қорларын түзетуді жою;

6) су жинау алаңдарында және ауыз сумен немесе өнеркәсіптік сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын жерасты сулары жинақталған жерлерде өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жиналуын болғызбау;

7) жер қойнауын су басудан, өрттен және кен орындарын пайдалануды және игеруді қиындата түсетін басқа да дүлей факторлардан қорғау;

8) жер қойнауының ластануын, әсіресе мұнайды, газды немесе басқа да заттар мен материалдарды жер астында сақтау, зиянды заттар мен қалдықтарды көму кезінде ластануын болғызбау;

9) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұру, доғару, кен орнын игеру объектілерін консервациялау мен жою жөніндегі белгіленген тәртіпті сақтау;

10) қалдықтарды үю мен орналастыру кезінде экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету;

11) ілеспе газды маңызды стратегиялық энергия көздерін, не мұнай-химия өнеркәсібі үшін шикізат ресурстарын алу және қоршаған ортаға зиянды барынша азайту мақсатында өңдеу жолымен оны барынша пайдалану жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану мен жер қойнауын қорғау саласындағы талаптар болып табылады.

2. Жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдаланумен байланысты жұмыстарды жобалау, пайдалы қазбалар кен орындарын геологиялық зерттеуді, барлауды және игеруді жүзеге асыру кезінде осы баптың 1-тармағында көзделген және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган бекітетін қағидаларда, нұсқаулықтарда және әдістемелік ұсынымдарда регламенттелетін жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалануды және жер қойнауын қорғау жөніндегі талаптарды қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 110-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

111-бап. Жер қойнауын пайдалану объектілерін жою мен консервациялау

1. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге, барлау мен өндіруге, оның ішінде жерасты суларын, емдік балшықты барлау мен өндіруге, сарқынды суларды ағызу үшін жер қойнауын барлауға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану объектісінің технологиялық бірліктерін (блоктарды, панельдерді, қазбаларды, әртүрлі мақсаттағы мұнай және газ ұңғымаларын) қоспағанда, барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға қатысты жұмыстар жүргізілетін немесе жүргізілген жер қойнауын пайдалану объектілері жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтатқан кезде, сондай-ақ жобалау құжаттары мен жұмыс бағдарламасына сәйкес пайдалы қазбалар қорлары толық өңделген жағдайда жоюға немесе консервациялауға жатады.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақтың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

2. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар уақытша тоқтатылған кезде жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органмен объектіні уақытша консервациялау (жұмыстарды тоқтата тұру) мерзімдерін келіседі және жер қойнауын пайдалану объектісін консервациялау жөніндегі жұмыстарды орындауға дереу кіріседі, ал жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар тоқтатылған кезде жер қойнауын пайдалану объектісін жою жөніндегі жұмыстарды орындауға дереу кіріседі.

Өндіруді тоқтату туралы шұғыл шешім қабылдау қажет болған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы оларды жою немесе консервациялау басталғанға дейін өндірістік объектілердің сақталуын қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін жүргізеді.

3. Жер қойнауын пайдалану объектілері қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге тиісті лицензиясы бар жобалау ұйымы әзірлеген, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі, өнеркәсіптік қауіпсіздік, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы, жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органдармен келісуден өткен және мұнай және газ саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітетін Жер қойнауын пайдалану объектілерін жою мен консервациялау қағидалары негізінде жобалау мен жобаны іске асыру жөніндегі жұмыстарды жүргізуді қаржыландыратын жер қойнауын пайдаланушы бекіткен жою немесе консервациялау жобасына сәйкес жойылады немесе консервацияланады.

4. Жер қойнауын пайдалану объектілерін жою мен консервациялау жөніндегі жұмыстар құзыретті орган қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі, жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органдардың және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының өкілдерінен құратын комиссия жер қойнауын пайдалану объектісін жою мен консервациялау жөніндегі жұмыстарды қабылдап алу актісіне қол қойғаннан кейін аяқталған болып есептеледі.

5. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен жер қойнауын пайдалану объектісін жою мен консервациялау жөніндегі жұмыстарды қабылдап алу актісін алғаннан кейін геологиялық, маркшейдерлік және өзге де құжаттама жұмыстардың аяқталу кезінде толықтырылады және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен сақтауға тапсырылады.

РҚАО-ның ескертпесі!

6-тармақтың ережелері ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады, және Кодекстің 277-бабының 14-тармағында берілген редакцияда қолданылады (бұл ретте осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға берілген рұқсаттар мен лицензияларға, сондай-ақ көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналып жасалған келісімшарттарға қатысты, осы тармақ осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап отыз алты ай ішінде қолданыста болады).

6. Объектіні жоюға немесе консервациялауға байланысты жұмыстарды қаржыландыру тарату қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Тарату қорына аударымдарды жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген екінші деңгейдегі банктегі арнаулы депозиттік шотқа жүргізеді.

2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған және қолданылуы тоқтатылмаған, жер қойнауын пайдаланушы олар бойынша тарату қорына аударымдарды жүзеге асыра бастаған және оларды Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес 2009 жылғы 1 қаңтарға дейінгі салықтық кезеңде шегерімге жатқызған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша көрсетілген аударымдар сомасы Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген екінші деңгейдегі банктегі арнаулы депозиттік шотқа орналастырылуға тиіс. Арнаулы депозиттік шотқа орналастырылуға жататын осы аударымдар сомасы жер қойнауын пайдаланушы осындай тарату қорының қаражаты есебінен кен орындарын әзірлеу салдарын жоюға пайдаланған сомаға азайтылады.

Бұл ретте тарату қорын пайдалануды жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органның, ал облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен жасалған келісімшарттар бойынша аталған органдардың рұқсатымен жүзеге асырады. Тарату қорын қалыптастыру тәртібі, тарату қорына аударымдардың мөлшері, осындай төлемдердің кезеңділігі туралы шарттар келісімшартта белгіленеді.

РҚАО-ның ескертпесі!

7-тармақтың ережелері ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады, және Кодекстің 277-бабының 14-тармағында берілген редакцияда қолданылады (бұл ретте осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға берілген рұқсаттар мен лицензияларға, сондай-ақ көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналып жасалған келісімшарттарға қатысты, осы тармақ осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап отыз алты ай ішінде қолданыста болады).

7. Егер жер қойнауын пайдалану объектілерін жоюға арналған нақты шығындар тарату қорының мөлшерінен асып кетсе, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану объектілерін жоюға қосымша қаржыландыруды жүзеге асыруға міндетті. Егер жоюға арналған нақты шығындар тарату қорының мөлшерінен аз болса, онда қалған ақша жер қойнауын пайдаланушыда қалады.

Ескерту. 111-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.12.26 № 61-V (2010.07.06 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

112-бап. Экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды жер қойнауы учаскелері

1. Экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды жер қойнауы учаскелері ерекше күзетілетін құқықтық режимі болатын не дағдылы, бірегей және сирек кездесетін геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерді сақтауға арналған шаруашылық қызметі реттелетін режимі бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілеріне жатады.

2. Экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды жер қойнауы учаскелерін қорғау мен пайдаланудың ерекшеліктері Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасында айқындалады.

3. Экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды жер қойнауы учаскелерін өзге қажеттер үшін алып қоюға жол берілмейді.

4. Экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілер табылған жағдайда жер қойнауын пайдаланушылар тиісті учаскеде жұмысты тоқтатуға және ол туралы жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі

уәкілетті органға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

113-бап. Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда құрылыстар салу шарттары

1. Елді мекендерді, өнеркәсіптік кешендерді және (немесе) басқа да шаруашылық объектілерін жобалауға және салуға жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесімен келісу бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының болашақ құрылыс учаскесі астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ немесе оның аз мөлшерде екендігі туралы оң қорытындысын алғаннан кейін ғана рұқсат етіледі.

2. Пайдалы қазбалар қабаттары жатқан алаңдарда құрылыс салуға, сондай-ақ олар жатқан орындарда жерасты құрылыстарын орналастыруға, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органның рұқсатымен пайдалы қазбаларды алу мүмкіндігі қамтамасыз етілген немесе құрылыс салудың экономикалық тиімділігі дәлелденген жағдайда жол беріледі.

3. Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда өз бетінше салынып жатқан құрылыстар жұмсалған шығындардың және келісімшарттық аумақтың жерлерін рекультивациялауға және салынған объектілерді қайта бұзуға кеткен шығындардың өтемінсіз тоқтатылады.

Ескерту. 113-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

114-бап. Теңізде, ішкі су айдындарында, төтенше экологиялық жағдайлар аймақтарында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мұнай операцияларын жүргізу

1. Теңізде, ішкі су айдындарында, төтенше экологиялық жағдай аймақтарында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мұнай операцияларын жүргізу мүмкіндігі туралы жалпы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы негізінде қабылдайды.

2. Теңізде, ішкі су айдындарында, төтенше экологиялық жағдайлар аймақтарында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мұнай операцияларын

жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының мұнай және газ саласындағы уәкілетті органы бекітеді.

3. Кен орындарын пайдаланған кезде теңіздің қорықтық бөлігінде мұнай тасымалдау Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген талаптар сақталған жағдайда құбырлар арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 114-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2017 № 86-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

115-бап. Жер қойнауын пайдалануда халықтың және персоналдың қауіпсіздік жағдайларын қамтамасыз ету

1. Жер қойнауын пайдаланушы заңнамада көзделген жұмыс жүргізу қауіпсіздігі ережелері мен нормаларының орындалуын, сондай-ақ авариялардың, жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардың алдын алу және оны жою жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуін қамтамасыз етуге тиіс.

2. Егер адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін болса, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салынады.

3. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидалары мен нормаларының сақталуын мемлекеттік бақылауды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Мыналар:

1) жұмысқа - арнаулы дайындығы және біліктілігі бар адамдарды, ал тау-кен жұмыстарын басқаруға тиісті арнаулы білімі бар адамдарды жіберу;

2) тау-кен және бұрғылау жұмыстарындағы адамдарды арнаулы киімдермен, дербес және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;

3) қауіпсіздік талаптарына және санитарлық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге сай келетін машиналарды, жабдықтар мен материалдарды қолдану;

4) қопарғыш заттар мен қопару құралдарын есепке алу, тиісінше сақтау және жұмсау, сондай-ақ оларды дұрыс және қауіпсіз пайдалану;

5) жұмыстардың технологиялық циклын қамтамасыз етуге қажет және қауіпті жағдайларды болжауға жеткілікті геологиялық, маркшейдерлік және өзге де байқау кешенін жүргізу, қауіпті аймақтарды уақтылы анықтау және оны тау-кен жұмыстары жоспарына түсіру;

6) кеніш атмосферасының жай-күйін, ондағы оттегі мөлшерін, зиянды және жарылғыш қауіпті газдар мен тозаңдарды ұдайы бақылау;

7) жұмысты жүргізудің қауіпсіз аймақтарының шектерін анықтайтын техникалық құжаттаманы және аварияларды жоюдың жоспарларын деректермен уақтылы толықтыру;

8) қатты пайдалы қазбалар кен орындарын игерудің жобалау жүйелерін, мұнай, газ және жерасты суы кен орындарын игеру мен жайластырудың жобаларын және технологиялық сызбаларын сақтау;

9) газдардың күтпеген жерден шығуын, судың, пайдалы қазбалардың және тау-кен жыныстарының сыртқа жарып шығып кетуін, сондай-ақ тау-кен соққыларын болжау және олардың алдын алу жөніндегі арнаулы іс-шараларды жүзеге асыру жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі талаптары болып табылады.

5. Жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда жер қойнауын пайдаланушылардың лауазымды адамдары жұмысты дереу тоқтатып, адамдарды қауіпсіз жерге тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті.

6. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар әсер ететін аймақтарда халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда тиісті ұйымдардың басшылары ол туралы жергілікті атқарушы органдарға дереу хабарлауға міндетті.

7. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар әсер ететін аймақта халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы жұмысты тоқтата тұруға міндетті және халықтың денсаулығы мен өмірі үшін қауіпсіз жағдай жасалмайынша және төнген қауіп жойылмайынша, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияны қайта бастауға құқылы емес. Қауіпті болдырмау үшін өзге шараларды қолдану мүмкін болмаған кезде жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қауіпті әсер ету аймағынан халық көшірілгеннен кейін ғана жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қайта бастауға құқылы.

8. Жер қойнауын пайдаланушыларға индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес шарттық негізде кәсіби авариялық-құтқару қызметтері қызмет көрсетеді.

Ескерту. 115-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-тарау. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ҚОРҒАУ, ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ

116-бап. Жер қойнауын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Жер қойнауын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Жер қойнауын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылаудың міндеттері жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауының ластануын болғызбау және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайту бөлігінде Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының сақталуына бақылауды қамтамасыз ету, сондай-ақ жер қойнауын заңсыз пайдалануды анықтау және оның жолын кесу болып табылады.

3. Жер қойнауын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау:

1) жер қойнауын қорғаудың мемлекеттік мониторингін;

2) жер қойнауын қорғау саласына жататын лицензиялық-келісімшарт талаптарының сақталуын бақылауды;

3) жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмуді және сарқынды суларды ағызуды бақылауды;

4) кен орнының және қоршаған ортаның басқа да объектілерінің бүлінуіне әкеп соғатын ластанудан, су басудан, өрттен және техногендік процестерден жер қойнауын сақтауды бақылауды;

4-1) жер қойнауын заңсыз пайдалануды анықтау және оның жолын кесу жөніндегі бақылау іс-шараларын;

5) жер қойнауын пайдалану объектілерін консервациялау мен жоюды бақылауды;

6) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде авариялық және өзге де қауіпті жағдайларды болғызбау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды;

7) жер қойнауын пайдалану және минералдық шикізатты өңдеу кезінде экологиялық нормалар мен қағидалардың сақталуын бақылауды;

8) минералдық шикізаттарды өндіру мен өңдеу кезінде қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша жобалау шешімдерінің сақталуын бақылауды қамтиды.

Ескерту. 116-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

117-бап. Жер қойнауын зерттеу мен пайдалануды мемлекеттік бақылау

1. Жер қойнауын зерттеу мен пайдалануды мемлекеттік бақылауды жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақтың осы редакциясы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 27.12.2017 № 125-VI ҚР Кодексі қолданысқа енгізілген кезге дейін қолданылады - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 2-т. 1) қараңыз).

2. Жер қойнауын пайдаланушылардың кен орындарын іздеу және бағалау кезінде Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасын сақтауын, өндіру, жер қойнауын геологиялық зерттеу кезінде минералды шикізатты ұтымды және кешенді пайдалануын бақылауды қамтамасыз ету жер қойнауын зерттеу мен пайдалануды мемлекеттік бақылаудың міндеті болып табылады.

3. Жер қойнауын зерттеу мен пайдалануды мемлекеттік бақылау:

1) қорларды ашуды, дайындауды және қазып алудың толымдылығын қамтамасыз ететін, жер қойнауының бай учаскелерін таңдап өндіруді болғызбайтын жер қойнауын геологиялық зерттеу мен пайдалануға, жобалау құжаттарында және жобалау шешімдерінде көзделген көрсеткіштердің орындалуына жер қойнауын зерттеу мен пайдалану саласындағы уәкілетті органның құзыреті шегінде бақылауды;

2) пайдалы қазбалардың сыртқа шығарылатын және жер қойнауында айналыстан шыққан қорлары мен оларды өндіру кезіндегі ысырапты есепке алудың дәйектілігін бақылауды қамтиды.

Ескерту. 117-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

118-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың жүргізілуін мемлекеттік бақылау

1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың жүргізілуін мемлекеттік бақылауды мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреттері шегінде жүзеге асырады. Осы органдардың тексерулерді жүзеге асыратын лауазымды адамдары коммерциялық құпияның сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақтың осы редакциясы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 27.12.2017 № 125-VI ҚР Кодексі қолданысқа енгізілген кезге дейін қолданылады - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 2-т. 1) қараңыз).

2. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың жүргізілуіне мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

РҚАО-ның ескертпесі!

3-тармақ "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 27.12.2017 № 125-VI ҚР Кодексі қолданысқа енгізілген кезге дейін алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 2-т. 1) қараңыз).

3. Алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 118-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-тарау. ЖЕР ҚОЙНАУЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫ

119-бап. Жер қойнауы мемлекеттік қорының жай-күйін есепке алу

1. Жер қойнауының мемлекеттік қоры Қазақстан Республикасының жер қойнауларынан құралады.

2. Жер қойнауының мемлекеттік қорын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету үшін:

- 1) жер қойнауының мемлекеттік мониторингі;
- 2) жер қойнауына мемлекеттік сараптама;
- 3) геологиялық ақпаратты мемлекеттік сақтау;
- 4) пайдалы қазбалар қорының мемлекеттік балансын жасау;
- 5) мыналарға:

пайдалы қазбалар кен орындары мен көрініс-белгілеріне;

жер қойнауына зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар көмілетін және сарқынды суларды ағызатын жерлерге;

техногендік минералдық түзілімдерге мемлекеттік кадастрлар жасау жүргізіледі.

3. Жер қойнауын пайдаланушылар бастапқы есепке алу материалдарына негізделген жер қойнауының жай-күйі туралы геологиялық есептілікті жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган бекітетін арнаулы нысандар бойынша ұсынады.

Ескерту. 119-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

120-бап. Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі

1. Жер қойнауының мемлекеттік мониторингі жер қойнауының мемлекеттік қорын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету және олардың өзгеруін уақтылы анықтау, теріс процестердің салдарларын бағалау, олардың алдын алу және жою үшін жер қойнауының жай-күйін байқау, оның ішінде Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтаудың деректерін пайдалана отырып байқау жүйесін білдіреді.

2. Жер қойнауының мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру тәртібін индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 120-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.04.2016 № 490-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

121-баптың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

121-бап. Жер қойнауының мемлекеттік сараптамасы

1. Жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалануға жағдайлар жасау, жер қойнауын пайдалануға төлемдерді, жер қойнауын пайдалануға берілетін жер қойнауы учаскелерінің шекараларын анықтау мақсатында пайдалы қазбалардың, барланған кен орындарының қоры мемлекеттік сараптауға жатады.

2. Өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығына ие жер қойнауын пайдаланушы өндіруді пайдалы қазбалардың қорына мемлекеттік сараптама жүргізілгеннен кейін ғана бастауға құқылы. Барланған пайдалы қазбалардың қорын игерудің рентабельділігі туралы мемлекеттік сараптаманың қорытындысы оларды мемлекеттік есепке қоюға негіз болып табылады.

3. Мемлекеттік сараптамаға ұсынылған геологиялық материалдар пайдалы қазбалар қорының мөлшері мен сапасын, олардың республика экономикасы үшін маңызын, өндірудің тау-кен техникалық, гидрогеологиялық, экологиялық және басқа да жағдайларын объективті бағалауға мүмкіндік берген жағдайда мемлекеттік сараптама кен орнын геологиялық зерттеудің кез келген сатысында жүргізілуі мүмкін.

4. Барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және пайдалануға жарамды жер қойнауы учаскелері туралы геологиялық ақпарат та мемлекеттік сараптауға жатады. Жер қойнауының мұндай учаскелерін жер қойнауын пайдалануға беруге геологиялық ақпаратқа мемлекеттік сараптама жүргізгеннен кейін ғана рұқсат етіледі.

5. Жер қойнауына мемлекеттік сараптаманы геология және жер қойнауын пайдалану саласында арнаулы білімі бар және сараптама нәтижелеріне мүдделі емес тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы және пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі өңіраралық комиссиялар жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қорлары бойынша мемлекеттік комиссиясының және пайдалы қазбалар қорлары бойынша өңіраралық комиссиялардың қызметін ұйымдастыру, олардың құрамы, жұмыс регламенті мен іс қағаздарын жүргізуі индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қорлары бойынша мемлекеттік комиссиясы және пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі өңіраралық комиссиялар туралы ережеде айқындалады.

7. Жер қойнауына мемлекеттік сараптама жүргізу мерзімі тиісті өтініш келіп түскен күннен бастап алты айдан аспауға тиіс.

Ескерту. 121-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

122-баптың ережесі Кодекстің 277-бабының 14-тармағына сәйкес ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға қолданылады.

122-бап. Пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансы

1. Пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансын жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат базасының жай-күйін есепке алу мақсатында жүргізеді.

2. Пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансында коммерциялық жолмен табылған пайдалы қазбалардың әр түрінің қорының мөлшері, сапасы мен зерттелу дәрежесі туралы, олардың орналасуы туралы, өндірістік игерілу дәрежесі, өндіру, ысырабы туралы және өнеркәсіптің пайдалы қазбалардың барланған қорларымен қамтамасыз етілуі туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

3. Алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік органдарға өзі белгілеген тәртіппен пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансы жөніндегі ақпаратты береді.

Ескерту. 122-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

123-бап. Пайдалы қазбалар кен орындарының және көрініс-белгілерінің мемлекеттік кадастры

1. Кен орындарының және пайдалы қазбалар көрініс-белгілерінің мемлекеттік кадастрын жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган жер қойнауының геологиялық зерттелуін, кен орындарының кешенді пайдаланылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ басқа да міндеттерді шешу мақсатында жүргізеді.

2. Пайдалы қазбалар кен орындарының және көрініс-белгілерінің мемлекеттік кадастры әрбір кен орны бойынша негізгі және онымен бір жерде жатқан басқа пайдалы қазбалардың және олардағы компоненттердің саны мен сапасын, кен орнын игерудің тау-кен техникалық, гидрогеологиялық, экологиялық, тағы басқа жағдайларын және оны геологиялық-экономикалық бағалауды сипаттайтын мәліметтерді, сондай-ақ пайдалы қазбалардың анықталған көрініс-белгілері бойынша мәліметтерді қамтиды.

3. Пайдалы қазбалар кен орындарының және көрініс-белгілерінің мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 123-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

124-бап. Жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және сарқынды суларды ағызудың мемлекеттік кадастры

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпаратты жедел алу, шешімдерді қабылдау, жер қойнауына зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар көмілетін және сарқынды суларды ағызатын жерлердің жай-күйін жоспарлы түрде бақылау мақсатында, жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және сарқынды суларды ағызудың мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін белгілейді және оларды ұйымдастырады.

2. Жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және сарқынды суларды ағызудың мемлекеттік кадастры көмілген заттардың және ағызылған сулардың сандық және сапалық көрсеткіштері, көму мен ағызудың тау-кен техникалық, арнаулы инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және экологиялық жағдайлары көрсетіле отырып, олардың типтері мен түрлерін сипаттайтын мәліметтерді қамтиды.

3. Жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көму мен сарқынды суларды ағызудың мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 124-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

125-бап. Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастры

1. Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

2. Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастры сақтаудың сандық және сапалық көрсеткіштері, тау-кен техникалық және экологиялық жағдайлары көрсетіле отырып, техногендік минералдық түзілімдердің типтері мен түрлерін сипаттайтын үйме объект бойынша мәліметтерді қамтиды.

Ескерту. 125-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕР ҚОЙНАУЫ ЖӘНЕ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

126-бап. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

1. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары бұзыла отырып жасалған, жер қойнауын пайдаланумен байланысты мәмілелер жарамсыз болып табылады.

Аталған мәмілелерді жасасуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылықта болады.

127-бап. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасын бұзумен келтірілген нұқсанды (зиянды) өтеу

1. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану туралы талаптарын бұзу салдарынан зиян келтірген тұлғалар келтірілген зиянды, егер зиян еңсерілмейтін күштің немесе зардап шегушінің пиғылы салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса ғана, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде және тәртіппен өтеуге міндетті.

2. Жер қойнауын ұтымды пайдалану саласындағы талаптарды бұзу салдарынан келтірілген залал мөлшерін жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

3. Алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 127-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

128-бап. Дауларды шешу

1. Келісімшартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

2. Егер келісімшартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар осы баптың 1-тармағына сәйкес шешілмейтін болса, онда тараптар дауларды Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шешуге құқылы.

15-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

129-бап. Өтпелі ережелер

1. Осы Заң, осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ол қолданысқа енгізілгеннен кейін туындаған қатынастарға қолданылады.

2. Құзыретті органмен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға жобалау құжаттары болмаған жағдайларда қол қойған жер қойнауын пайдаланушылар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап жиырма төрт айдан аспайтын мерзімде олардың әзірленуін және белгіленген тәртіппен бекітілуін қамтамасыз етуге және осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап отыз айдан кешіктірмей, жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға жобалау құжаттарының негізінде барлау мен өндіруге арналған келісімшарттардың жұмыс бағдарламаларын келісуге ұсынуға міндетті.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен жер қойнауын пайдалануға арналған бұрын жасалған келісімшарттар бойынша тараптар терминологияны бірізге келтіру, кадрлардағы жергілікті қамту, ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесіне сәйкес есептелген тауарлардағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту туралы, құзыретті орган бекітетін тәртіппен және нысандар бойынша жоспарланып отырған және нақты жүргізілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы ақпарат беру бөлігінде осы Заңда белгіленген талаптарды басшылыққа алуға міндетті.

4. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін берілген лицензиялар мен жасалған келісімшарттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының олармен байланысты барлық актілері өз қолданысын сақтайды.

5. Жер қойнауын пайдалануға бұрын берілген және қолданыстағы лицензияларға қатысты лицензиялық органның - Қазақстан Республикасы Үкіметінің функциялары құзыретті органға жүктеледі.

6. Мұнай операцияларын жүргізуге арналған, 2004 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған бір келісімшарттың шеңберінде бір бөлігі Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бекіткен тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген кен орындары тізбесіне енгізілген көмірсутек шикізатының бірнеше кен орындарында өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар құзыретті органға мұндай кен орнына (кен орындарына) қатысты өндіруге арналған бөлек келісімшарт жасасу жөнінде жүгінуге құқылы. Мұндай келісімшарт бастапқы келісімшарттың аяқталуына дейін қалған мерзімге жасалуы мүмкін.

7. Егер белгіленген тәртіппен келісілген жобаларға сәйкес қалдықтарды орналастырудың жұмыс істеп тұрған полигондарына техногендік минералдық

түзілімдерді қоймаға қою орындарындағы өзге де қалдықтарды орналастыру көзделсе, осы Заңның 10-бабының 6-тармағы екінші абзацының ережелері оларға қолданылмайды.

8. Осы Заңның 71-бабы 4-тармағының ережелері, өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау құжаттары осы Заңда белгіленген тәртіппен бекітілген жағдайда, көрсетілген тармақ қолданысқа енгізілген күнге дейін құзыретті органға жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзартуға өтініш жасаған және ұзартуға келісім алған жер қойнауын пайдаланушыларға қолданылмайды.

9. Осы Заңның 95-1-бабының ережелері барлау, өндіру немесе бірлескен барлау мен өндіру жүргізуге бұрын жасалған келісімшарттарға қолданылады.

10. Осы Заңның 91-1-бабы 3 және 4-тармақтарының қолданылуы 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын.

Ескерту. 129-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.09 № 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.20 № 567-IV (2010.07.05 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 89-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

130-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң, 2010 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілетін 77-баптың 3-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Қазақстан Республикасының мына заңдарының күші жойылды деп танылсын:

1) "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 11, 76-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 11, 150-құжат; 1999 ж., № 21, 787-құжат; 2003 ж., № 6, 34-құжат; № 11, 56-құжат; 2004 ж., № 22, 131-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 16, 70-құжат; 2006 ж., № 16, 99-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 22-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат);

2) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 182-құжат; 1999 ж., № 11, 357-құжат; № 21, 787-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; 2004 ж., № 22, 131-құжат; № 23, 142-

құжат; 2005 ж., № 16, 70-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 16, 99-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 22, 170-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат).

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК